

63.497  
0-58



КАЗАК  
УНИВЕРСИТЕТИ  
БАСПАҮЙІ

**Ғ. Қ. ОМАРОВ**

# ПРАКТИКАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯ

**Оқу құралы**



**Алматы 2015**

65.481  
0-58

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғ. Қ. ОМАРОВ

# ПРАКТИКАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯ

Оқу құралы

Екінші басылым




31.49\*73  
А 44  
Алман, Р.Х.  
Электрлік энергетика  
инженериясы: Принциптері  
мен қосымшалары.- Алматы,  
2017.- 578б. 00т.  
673880

ӘОЖ 902/904  
КБЖ 63.4  
О-58

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*Оқу құралы «1157 МҚ ШҚО Күршім ауданының археологиялық  
ескерткіштері» ғылыми жоба қаржысына шығарылды*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Е. Елеуов**  
тарих ғылымдарының докторы **З. Самиев**  
тарих ғылымдарының кандидаты **А.З. Бейсенов**

**Омаров Ғ.Қ.**

О-58 Практикалық археология: оқу құралы / Ғ.Қ. Омаров.  
2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 138 бет.

ISBN 978-601-04-1016-9

Оқу құралында археологиялық нысандар орналасқан аймақтағы жер және құрылыс жұмыстары жүргізілу барысында мәдени қабаттарды зерттеу және сақтау бағытындағы заңнамалардың орындалу тәсілдері сөз болады. Зерттеу әдістері, археологиялық жұмыстардың насихатталуы қарастырылады. Қосымшада керекті заңнамалық құжаттар, нормативті құжаттар және т.б. үлгілері келтірілген.

Оқу құралы жоғары оқу орны тарих факультетінің оқытушылары мен бакалавр, магистранттарына, жас археологтарға, сондай-ақ оқушылар мен мәдениет, тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау саласы қызметкерлеріне арналған.

Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда Мемлекеттік  
университеті

КІТАПХАНА

Тіркеу

675692

ӘОЖ 902/904  
КБЖ 63.4

© Омаров Ғ. Қ., 2015  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

Берілген оқу құралы шаруашылық, қалалық және басқа да құрылыс жұмыстары кезіндегі мәдени қабаттары бар археологиялық нысандарды зерттеу барысында бүлінуге қауіп төнген жағдайда атқарылатын іс-шаралардың барысын, олардың түрлерін қарастырады.

Осындай оқу құралы соңғы жылдарда еліміздің барлық аймақтарындағы құрылыс жұмыстарының күрт өсіп, құлаш жаюы, жанадан мыңдаған шақырым мұнай және газ құбырларының тартылуы, теміржол мен автомагистральдардың салынуы мәдени құндылықтарымызды сақтап қалу қажеттілігінен туындап отыр. Сонымен қатар оқу құралының басты міндеті – зерттеушінің мәдени қабаттардың орналасуы туралы сараптама нәтижесі барысында алынған ең аз деген мәліметінің де ғылыми маңызы болуы мүмкін екендігін түсіндіру. Аса құнды мәліметтер ғылыми есепте нақты және толықтай көрсетіледі. Себебі, бұл құжат құрылыстың аяқталуы және мәдени қабаттардың жойылуынан кейінгі жалғыз тарихи бірден-бір дерек болып табылатындығында.

Құрылыс нысандарында жұмыс жасайтын археологтар алдында құрылыс жүретін аймақтарға түскен археологиялық ескерткіштерді тез әрі берілген уақытында жан-жақты зерттеу міндеті тұр. Қазақстанның көптеген қалаларында еліміздің әр аймақтарынан табылған жәдігерлер оқу орындарындағы музейлер, өлкетану мүйістерінің экспонаттары ретінде орын алған.

Қазіргі таңда далалық зерттеу жұмыстарына баса назар аударылу керек. Маман археологтардың квалификациясын өсіріп, археологиялық экспедициялардағы қазба жұмыстарына қатаң бақылау орнату қажет.

Сондықтан әртүрлі категориядағы археологиялық ескерткіштерді көп жылғы тәжірибеге және құрылыс аймақтарына түскен нысандарға сүйене отырып, оқу құралының авторы жас археологтар мен мамандардың назарына ескерткіштерді оқып, білудің қажеттілігін айтады.

Бүгінгі күн талабына сай заң шығарушы актінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып археологиялық нысандарға қатысты, оның ережелері мен колданулары, жобамен жұмыс жасау және құжаттарды безендіру де сөз болады.

## 1-бөлім. ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ ЗАҢНАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРЫНДАУ МЕХАНИЗМІ

Этностың өзіндік идентификациялануы мен қалыптасуын анықтауда маңызды рөл атқаратын тарихи-мәдени мұраларды сақтау мәселесі – Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы маңызды бағыттарының бірі.

Ескерткіштер дәстүрлі және тұрмыстық мәдениет құндылықтарын сақтау және көбейту арқылы ұрпақтарды байланыстыратын құрал болып табылады.

Олар мәдени мұраның құрылымдарының бірі ретінде маңызды әлеуметтік қызметтерді орындаумен қатар ғылым, білім және мәдениет дамуының мақсатына айналып, туған жерге деген сүйіспеншіліктің қалыптасуына, адамгершілік және эстетикалық тәрбиеге ықпал етеді.

Қазақ халқының әлемдік өркениет қазыналарының құрамына кіретін, мәдени құндылықтарға ие жәдігерлерінің көп ғасырлық тарихы бар. Ескерткіштердің саны мен әр алуандылығы жағынан Қазақстан Үндістан, Қытай, Жерорта теңізі және Таяу Шығыс елдерінің қатарынан қалмаған өзіндік ашық аспан астындағы мұражай болып табылады.

Көптеген археологиялық олжалар Қазақстан аумағын мекендеген – сак, сармат, ғұн, үйсін, қаңлы (б.з.б. бірінші мыңжылдық), кейінгі түркі қағанаттары, қарлұқ, оғыз, қыпшақ секілді ежелгі тайпалардың отырықшы-егінші және көшпелі мәдениет өркенінің дамуы жоғарғы деңгейде болғандығын дәлелдейді.

Қазақстанның мәдени мұрасы өзіне осы мекенде өмір сүрген барлық халықтардың әртүрлі мәдени құндылықтарын жинаған. Оның құрамына тарих, археология, архитектура мен монументальдық өнердің 25 мыңға жуық жылжымайтын ескерткіші, мәдени құндылықтардың 2 млн. 56 мың бірлігі, экспозиция мен қор құрамындағы 89 мемлекеттік мәдени жүйедегі мұражайлар,

66 млн. 840 мың томдық кітаптар, мәдениет жүйесіндегі 3495 мемлекеттік кітапханаларда сақтаулы тұрған сирек кездесетін қолжазбалар мен шығармалар кіреді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі қабылданған алғашқы заңдарына «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» заңы (1992 жылдың шілдесі) және «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңның бұзылуына байланысты қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің күшеюі туралы» заңы (1993 жылдың қазаны) жатады.

Әлемдік Мұралар Орталығының ұсынысымен Қазақстан Республикасындағы екі нысан – Қожа Ахмет Иассауи кесенесі мен Алматы облысындағы Тамғалы петроглифтер кешені әлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

Тарихи-мәдени мұраларды сақтауға байланысты 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаннан кейін «Мәдени мұра» бағдарламасына Ресей, АҚШ, Жапония, Германияның зерттеушілері қатысты.

Оның негізгі мақсатына: ұлттық мәдениетте маңызды орын алатын, тарихи-мәдени ескерткіштердің бөлігін қалпына келтіру, фольклор, дәстүр мен ғұрыптарға байланысты ауқымды мәдени мұраның зерттелуінің тұтас жүйесін құру, әлемдік мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілде толыққанды қорын құру жатады.

Бағдарламаның осы мақсаттарға байланысты қалыптасқан міндеттеріне Ақмола облысындағы Бұзқоқ, Алматы облысындағы Есік, Талғар обалары, Қойлық қалалары, Атырау облысындағы Сарайшық қаласы, Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті, Берел обалары, Жамбыл облысындағы Ақыртас қаласы, Қарағанды облысындағы Талдысай, Кент, Айбас-Дарасы қонысы, Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай қоныстары, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Жуантөбе, Сауран, Созақ, Отырар қалалары секілді ежелгі, ортағасырлық қоныстарды зертеу және археологиялық қазба жүргізу кіреді.

Бағдарламада Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерін реставрациялау мен консервациялауға көп көңіл бөлінеді, себебі Қазақстанның ұлттық тарихы үшін маңызды көптеген

тарихи, археологиялық және архитектуралық нысандары шұғыл жәрдемді қажет етеді.

Осының барлығын есепке ала отырып, бағдарламаға реставрациялау мен қалпына келтіруді қажет ететін Қазақстанның 20-ға жуық негізгі тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіші кіргізілген.

### 1.1. Тарихи-мәдени құндылықтар құқықтық категория ретінде

Қазақстан Республикасының мәдени мұраны сақтауға деген қызығушылығы Қазақстан Республикасы Конституциясының нормативтік актілерінде, қылмыстық кодекс пен құқық бұзушылық заңдарында, «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-III Қазақстан Республикасының Заңы (2010.30.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы 1992 жылғы 2 шілдедегі № 1488-XII Қазақстан Республикасының Заңы (2010.19.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), «Қазақстан Республикасының заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу» туралы тарихи-мәдени мұраларды қорғау заңдарында белгіленді.

«Мәдени құндылықтар» түсінігі философиялық, мәдени, заңдық және т.б. көзқарастар тұрғысында қарастырылады: ЮНЕСКО-ның «Қарулы қақтығыс кезіндегі мәдени құндылықтарды сақтау» конвенциясындағы жылжымалы және жылжымайтын құндылықтар негізіне: архитектуралық ескерткіштер, өнер, тарих, діни, археологиялық орындар, архитектуралық ансамбльдер, өнер туындылары, қолжазбалар, кітаптар, бейнелеу өнерінің, тарихи немесе археологиялық маңызды заттар, ғылыми немесе маңызды кітаптар жинағы, мұрағаттар материалдары, сонымен қатар жылжымалы мәдени құндылықтарды сақтайтын және мәдени құндылықтар көптеп кездесетін ғимараттар мен орталықтар жатады.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32-бабына сәйкес мәдени құндылықтарға:

1) археологиялық олжалар (кәдуілгі және құпияларын қоса алғанда) және археологиялық жаңалықтар;

2) өсімдіктер мен жан-жануарлардың, минералогияның, анатомияның сирек коллекциялары мен үлгілері және палеонтология үшін қызығушылық тудыратын заттар;

3) ғылым мен техника тарихын, соғыстар және қоғам тарихын қоса алғанда, тарихқа қатысты, сондай-ақ ұлттық ғылым, мәдениет пен өнер қайраткерлерінің, ойшылдардың, ғалымдардың және артистердің өмірімен және ірі ұлттық оқиғалармен байланысты құндылықтар;

4) жекелей немесе коллекциялардағы, айрықша қызығушылық тудыратын сирек қолжазбалар, көне кітаптар (тарихи, көркем, ғылыми, әдеби), құжаттар және басылымдар;

5) жекелей немесе коллекциялардағы пошта маркалары, салықтық және осы тәрізді маркалар;

6) қорытпасына немесе дайындалған металына қарамастан, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының тиындарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттердің дайындалғанына жүз жыл болмаған тиындарын қоспағанда, тиындар, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық материалдар;

7) көне және бірегей музыкалық аспаптар;

8) дыбыс, фото, бейне, кино мұрағаттарын қоса алғанда, мұрағаттар, мұрағат қорлары мен коллекциялар, сондай-ақ ғылыми-техникалық құжаттама;

9) тарихи-мәдени маңызы бар өнер туындылары;

10) этнографиялық, антропологиялық, этнологиялық және палеонтологиялық материалдар;

11) айрықша тарихи және мәдени құндылығы бар, жасалғанына жүз жылдан асқан көне заттар;

12) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғам және мемлекет дамуымен, ғылым мен техника тарихымен, сондай-ақ көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер, соның ішінде мұражай заттары және мұражай коллекциялары;

13) кез келген негіздегі және кез келген материалдан жасалған қол жұмысының полотнолары, картиналар және суреттер түріндегі көркем құндылықтары (сызбаларды және өнеркәсіп бұйымдарын, қолдан жасалған әшекей заттарды қоспағанда);

14) мүсін өнерінің кез келген материалдан жасалған соны туындылары;

15) бірегей гравюралар, эстамптар және литографиялар;

16) бөлшектенген көркем және тарихи ескерткіштердің және археологиялық орындардың құрамдас бөліктері жатады.

«Мәдени құндылықтар» термині өзінің дамуын, өркендеуін ЮНЕСКО-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы) концепцияларынан алды.

Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді. ЮНЕСКО қаулысы Лондон конференциясында 1945 жылдың қарашасында қабылданып 1946 жылдың 4 қарашасында қабылдауы туралы қол қойған 20 мемлекет актілерін сақтауға өткізгеннен кейін күшіне енді.

2009 жылдың қазан айына сәйкес ЮНЕСКО ұйымына 193 мемлекет мүше және 7 мемлекет серіктес мүше дәрежелеріне ие.

ЮНЕСКО негізгі мақсаты – бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту.

Мақсатына жету үшін ЮНЕСКО бес негізгі функцияларды жүзеге асырады:

- болашағы бар, келешекте адамзатқа керек білім, ғылым, мәдениет пен байланыс формаларын зерттеу;
- білімді ғылыми зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып, таныту, алмасу, таратумен айналысу;
- заңнамалық іскерлікпен: ұсыныстарды іске асыруға міндет болатын халықаралық актілерді дайындау және қабылдау;
- мүше-мемлекеттерге «техникалық ынтымақтастық» түрінде жобалар жасау мен дамыту салаларындағы саясатын анықтауда эксперттерінің қызметтерін ұсынады;
- арнайы ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

Көне ғасырлар қойнауынан бастау алатын төл тарихымызды сан қырынан жарқырата көрсетіп, асылдарымызды тарих тереңінен

аршып алуымыздың, асыл мұраларымызды жинақтаудың басы болған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Бұл бағдарлама еліміздің мәдени мұраларын сақтауға, пайдалануға және зерттеуге, тарихи-мәдени салт-дәстүрлерді қайта қалпына келтіру, тарихи және мәдени ескерткіштерді қайта өңдеу қалпына келтіру, мұражайға айналдыруға байланысты негізгі аспектілерді анықтайды. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің тізімдері қайта қаралып, нақтыланды.

Біздің ел 1994 жылы бүкіл әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау конвенциясына қосылған, соның нәтижесінде Қазақстан ЮНЕСКО жөніндегі ұлттық комиссия арқылы бүкіл әлемдік мұра орталығына ұлттық мұраға жататын он ескерткіштің номинациялық құжатын енгізді. Олардың қатарына:

- Иасауи сәулет кешені;
- Яссы Түркістан қалашығы;
- Тамғалы петроглиф кешені;
- Мерке зиярат орны;
- Беғазы-Дәндібай, Тасмола қорғандары;
- Ешкіөлмес петроглифтері;
- Арпаөзен петроглифтері;
- Қаратау геоморфологиялық кешені;
- Отырар ескерткіштері;
- Ұлытау тарихи-мәдени ландшафты кіргізілді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда тарихи, археология, сәулет және мүсін өнерінің жылжымайтын ескерткіштері 25000 астам, 11000 кітапхана, 215 мұрағат, 161 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық мұражай ел игілігіне қызмет етуде.

«Мәдени мұра» бірінші стратегиялық жоба аясында 40 археологиялық және 26 ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізілді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, АҚШ және Еуропа елдеріне жасалған ғылыми іздестіру экспедицияларының нәтижесінде елімізге 5 мыңнан астам тарих, этнография, өнерге қатысты аса құнды мұрағаттық құжаттардың қайтарылуы ұлт тарихындағы «ақтаңдақтардың» орнын толтыру ісіне зор серпін берді.

«Жылжымалы мәдени құндылықтар» термині кең мағынасында ЮНЕСКО-ның тыйым салынған және ескертілген заңсыз

мәдени құндылықтарды шығару мен оларды қайтару жөніндегі құжаттарда қолданылады.

Археологиялық құндылықтар мәдени және табиғи құндылықтардың құрамдас бөлігі ретінде жеке категорияға бөлінеді. Археологиялық құндылықтарға жылжымалы және жылжымайтын материалдық мәдениеттер жатады. Зерттеу үшін археологиялық ғылымда қолданылатын арнайы әдістерді қолданады.

## 1.2. Қылмыстық-құқықтық аспект

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «тарихи-мәдени құндылықтар» нақты заңды түсінік. Тарихи-мәдени құндылықтарға тек мәдени заттар ғана, яғни мемлекеттік тіркеуге алынған және мемлекеттік тізімдегі заттар (жылжымалы тарихи және мәдени ескерткіштер) кіреді.

Ғасырлар тезінен өткен сол мол мұраларымыз маңыздыларының санатындағы еліміздің өткен тарихынан сыр шертетін археологиялық ескерткіштері еліміздің мәдени құндылықтарының бағалауға лайықты қомақты бір бөлігі болып саналады. Ал осы ескерткіштерді қорғау және сақтау мәселесі дәл қазіргі таңда қандай дәрежеде? Бұл мәселеде ауызға толтырып айтатындай қандай шаралар іске асуда?

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1917 жылы жерге деген жекеменшіктің жойылуы негізінде археологиялық құндылықтарды қорғау жалпымемлекеттік деңгейде бағыт алғанымен, алайда археологиялық ескерткіштерді қорғау жүйесі нақты бір бұлтартпас нәтиже беретіндей жолға қойылмады. Тарих және архитектуралық ескерткіштерге қарағанда, археологиялық құндылықтарымызды қорғау мемлекеттік археологиялық қорғау қызметі құрылмағандықтан, әрі оны қорғау туралы нақты заңдастырылған әдістемелік нұсқау құжаттарының болмауы іске асыруда нақты нәтиже бере қоймады.

Дегенмен, археологиялық ескерткіштерді картаға түсіру, төлқұжатын жасау, мемлекеттік қорғауға алып, тіркеу, қорғауға бағытталған барлау және қазба жұмыстары өз уақытында оң нәтижелер бергенін әсте жоққа шығаруға болмайды.

Археологиялық нысандарды рұқсатсыз (лицензиясыз) қазушылармен күрес елімізде әлі дұрыс жолға қойылмаған. Қылмыскерлер мағлұматтарды архивтік деректерден, соңғы уақытта шыққан облыстық, аудандық археологиялық ескерткіштер жиынтығы тізімінен алады. Сондықтан да ескерткіштердің нақты координатасын көпшілікке тарайтын жинақтарда көрсетпеген абзал. Археологтар ескерткіштерді тіркеуге алғаннан кейін оның нақты орынын (GPS арқылы алынған) арнайы орындарға ғана тапсырса құба-құп болар еді. Археологиялық мұраларды тонаушылар ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін өздерінің заңсыз зымиян әрекеттерінде кеңінен пайдалануда. Спутниктік түсірілімдерді ғаламтордан алғаннан кейін тонаушылар металлодетекторлардың көмегімен археологиялық ескерткіштерде алтын қапсырмалардан бастап, ескі теңгелер мен әшекейлерді және т.б. құнды жәдігерлерді рұқсатсыз қазып алып, заңсыз нарыққа шығарып, оларды бұзуда. Заңсыз қазбалар жүргізуге қатысатындар негізінен археологиялық тәжірибеден өткендер, музей жұмыскерлері мен ғылыми қызметкерлер болып келеді. Тонаушылар негізінен алғанда антиквариат иелерімен, коллекционерлермен тығыз байланыс жасайды.

Тарихи-мәдени мұраларға қарсы қылмыскерлерге:

- тарихи және мәдени ескерткіштерді ұйымдасып, немесе байқаусыздан құртқандар;
- тарихи және мәдени ескерткіштерді байқаусыз немесе ұйымдасқан күйде зақымдау;
- мәдени құндылықтарды заңсыз түрде пайдалану.
- тарихи-мәдени құндылықтарды арнайы рұқсатпен еліміздің шекарасынан уақытша сыртқа шығарып қайтадан әкелмеу;
- тарихи немесе бейнелеу өнеріне қатысты заттарды тартып алу жатады.

Құртылған немесе зақым келтірілген тарихи және мәдени ескерткіштер жарамсыз саналады.

«Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану заңдылықтарын бұзудағы қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы» 1993 жылғы 23 қарашадағы №2493-ХІІ Қазақстан Республикасының Заңының «Тарих және мәдениет ескерткіштерін

немесе табиғи нысандарды жою, қирату және бүлдіру» туралы 216-бабында мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарды ауыр жағдайларға әкеле отырып, абайсызда жою, қирату және бүлдіру – бір жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен немесе екі жылға дейінгі мерзімдегі еңбекпен түзету жұмыстарымен немесе оннан елуге дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салумен жазаланады.

Мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарға әкімшілік шара қолданылған уақыттан кейінгі бір жыл ішінде қысым көрсету – үш жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен, немесе екі жылға дейінгі мерзімдегі еңбекпен түзету жұмыстарымен немесе жиырмадан жетпіске дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салумен жазаланады.

Мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарды әдейі жою, қирату немесе бүлдіру – үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен, немесе екі жылға дейінгі мерзімдегі еңбекпен түзету жұмыстарымен жазаланады.

Осы баптың үшінші бөлімінде көрсетілген, қайталанған немесе ауыр жағдайларға әкелген әрекеттер – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен жазаланады.

Кейбір ТМД елдерінде мәдени құндылықтарды ұрлаған жағдайға құқықтық жауапкершіліктер қарастырылған.

### **1.3. Жергілікті және құрылыс жұмыстары кезіндегі археологиялық нысандарды қорғау ережесі**

Алдағы мемлекеттік заттарды тіркеу, қорғау, археологиялық мұраларды пайдалану мақсатымен құрылыс жұмыстары кезіндегі археологиялық нысандарды қорғау туралы құжат бар. Ол мемлекеттік органдардың құрамын, жергілікті және құрылыс жұмыстары кезіндегі археологиялық нысандарды қорғау туралы шараларды бекітеді. Бұл шаралар археологиялық ескерткіштердің шаруашылық және құрылыс нысандарына түскен жағдайда тіркеуге алынып зерттелуі керек. Ережеде археологиялық нысандардың шекарасы туралы түсініктеме беріледі:

**Археологиялық нысандар** – адамдардың тіршілік әрекетінен бастап жаңа тарихтың басталғанына дейін және арнайы археологиялық әдістердің негізінде пайда болған материалдық нысандар мен оның кешендері. Бұған ежелгі бекінісі бар (қалашық, қамал) және бекінісі жоқ (тұрақтар, ауылдар) қорғандар, транспорттық жолдар, мәдени орындар (қасиетті жерлер, жазуы, суреті бар тастар) және т.б. жатады. Археологиялық нысандардың шекарасын жер бөлігі құрайды.

**Археологиялық нысандардың қорғалған аймағы** – археологиялық нысанға Мемлекеттік тізімнің тарихи-мәдени құндылықтар қатарына кіргізілген археологиялық объектіге «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі № 1488-ХІІ Заңы және «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану заңдылықтарын бұзудағы қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы» 1993 жылғы 23 қарашадағы № 2493-ХІІ Қазақстан Республикасының Заңы қолданылады.

Құқықтық және физикалық тұрғыда адамдардың жер және құрылыс жұмыстарын жүргізу Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің арнайы шешімімен пайдалануға болады. Соның нәтижесінде бұл объектіні пайдалану мен қорғау жұмысы қарастырылады.

Арнайы ереже археологиялық объектердің өңдеу және қорғау жағдайларын жасау сұрақтарын зерттейді. Бұл археологиялық объектілер қалаларды дамытудың бас жобасына және т.б. жағдайларда, қала салу жобасына және т.б. жобалар кезінде қолданылады. Сонымен қатар іс-шаралар жиынтығы қарастырылған. Оларға:

- жобаланған құрылыс кезіндегі аумақтағы барлық жұмыс түріне шектеу қою;
- құрылыстың аумағын өзгерту;
- археологиялық объектінің инженерлік күзетін құру;
- археологиялық объектілерді ғылыми зерттеу;
- жер және құрылыс жұмысы кезіндегі күзет жұмысына археологтың бақылауы;
- Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын қорғау



және басқа да құрылыс жиынтығындағы археологиялық объектерді консервациялауды қарастыру;

- жер және құрылыс жұмысы жүргізілетін объект;
- құрылыс аумағына кіретін тарихи-мәдени мұраның аты;
- бұл жұмысты атқарушы ұйым мен ғылыми зерттеудің мінездемесі;

– тарихи-мәдени құндылықтағы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген және бұл жұмыс кезіндегі оны сақтауға жауапты адам жатады.

Барлық тарихи-мәдени құндылықтардың қатарында күзету аймағының бірнеше түрі бар:

– қорғау аймағы – бұл бұрын болған немесе жағдай жасалғаннан басқа, барлық жаңа құрылыстарға тиым салынатын аумақ;

– жүйелеуші құрылыстың аймағы – оның режимі жаңа құрылыстың габаритын, шаруашылыққа негізделген объектілерді шектейді (ұзақтығы 100-300 м).

– қоршаған ортаны қорғау аймағы – оның аумағында жеңіл шаруашылық, ауылшаруашылық қызметтерінен басқа барлық жаңа құрылыстарға тыйым салынған;

– мәдени қабатты қорғау аймағы – ол көне тарихтың ақпараттын сақтайтын арнайы қуатты мәдени жинақталған қалаларда жасалынады. Қорған зираттарын қорғау зират шетінен бастап, қорғанға дейін 50 м созылған. Ал жеке қорғандарда – 15-20 м.

Қазақстан қалаларының тарихи құрылысының регенерациясымен қатар тарихи-мәдени объектілердің қорғауын өңдеу жұмысы нәтижесінде қалалардың тарихи орталықтарының аудандарына арналған мәдени қабаттың таралу аумағы мен шектеу мінезін негіздеу қолданылды.

Көне аймақтар мәдени тұрақтанудың арнайы қалың қабаты болған. Мысалы, органика жақсы сақталған қабаттың қалыңдығы 6-8 м-ге дейін болады. Ал алшақ орналасқан көне қалалардың мәдени қабатының қалыңдығы аздау болып келеді. Алайда, бұл жағдай үнемі сақталмайды. Мәдени қабаттың тарихи құндылығын көрсету кезінде, жинақтаудың қуаты көне объектілердің орналасуына тәуелді.

Қаланың мәдени қабатының қорғау зонасының жобасын құру кезінде археолог қол жетімді деректерді зерттеу керек, тарихи

орталықтың дәл тексерісін өткізу керек, архитектураның бар ескерткіштеріне археологиялық ақпараттарды толықтай біріктіру қажет. Кейін қаланың заманауи жобасын оның тарихи орталығымен біріктіріп, ондағы бар мәліметтер арқылы мәдени қабаттың қорғау зонасындағы жеке жер аумағының режимін анықтауға болады. Сол себепті де, мәдени қабаттың қорғау аймақтары қаланың тарихи орталығының көлемінде бақылауда болуы қажет.

Қала салу қызметі мемлекеттік орталықтармен және қоғамдық орталықтармен жүйеленеді. Олардың бірі қаланың дамуы үшін және тарихи орталығы үшін жауап берсе, басқасы субъектілердің қызметін бақылайды. Сол себепті мәдени қабаттың қорғалу қызметі бақыланып отырылады. Екі жақтың байланыса бірігіп қызмет етуі арнайы заңмен негізделеді. Әсіресе, Қазақстан Республикасының «тарихи-мәдени тұрғындарды қорғау», «Архитектура жайлы», «Қала салу қызметі» жайлы заңдарында көрсетіледі. Өзара келісімге келу үшін, баға беру үшін қала салу қызметінде екі жақты да тең қарастырған заңды күші бар жоспарлар қолданылған. Оған күзет аймағы, бас жоспарлар кіреді.

Тарихи-мәдени тұрақты қорғау заңы ауданды жоспарлардың жобаларын өңдеуін шектеу, қалалар мен басқа тұрақтарды дамыту және қайта құру жұмысын қарастырады. Қорғау аймағын құруда түрлік қателіктері де бар:

– қорғау зонасының шекарасын дәл анықтамау (жергілікті орындарда жүйелі жобалауға шекаралар бекітілуі тиіс. Оның графикалық фиксациясын мәтіндік түрде суреттеу керек);

– қорғау зонасын қорғалатын нысанның жүйесін біріктіру;

– қорғау аймағының ұсынымдық және түсініктемелік режимінің түсініктемесі.

Қазақстан қалаларының тарихи орталығының жағдайын қарар кезде халықаралық құжаттардың методикалық түріне сай бақылау қажет. Оған ЮНЕСКО-ның ұсынысы жатады. Ол археологиялық қазбалардың халықаралық регламентін (1956), орындардың құндылығы мен ескерткіштерді қайта өңдеу мен консервациялаудың жұмысы (1987), археологиялық тұрақтарды қорғау мен қолдану туралы хартия (1996) сияқты бірқатар құжаттар кіреді.

**Бакылау сұрактары:**

1. «Мәдени құндылықтар», «мәдени мұра», «археологиялық мұрағаттар» түсінігі халықаралық және республикалық құжаттарда қандай мағына береді?
2. Тарихи-мәдени мұраға қарсы қылмыс түрлері және олармен күресудің қандай жолдарын білесіңдер?
3. «Құрылыс және жергілікті қазба жұмыстарын жүргізу кезіндегі археологиялық нысандарды қорғау» жағдайына сипаттама бер.
4. «Қаланың тарихи орталығы» дегеніміз не? Қаланы құру қалай жүргізіледі?
5. Қорғалатын аймақтардың қандай түрлерін білесің? Мәдени қабаттарды қорғау аймағы нені білдіреді?
6. Мәдениет ескерткіштерін бұзғаны үшін қандай жауапкершілік көзделген?

## 2-бөлім. АРХЕОЛОГИЯ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ КЕЛІСІМШАРТТЫ БЕКІТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫНДАЛУ ШАРАЛАРЫ

### 2.1. Ескерткіштерді қорғауға байланысты шаралар

Шаруашылық қызметтегі өзгерістер қоршаған ортаның көптеген археологиялық ескерткіштерін құртуға алып келеді. Ал, мұндай жәдігерлердің кейбірі есепке тіркелмесе, біразы мүлдем табылмаған. Ескерткіштерді сақтау үшін археологиялық жұмыстардың ғылыми ұйымдастырылуы және фиксацияның, ғылыми-зерттеулердің дұрыс жолға қойылуын қатаң қадағалау қажет. Жыл сайын аудан, облыстарда археологиялық ескерткіштерді тексеру әрі жаңасын анықтау үшін арнайы жұмыстар жүреді. Алынған ақпараттар ғылыми есепке кіреді, кейін тарихи мәдени тұрақты қозғаушы ұйымға жеткізіліп, кейінгі бұл ескерткіштердің жағдайының амандығы қарастырылады. Бұзу, орын ауыстыру, ескерткіштің қалпын өзгерту жұмыстарын жүргізу үшін оларды нақты әрі толық зерттеу жұмысы мен фиксациясы жүруі қажет. Сол себепті құрылыстың, жолдың, т.б ескерткіштерді құртатын жұмыстар тарихи-мәдени тұрақты қорғаушы ұйым мен арнайы мамандандырылған археологиялық мекемелер мен орталықтардың келісуімен жүзеге асуы керек.

Ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ету әртүрлі арнайы іс-шаралар өткізу жайымен түсіндіріледі. Сол арқылы ескерткіштің жай күйі, олардың бұзылуына әсер ететін жағдайлар анықталады. Бұл жұмыс құрылыс орны мен ғылыми өңдеу орнының бірігіп істеген жұмысы болып табылады.

Құрылыс және археологиялық ескерткіштерді сақтау, іс-шараларды жүргізу бойынша Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің еншісінде.

Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда Мемлекеттік  
университеті  
КІТАПХАНА

Тіркеу

675692

Археологиялық ескерткіштерді қорғау іс-шарасының біріккен мәселелері төмендегі тұрғыда негізделеді:

- сақталуы құрылыс жұмысы кезіне немесе арнайы жағдайларға байланысты бүлінетін барлық археологиялық ескерткіштерді анықтау және тексеру;

- құрылыс және оның жағдайлары нәтижесінде болған шығынның мөлшерін анықтау;

- анықталған археологиялық ескерткіштерді сақтау, олардың техникалық маңыздылығын анықтау, экономикалық мақсатын, тағайындайтын тәсілдерін таңдау;

- археологиялық ескерткіштерді сақтау, жұмысының бағасы мен көлемінің жұмысын анықтау;

- археологиялық ескерткіштерді сақтау іс-шараларының нақты уақытын анықтау;

- археологиялық ескерткіштерді сақтау жұмысымен айналысатын арнайы мамандандырылған ұйымды анықтау.

Кейін бұлардың бәрі тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы және маманданған археологиялық ұйымның арасында келісіледі, жобаға қосылады.

**Лицензия. Археологиялық зерттеу келісімі.** Қазақстан Республикасындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмысын ғылыми реставрациялық ұйымдар, мұражай мен мемлекеттік мекемелер, яғни қазба жұмыстарын жүргізу құқығына ие «Лицензиясы» бар арнайы археолог мамандар жүргізеді.

«Лицензияда» қызмет, жұмыс орны, аты жөні, тұрғын орнының аты, зерттеу орнының аты, жұмыс түрі көрсетіледі. «Лицензияға» тапсырыс берген ұйым, археологиялық зерттеудің сапасына жауапты болады және орындаушының мәлімдемесін тапсырады. Егерде бұл ереже сақталмаса, немесе қойылған талаптар орындалмаса, бұл ұйымды «Лицензияны» алу құқығынан айырады. «Лицензияны» алған ұйымның археологиялық зерттеуді жасау жұмысы бұл құжатты көрсеткен соң ғана жүргізіледі. Сонымен қатар жер және құрылыс жұмыстарын жүргізбестен бұрын тапсырыс беруші рұқсат алуы қажет. Ол үшін тапсырыс берушіге Археология институты мен тарихи мәдени ескерткіштерді қорғауды ұйымдастыру ұйымымен келісім орнатудан басқа, мыналар болу керек:

- Құрылыс жүргізу үшін рұқсат берілген мемлекеттік басқарманың жергілікті орындау ұйымының шешімі;

- жер ауданын жекешелендіру құқығының мемлекеттік актісінің көшірмесі немесе жер ауданын уақытша пайдалану құқығы;

- жобалық сметалық құжаттың, мемлекеттік сараптамалық негіздемесі;

- құрылыс монтаждық немесе арнайы жұмысты жүргізу ұйымы құқығының лицензиялық көшірмесі.

Бұл құжаттар болмаса, кез келген құрылыс жұмысы заңсыз болып есептелінеді және тоқтатылады. Археолог-маман бұл жұмысқа тек осы құжаттарды заңдастырған кезде ғана кірісе алады.

## 2.2. Қорғау келісім жұмысын жүргізу қажеттілігі және олардың түрі

Археология ескерткіштері жататын тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі тек тарихи-мәдени мұралар заңнамасында ғана емес, Қазақстан Республикасының техникалық нормативтік мекемесінде жүргізіледі. Тарихи-мәдени мұраларды қорғау жайлы сұрақтар «Табиғатты қорғау» бөліміне кіретін байқау арқылы, құрылыс кезіндегі табиғатты қорғау заңдылығын орындауды уақыт белгілейтін құжаттармен археологтар танысуы керек. Тәжірибелік қызметте археолог бүкіл жобалар келісетін бөліммен байланыста болуы керек. Олар тарихи-мәдени мұраны қорғауға жауапты болып келеді.

Тапсырыс берушілер қатарына қорғау шараларын өткізетін кезде тек құрылыс қана емес, жобалы реставрациялық ұйым, республиканың аудандары мен облыстарының мәдениет бөлімі мен басқаруы атқара алады.

Осындай тапсырыстар архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру, мерейтойлық іс-шаралар музейлік коллекцияны жаңартуды қажет ететін археологиялық ескерткіштерде жасалуы негізделеді.

Сонымен қатар мәдениет бөлімі ауданның мұражайы мен археологиялық коллекцияны жүйелеу қажеттілігіне байланысты орталықпен келісімшартқа отырады. Кейде қаржының тапшылығы

мәдениет орталығына арнайы бөліммен келісімшартқа отыруға мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдайда археологиялық мәліметтерді жинақтаудың бастапқы кезінде мәдениет бөлімі арнайы маман археологпен аумақтағы территорияларды зерттеу үшін келісімге отырады. Археологтың міндетіне қазба жұмыстарын жүргізу, мәліметтерді өңдеу және ғылыми мәлімдеме беру жатады. Коллекция қосылған мәлімдеме мұражайға келіп түседі.

Жобалы реставрациялық ұйымдар өз штатында археолог болмаған жағдайда келісім бойынша реставрация объектісіне арнайы мамандарды қабылдайды. Археолог дайындаған мәлімдемелер, жобалы реставрациялық құжатқа кіреді және «Ашық қорғауға» байланысты жобалар мәлімдемесін археолог арнайы археологиялық зерттеу мекемелеріне береді.

Археологиялық зерттеулердің келісімшартында дайындалған жер мен арнайы орындағы құрылыс жұмыстары жайлы ақпарат болады. Осындай ақпараттар негізінен облыс, аудан, қаланың бас архитектурасында болады.

Арнайы территорияда істейтін археологтың билік органдарымен, архитектура басшылығымен, жобалық ұйымдармен қатынасы болу керек. Соңғы кездері жеке кішігірім тапсырыстар орындаушы фирмалар көбейіп кетті. Тапсырыс берушінің зағтарын үнемдеу үшін олар құрылыс және реставрациялық жұмыс кезінде оларды қоспай, археологиялық ескерткіштерді қорғау заңдылығын қарастырмайды, сонымен қатар мұндай фирмалар архитектуралық объектілерге оң көзбен қарамайтын кезде болады. Соған қарамастан олар реставрация жұмысымен айналысады. Тағы бір қиындық бар. Көбінесе жобалық ұйымдар бұл жобаны өмірге әкелуде археологиялық ескерткішке зиян келтіретінін біле бермейді. Мәдени қабаттағы қарапайым жобалық жұмыстар саябақ территориясын тұрақтандыру, жүргінші жолды ауыстыру, жарықтандыру, субұрқаларды құру, демалыс орындықтарын, баспалдақ орнату жұмыстарын қажет етеді. Бұл жұмыстарды атқару кезінде жер қатпарларын қазу, ескі ағаштарды үскіріктеу, су құбыры жүйесінде орларды қазу шаралары да өткізіледі. Нәтижесінде қаланың мәдени бөлігіне жататын бұл территориялардың жай-күйі бұзылады. Мәдени қабат бұзылып, араласып ауысады, кейін жоба құрушылар мен құрылысшыларды

0,5-1метр тереңдіктегі мәдени қабатты қазудың өзі ғылыми негізін құртатынына сендіру қиын болады. Сол себепті тек қабаттың сақталуына азғана зиянын тигізетін жұмысты жасау керек.

Екінші тапсырыс берушіге, жобалаушыға, құрылысшыларға ыңғайсыз болатын жұмыс газ және су құбырын қайта қазу болып табылады. Су каналдарын, газ құбырларын жөндеу мен қосымша аумақтар қосу, траншеялар қазу археологиялық бақылауды қажет ететінін су және газ шаруашылығы мамандарына түсіндіру қиын. Олар бұған дейін де бұл жерлерде жөндеу жұмыстарын жүргізгенін алдыға тартып келісімшарт жасаудан қашқақтайды. Мұндай жұмыстарға тез бітіп кетуін көздеп келісім жасауға жергілікті билік орындары да тосқауыл қоюға барынша тырысады. Әрине, қалада интенсивті шаруашылық-коммуналдық жұмыстарын жүргізу қажет. Алайда үнемі жүргізілетін жер жұмыстары зерттеушіге жаңа мәдени қабаттардың ашылуы, ғылыми ақпараттардың қордаланына мүмкіндік береді. Сондықтан да археолог мұндай мәселеде ұстаған бағытынан танбай, бірбеттілік көрсетіп, келісімшарт жасау арқылы өз ұстанымы үрдісінен шығуы керек.

**Археологиялық жұмыстарды жоба жасаумен байланыстыру.** Тапсырыс берушіден жерді өңдеу және құрылыс жұмыстары туралы қажетті құжаттарды алғаннан кейін, берілген объектідегі археологиялық зерттеуді қорғау туралы келісім жасалады.

Ереже бойынша, бірінші кезектегі келісімшарт қатынасы құралдарға басшылық жасайтын және лимиттеумен айналысатын, жобалы-сметаның құжаттауын орындайтын жобалаушы ұйым, яғни тапсырыс беруші ұйыммен жүргізіледі. Тапсырыс берушінің өзінің өндірістік күші болмағандықтан, объектіні салатын құрылыс ұйымымен де келісімшарт жасасады. Күзету қызметін атқарушы ғылыми немесе басқа да ұйымдар дәл осылай тапсырыс берушімен келісім шарт жасайды.

Келісімшарт дайындау барысында, археолог құжаттар қатарын білуі қажет. Істе жүрген құжаттар нормативіне сәйкес, жобалау жұмыстары әрқайсысында өзіне сай анықталған тапсырмалары бар кезеңдер қатарынан тұрады. Жобалау жұмысының құрылымы объектінің спецификасына байланысты әртүрлі болып келеді. Көбірек таралғаны келесі нұсқалары:

– техникалы-экономикалық негіз (ТЭН) және бір стадиялы (істегі жоба) жобалау көбінесе қатардағы жобалау ретінде болады;

– ТЭН және екі сатылы (жоба және істегі құжаттар) жобалау ірі объектілері болады;

– бір реттік жобалау – үлкен емес объектіге жобалы-сметалы құжат дайындау негізінде жүзеге асады.

Қандай жағдайда да осы кезеңдердің жобалануына жұмыстың басы негізінде техникалық (немесе архитекторлы-жоспарлау) тапсырма беріледі. Осындай тапсырма құрамында мыналар болу қажет: объектінің атауы, келісімнің нөмері, жобалаудың стадиясы, орналасуы және шекарасының көлемі туралы мәлімет, жер телімі, тас жолдар немесе олардың бәсекеге қабілетті нұсқалары, құрамына ену шарттары, уақыты мен есеп беру материалдарын тапсырыс берушіге көрсету ережесі және т.б. объектіге қажетті мәліметтерді айтуға болады.

Техникалық тапсырма мәтініне «техникалық құжаттау» ұсынылды, дұрыс және тура құрамын анықтау және іздестіру жұмыстарының көлеміне қажет: топографиялық жоспарлар және карталар, бас жоспар, шекара көлемін көрсеткен схема, жер телімі, іздеу жолы, инженерлі коммуникация, құрылыс және тұрған және жобаланған ғимараттардың орналасқан контуры.

Барлық осы құжаттар негізінде археологиялық іздестіру-зерттеу бағдарламасы құрылады. Іздестіру мақсатында, құрамы, көлемі, әдісі, технологиясы және жұмыстың дұрыс орындалуы, есептік материалдардың дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз ету, сонымен бірге, жұмыстың тиімді құрылуына қойылған уақытта іздеудің бітуін қадағалау. Аталған бағдарлама тапсырыс берушімен техникалық құжатқа сәйкес келуімен келісіледі, есептік материалдарды ұсыну уақыты да анықталады.

Техникалы-экономикалы саты негіздеуі – жобалау кезеңінің біріншісі болып табылады (жобалау алдындағы саты). Бұл сатыда болашақ құрылыстың ең ықтимал жалпы түрі, оның міндеттері мен тәсілдерінің жүзеге асуы анықталады, сонымен қатар, бір немесе екі сатыға арналған жобалау-сметасының құжаттауының орындалу ережесі орнатылады. Археологтың техникалы-экономикалы сатысындағы міндеттері мынадай:

– территорияның жалпы перспективалылығы мен зерттелу дәрежесін анықтау;

– Жобалаудың міндеттерін келесі сатылардың әр қайсысына бөліп анықтау.

– Келесі археологиялық жұмыстардың сметалы құндылығын анықтау (күзету шаралары).

Жобалы жұмыстардың қорытынды мәліметтеу (сводную) сметасын қосу үшін, алынған нәтижелер негізінде археологиялық жобалы-сметалы құжаттауы жасалады. Оның кеңінен ұсынылған түрі:

– алдыдағы жұмыстың құқықтық негіздемесі;

– аймаққа жалпы археологиялық көзқарас, зерттелу деңгейі, жана ескерткіштердің табылу перспективасы;

– алдыдағы археологиялық зерттеу негіздемесін құрылыс объектісінің жалпы кезеңі жобалануындағы міндеттер мен бағдарламаларға сәйкес дайындау қажет;

– күзету жұмыстарының сметасы.

Объектінің жобалау-сметалы құжаттауына археологияның қосылуы техникалы-экономикалы сатысында нәтижелі болып табылады. Мұнда объектіні жоспарлы түрде және егжей-тегжейлі зерттелуіне кепілдік береді, сонымен бірге, іздеп-зерттеу және өңдеу жұмыстары кезінде түскен құралдарды толығымен түсуімен ерекшеленеді.

Бір сатылы жобалауда құрылыстың жобалы-сметасына барлық қажетті құжаттар 1-1,5 жыл ішінде дайындалады. Осы уақыт ішінде археологтар жергілікті жерге толық барлау жұмысын жүргізіп, (шурф) кесік жүргізеді, архивтік деректерді талдаудан өткізіп және картографиялық материалдар жинайды. Жұмыс жобасының археологиялық бөлімі былай баяндалған: археологиялық ескерткіштердің орналасуын көрсеткен объектінің жалпы схемасы; табылған ескерткіштер тізімі және қорғау бойынша шаралардың қажеттілерінің негіздемесі; әр ескерткіштегі жұмыстың бағасының (құнының) есептелуі. Жұмыс жоспары құрамындағы графикалық құжаттау өте анық, нақты болуы, максималды ақпаратты, ұсынылған сызба мен топографиялық жоспарға сәйкес және орнатылған талаптарға сәйкес дәрежеде орындалуы қажет.

**Екі сатылы жобалауда** жобалы-сметалы құжаттау мынадай үлгіде болады: 1) жоба; 2) жұмыс құжаттамасы;

Жұмыс құжаттамасы жасалып, жоба мақұлданып, бекітілгеннен кейін тапсырыс берушінің жобалы ұйымына келісім шартқа

сәйкес белгілі бір уақыт аралығында жобалы іздестіру-зерттеу жұмыстарын орындау негізінде беріледі. Екі сатылы жобалау ережеге сәйкес бірнеше жыл және археологиялық іздестіру-зерттеу жұмыстарын толық жүргізу арқылы іске асырылады.

Жобаның бірнеше сатысындағы археологиялық міндеттер беретін нәтижені, бір сатылы жобалаудағы жұмыс жобасының археологиялық бөлімі де қайталайды. Жұмыс құжаттамасының археологиялық бөлімінің екінші тарауын жасауда – зерттеудің егжей-тегжейлілігі, табылған ескерткіштердің әрқайсысына жеке сипаттама беруі, олардың топографиялық жоспарларын, болжаулы қорғау мерекелерін ұйымдастыруы, шығын сметасы қарастырылады.

**Бір реттік жобалау** кішігірім объектілерді құруда қолданылады. Іздестіру-зерттеу жұмыстарына қысқа уақыт беріліп, археологтан шапшаңдықты талап етеді. Жергілікті жердің кіші ауданын көзбен шолу арқылы қарап, жер бетіндегі материалдарды жинап және шағын шурф салу арқылы зерттеу. Жобаның археологиялық бөлімі мынадайдан бөлімдерден тұрады: археологиялық ескерткіштерді қорғау шараларымен бірге сипаттау, құрылыс аймағындағы олардың орналасуының сызбасы, шығын сметасы.

Құрылыс объектісінің шағын аудандарында әрдайым археологиялық ескерткішті табу мүмкіндігі бола бермейді. Мұндай жағдайда тапсырыс берушіге жүргізілген іздестіру-зерттеу жұмысының мазмұнамасы негізінде қысқаша хат ұсынылады, сонымен бірге, олардың нәтижелері және құрылыс жұмыстарын қорғау шараларынсыз да орындай беруге мүмкіндік береді.

### 2.3. Археологиялық жоба құжаттарының ерекшеліктері

Жобалы-сметалы құжаттамасына қорғау шараларын өткізетін құқықты негіздейтін құжаттар кіреді (егер қажет болса). Оларды құрастыру кезінде тапсырыс берушімен түсінбеушілік болмас үшін бір қатар ерекшеліктерін ескеру қажет.

#### **Ескерткішті сипаттау:**

Ескерткіш туралы мәлімет анық, нақты болуы керек, тексерілген кезде орналасу орны мен басқа да мәліметтер күдік тудырмауы қажет. Біркелкі бағдар ретінде азимутты көрсету қажет және нақты

қашықтықты, сонымен бірге қосымша координаттарды да (ЛЭП линиясы, каналдар, жолдар және т.б.) көрсетілуі қажет. Бұл ескерткіштің құрылыс аймағында болуын анықтай түседі.

Міндетті түрде ескерткіштің биіктігін беру қажет, ыңғайы келсе жақын жердегі су деңгейімен салыстырып көрсету, уақытын, яғни мәлімет берілген мерзім, күн, ай және жыл көрсетілуі қажет. Бұл объектідегі құрылыс жұмыстары негізінде ескерткішке зиян тиген жағдайда, шығынды анықтауға көмектеседі.

Ескерткіштің шекарасын анықтауда аса абай, сақ болуы қажет. Сонымен бірге ескерткіштің қорғалушы аймағын да ұмытпаған жөн. Осы жағдайлар болған кезде қорғау шаралары өткізілуі мүмкін.

#### **Топографиялық жоспарлар және сызбалар.**

Бұл құжаттар – археологиялық жобалы-сметалы құжаттаудың ақпараттық бөлімінің бірі болып табылады. Дәл осы құжат құрылыс нысаны аумағындағы ескерткіштің аумағын құқықтық негізде қарайды. Сызбаның орындалу сапасы тапсырыс берушінің көзінше кәсіпқойлық дәрежеде орындалуы қажет. Мүмкіндігінше лазерлік теодалитпен түсірілгені жөн.

– Ескерткіштің орналасуы көрсетілген объектінің сызбасы жобалы-сметалы құжаттаудың міндетті құраушы бөлігі болып табылады. Жоспар тапсырыс беруші ұйымға беріледі. М 1:1000 картматериалдар негізінде болып орындаушы тарапынан құралады немесе басқа сұраныстағы масштаб бойынша беріледі. Осы мақсатта көбінесе жер пайдаланушы жоспар қолданылады. Ескерткіш қорғалушы аймақпен бірге нақты масштабқа түсіріледі. Тек жергілікті жердің жоспары археологиялық ескерткіштің нақты орналасқан орнын көрсететін құжат болып, міндетті түрде қорғау шарасын өткізуге мәжбүрлейді.

– Ескерткіштің жоспары (жер телімінің басты жоспары) өлшеніп алынған нүкте ретінде су деңгейімен биіктігі нақты көрсетіліп, горизонтальді түрде орындалады. Жоспарға түсу аймағы ескерткішті және оның қорғалу аймағын, сонымен бірге, микроауданның геоморфологиясын түсіну үшін маңайындағы территорияны қамтиды. Жоспарға түсіру шекарасына ауыл, жолдар, электр бағаналары және т.б. қосуға болады. Егер

мүмкіндік болса, тапсырыс беруші ұйымды әр объектіде іздестіру-зерттеу және топографиялық жұмыстарына қатыстыру қажет.

Ескерткіштің жоспарына мәлімет беруші шағын қазбаның профилін қосуға болады және орналасқан орнын тазалап көрсеткен абзал. Сонымен бірге, барлық археологиялық жоспарға түскен ескерткіштер жалпы және бөлек-бөлек фотоға (суретке) түсірілуі қажет.

#### **Археологиялық ескерткіштерді сақтау шаралары.**

Құрылыс жұмыстары жүріп жатқан аумақтағы ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ететін ұсынылған келесі формалар немесе нұсқалар болып табылады:

– Құрылыс жұмыстары жүріп жатқан немесе су басу аймағынан археологиялық ескерткіштерді бөліп шығару (уақыт өте келе су деңгейі басылады, каналдардың арналары ауысады және т.б.). Мұндай бөліп алу техникалық жағдайда ұсынылуы мүмкін.

– Археологиялық ескерткіштерге су қоймаларынан келетін зардаптарға қарсы қорғаныш ретіндегі құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру. Ірі су қоймасы құрылысы кезінде тек республикалық маңызы бар ескерткіштер есепке алынады (осы аталған шараға зерттеуден аз мөлшерде қаражат кетеді). Археологиялық ескерткіштерді жобалауда инженерлі қорғау басты жобалау ұйымы тарапынан жүзеге асады. Археологиялық профильді ғылыми ұйым кеңесші болып және қорғау шараларын негіздеуге қатысады, осы туралы ұсыныс Мәдениет министрлігіне бағытталады.

– Құрылыс және су басу аймақтарынан ескерткіштерді алып шығу. Ескерткіштердің шектеулі бөлшектеріне қолданылады (жеке архитектуралы бөлігі және т.б.). Эвакуацияға сәйкес жобалы-сметалы құжаттама бойынша құрылыс немесе су басу аймағынан ескерткішті алып шығу үшін, мамандандырылған ғылыми-қалыпқа келтіруші ұйым құрып және басты жобалаушыға ұйым тарапынан ұсыныс білдіріледі. Археологиялық профильді ғылыми ұйым мұндай құжаттаманы дайындау барысында кеңесші ретінде қатысуға болады. Археологиялық нысандарды эвакуациялау жобасын дайындауда ескерткішті орналасқан орнынан техникалық әдіспен алуды, жақсы қорғайтын орынды қарастыруды, болашақта ғылыми және экспозициялы мақсатта қолдануға болатын жана

орынды, қауіпсіз және үнемді түрдегі орын ауыстыруды, нысанды қалыпқа келтірудің қажетті жұмыстарын қарастырады.

– Археологиялық ескерткіштерді ғылыми түрде толық зерттеу. Құрылыс салу барысында ескерткіштің бүтіндігін қадағалау. Осындай жұмыстың тәжірибесі өткен ғасырда Қазақстан территориясында Бұқтырма, Шүлбі, Шардара, Қапшағай СЭС салу құрылысы кезінде жүргізілген. Аталған зерттеу жұмысында, жергілікті жердегі ескерткіштерді барлау тәсілі арқылы жарыққа шығарады, ол жерде стационарлы қазба жұмыстарын жүргізеді, барлау және қазба жұмыстары кезінде алынған материалдарға сақтау жұмысы жүргізіледі, арнайы қажетті талдау жұмысын жүргізеді, ғылыми есеп құрастырылып, материалдарды музейге өткізеді.

Бұл құрылыс жұмыстары аймақтарындағы археологиялық ескерткіштерді сақтаудағы зерттеудің ең кең таралған және әмбебап формасы болып есептеледі. Бірақ, бұл зерттеу әдісіне тек бұдан биік сатыдағы зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болмаған жағдайда рұқсат етіледі.

Құрылыстың басталу және аяқталу кезеңдері кезінде археологиялық ескерткіштерді табу, ғылыми зерттеу және тіркеу жұмыстарымен ереже бойынша тек бір ғана археологиялық профильді ғылыми ұйым айналысуы қажет. Берілген уақыт ішінде ескерткіштерді тіркеу мақсатында басқа ұйымды іске қосу құрылыс сатысында өте орынды болып табылады. Осы тұрғыда, ескерткіштерді сақтау, қорғау, жобасын құрастырып, орындаушы ғылыми археологиялық ұйым құрылыс барысында ескерткіштерді зерттеуді жеделдету мақсатында қосылған ұйымдардың бастысы болып, әрі олардың жұмыстарын үйлестіруі қажет.

Ғылыми және ғылыми-техникалы қызметшілері бар далалы экспедиция бөлімшелерін жұмыс күшімен, транспортты техникалармен, жер және топырақ жұмыстарына қажетті техникалармен, қауіпсіздік техникалармен, экспедицияға сай және арнайы ғылыми құрылғылармен және т.б. қамтамасыз ету, олардың алдына қойылған міндеттерді шешу өз дәрежесінде болуы қажет.

**Археологиялық ландшафт зерттеу пәні ретінде.** Мәдени ландшафтарды сақтау урбанизацияның альтернативасы бола келе,

тарихи-мәдени және эстетикалық (архитектуралық-көркемдік) басымдылықтарын барлық жағдайда есепке ала бермейді. Әлемде 1990 жылдардың басында мұраның ерекше түрі ретінде мәдени ландшафтарға ерекше көңіл аударыла бастады. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра туралы Конвенция құжаттарында «мәдени ландшафт» ұғымы пайда болады. Мәдени ландшафт адамзат баласы мен табиғаттың біріккен творчествосы, біріккен жұмысының нәтижесі ұғымында қолданылады.

ЮНЕСКО мәдени ландшафтын

- қалалық;
- тарихи-археологиялық;
- сарай-саябақтық;
- монастырлық;
- майдан даласы ландшафты (әскери мәдениет);
- ауылдық сияқты типологиясын бөліп шығарды.

Біздің қарастыратынымыз – археологиялық ландшафт. Табиғи орта және археологиялық ескерткіштердің бір-бірімен байланысы мен бір-біріне тәуелділігі объективті сипатта болады және археологиялық мұралар мен табиғи органы сақтау, пайдалану мәселелерінің барлығы тек бірге шешілуі мүмкін.

Тарихи-мәдени және табиғи байлық кешенінде ерекше зерттеу, қорғау пәнін археологиялық ландшафт құрайды. Археологиялық ландшафт – адам іс-әрекетінің аймағы болып табылатын географиялық кеңістік. Сондықтан да археологиялық мұраларды қорғау және сақтау жөніндегі бағдарламаларды жасаудағы бақылау мен басқарудың негізгі бірлігі. Археологиялық ландшафтың басты элементі – мәдени қабат болып саналады. Материалдық мәдениет арқылы оның сыртқы бейнесі қалыптасады, онда тұратын адамдар мен территорияның потенциалы анықталады. Мәдени қабатта мәдени мұра қыртыстарының қалыптасу кезеңдері және қазіргі мәдениет ерекшеліктері анықталады. Археологиялық ландшафтың тұтас жүйесіне шаруашылық және тұрмыстық кешендер, киелі орындар, эстетикалық тұрғыдағы нысандар мен табиғи орта жатады. Археологиялық ландшафтың құрамы мен мазмұнын заманауи экологиялық, экономикалық, әлеуметтік және рухани факторлар анықтайды.

Мәдени ортаға кез келген физикалық әсер, тіпті археологиялық ғылыми зерттеулер де оның мағлұматтық тұтастығын жоюға әкеледі. Сонымен қатар археологияның кірісуінсіз қоғамдық дамудың басты үдерісінен және ландшафтың өзінен (қазба кезінде мәдени қабаттың табиғи құрамындағы бөліктерінен де мәлімет алуға тура келеді) керекті мағлұматты алу мүмкін емес.

Республиканың әр өңірінен жиналған ескерткіштердің функционалдық тиістілігін, ғылыми және мәдени құндылығын анықтайтын археологиялық материалдар археологиялық ландшафтарды анықтау, сақтау және қолдану жөніндегі нақты бағдарламаларды жасауға негіз болады. Бұл жұмысты мамандандырылған археологтар мен ландшафт архитекторлары және табиғатты қорғау ұйымдары атқарады.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Ескерткіштерді қорғауға байланысты қандай шараларды білесіз?
2. Ескерткіштерді қорғау шаралары қандай түрде жүреді?
3. Археологиялық ескерткіштерге байланысты қорғау келісім жұмыстары қандай болуы мүмкін?
4. Ескерткіштерді археологиялық зерттеу алдындағы құжаттар нені білдіреді?
5. Археологиялық жобалаудың түрлері және оларға археологиялық жұмыстардың жобалауға қатысы.
6. Археологиялық жобалау құжатының ерекшелігі қандай?
7. Сметалық құжаттар неден құралады? Археологиялық зерттеуге сметаны қалай дұрыс құрайды?
8. Археологиялық зерттеулер үшін келісімшарттың қандай негізгі шарттары болуы қажет?
9. «Археологиялық ландшафт» дегеніміз не? Осы сабақты не үшін оқуымыз керек?
10. Қандай археологиялық жұмыстың түрлерін білесіз және тәжірибе кезінде ол қалай жүзеге асады?



### 3-бөлім. ТАРИХИ ОРТАДАҒЫ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫНЫҢ ОРЫНЫ. ҒЫЛЫМИ ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ

Мәдени қабаттың ақпараттық мәселелері көп қырлы. Бұл мәселелерді шешу үшін әртүрлі тәсілдерді қолдануға болады. Дегенмен, мәселені шешудің негізгі құрылымдарына стратиграфия, құрылыс және мерзімделуі жатады. Осы сұрақтардың қажетті деңгейде қарастырылуы тарихи жағдайдағы зерттеу нысанының орнын айқындауға мүмкіндік береді.

#### 3.1. Стратиграфия, әр қабаттардағы табылмалардың орналасуы

Мәдени қабаттың қалыптасу механизмі әралуан факторларға байланысты. Таза табиғи факторға жер беті деңгейіне жерасты суының жақын орналасуы жатқызылады. Осы жағдай құрғақ қабаттарға қарағанда ерекше болып келетін дымқыл қабаттардың пайда болуына ықпал жасайды. Дымқыл қабатта ағаш, тері, сүйек және т.б. органикалық заттар жақсы сақталады. Сондықтан да дымқыл қабаттың маңыздылығы құрғақ қабаттан алынатын мәліметтерге қарағанда әлдеқайда жоғары болып табылады.

**Стратиграфия** – латынша «страто» – қабат, «графо» – жаза-мын. Археологиялық ескерткіштердегі жер қабатының қалыптасу процессін зерттейтін ғылымының бөлігі. Әрбір қабат немесе страт бұл жерде өмір сүрген уақыттың белгілі бір кезеңдеріне жатады. Адамдар тастап кеткен қоныстар, елді мекендерді біртіндеп шөп, бұта өсіп топырақ басады, кей жағдайда жаңадан құрылыстар салынады. Қоныс-құрылыстар және т.б. ескерткіштер жер сілкінісі, жанартаулар атқылауы сияқты табиғат зілзалалары әсерінен көміліп қалуы мүмкін. Жүздеген, мыңдаған жылдар өткен соң

тіпті, тереңде қалады, себебі оны құм, топырақ көмеді және кейінгі салынған құрылыстар жабады. Мұндай қатпарлар немесе бірінен кейін бірі келетін қабаттар археологтар тілінде **ескерткіштің стратиграфиясы** деп аталады. Стратиграфиялық әдіс ХІХ ғасырда қабаттардың қалыптасу кезеңіне байланысты қайсысы ертеректегі немесе кейінгі қабат екенін анықтау қажеттілігінен пайда болған. Қазба кезінде стратиграфияны, әсіресе, бірнеше қайтара қоныстанған жерлерде жақсы түсініп оқи білу керек. Әртүрлі жағдайлар әсерінен бір мәдени қабаттағы (**мәдени қабат** – адамның іс-әректі нәтижесінде пайда болған қыртыс) артефактілер басқа қабаттарға аңдар мен жануарлардың ін қазуы, не қазылған шұңқырлар, сондай-ақ жер қыртысының қозғалуы әсерінен ауысып кетуі мүмкін. Жер қыртысының араласуы қабаттарды да араластырады.

Қазба жүргізуші археолог мәдени қабаттарды бір-бірінен түсі, құрамы арқылы аңғарып, ажырата білуі керек. Қиманың сызбасында қабаттар туралы ой-қорытындыларын басқа мамандар дұрыс түсінуі үшін масштабта дәл көрсеткені жөн. Сызбада ең көне заманнан кейінгі уақытқа дейін, яғни төменнен жоғарғы қабаттарға дейін нөмерленіп сандармен белгіленеді. Әрбір төменгі қабаттың үстіндегі қабат жастау, ал төменгі қабаты үстінгі қабатқа қарағанда жасы үлкен, яғни ерте кезең, бірақ ол қаншалықты үлкен немесе кіші болатынын анықтау қиын, оған бірнеше себептер бар. Мысалға, құм қабаты тереңдікте жай селден аз уақыт ішінде қалып қалуы мүмкін, ал негізі бұл қабаттың қалыптасуы мыңдаған жылғы процессте ғана пайда болады. Қабаттардан табылған артефактілер әр дәуірдің кезеңдерін ажыратуға көмектеседі. Кейбір археологиялық ескерткіштер өте үлкен стратиграфияны қамтиды және олардың пайда болуы көп ғасырға созылған қалыптасу.

Мәдени қабаттың қалыптасуы, қалыңдығы оның зерттеу орнындағы халықтардың саны мен көбею деңгейіне, қалалық жайлылықтың жүйесіне, өртке, зерттеу орнының қолдану дәрежесіне (құрылыс, бақша, мола) және тағы басқа да факторларға, оның ішінде жалпы тұрақтап тұрған уақыт ұзақтығына байланысты.

Әртүрлі аудандағы мәдени қабаттың бұзылу деңгейінің айқындылығын анықтау үшін деректердің категорияларына статистика негізінде сараптама жүргізіледі. «Бұзылған» қабаттардан табылатын деректерге негізінен шөгелер, фарфор мен фаянс

бөлшектері, қыш ыдыс сынықтары және т.б. жатқызылады. Ал «бұзылмаған» (бұзылудың ізі жоқ) қабаттарда керамика, жекеленген деректер мен остеологиялық материалдар мөлшерінің жоғарлауы байқалады. Жалпы алғанда қабаттың сақталу деңгейі оның бірнеше рет қазылу нәтижесіне байланысты анықталады.

Қазба барысында мәдени қалдықтары бар бірнеше метрге созылған қабаттың қажетінше нақты стратиграфиясын білу өте маңызды. Сонда әрбір түсіне және құрылымына байланысты белгіленген қабатты кезеңдік кескін ретінде қарастыруға болады (бұл кескінде кездесетін топырақ, құм, күл және т.б. заттардың сызықтары локальдық құрылыс жұмыстарымен немесе өртпен байланысты). Зерттеуші тұтас алағанда анықталған кескінің деректер құрамына, конструкциясына, оның ерекшелігіне қарап, тарихи маңыздылығына негізделе кескінге баға (қандай заттар көп және неге, кескінің төменгі және жоғарғы беттерінде қандай құрылыстар кездеседі және т.б.) бере алады. Көп қабаттық объектілерде әрбір қабаттың нәтижесін өзара байланыстыру, сәйкестендіру маңызды болып табылады. Көп қабатты ескерткіштерде түсіне және құрылымына негізделе айқындалған жоғарғы және төменгі беттерінен бірдей заттардың кездесетіндігін байқау қиын емес. Осылайша кескінен статистикалық зерттеу тәсілі арқылы нақтылы ашылған мәдени кезең белгілерін тауып, концентрацияның негізгі шекарасын анықтау қажет.

### 3.2. Нысанның әлеуметтік-топографиялық байланысы

Стратиграфиялық мәліметтерді археологиялық материалдармен сәйкестендіру, деректерден басқа құрылыс аумағы бар ежелгі орындарды зерттеуге мүмкіндік береді. Мұнымен қатар, қазба барысында айқындалған конструкцияның сан алуан түрі (қорғаныс, дәстүрлі, қоғамдық құрылыстар, елді мекеннің жалпы жобасы мен құрылыс элементтері) оның барлық кезектелген заттай материалдарын байланыстыратын мәлімет болып табылады. Сондықтан археолог объектіде қазба немесе археологиялық сараптама жүргізу барысында ең алдымен, кез келген сақталып қалған құрылыс элементтеріне көңіл бөлуі тиіс. Әрбір фундамент

немесе оның ізі, әрбір бұрыштағы бөрене немесе ағаш қалдығы қалмауы тиіс. Егер осы елді мекеннің аумағында анықталған бірдей қабаттағы элементтер, басқа өзіндік, бірқатар нақтылы бөлшекпен байланысқан, белгілі жағдайға фрагментарлық күшке ие бағытталған анықтама бере алмаса, онда олар дәлелдемелік материалдар маңызына ие болады.

Ежелгі орындардың даму сатысын байқау үшін, оның хронологиялық кезектелуін анықтау қажет. Ал осы процестің ішкі динамикасын табу үшін типологиялық зерттеудің түрлерін қолдану қажет. Археологияда қолданылатын арнайы әдістердің көмегімен елді мекендегі халықтың дәстүрлі, тұрмыстық, тұрғын үй құрылысын меңгеру деңгейі мен ерекшелігін зерттеуге болады. Объектінің заттары мен құрылысындағы даму өзгерістерін айқындау оның белгілі хронологиялық кезеңдегі функциональдық қызметін қалыптастыруға ықпал етеді.

Археолог далалық жұмыстар тәртібіне байланысты зерттеу процесі нәтижесінде табылған барлық заттарды тіркеуі тиіс. Осындай жағдайда тіркеудің көптеген түрі қолданылады (фототіркеу, далалық жоспар мен қазба нәтижелерін сызбаға түсіру, траншеяны, жекеленген құрылысты сызу, әрбір деңгейде табылған заттарды нивелирлеу және планиграфия). Дегенмен бұл процесс субъективті, өйткені археологтың далалық жұмыстарға деген жекелей дайындығының сапасын және де сараптамалық ойлану қабілеттілігін көрсетеді. Археолог кезеңделген мәліметтер жинағын, хронологиялық және конструктивті жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар құрылыс түрлерін ала отырып уақыт пен кеңістік жағдайындағы даму бейнесін құрастыруға ат салысады. Егер уақыттық диапазон мөлшері көлемді болса, онда қазбаның немесе траншеяның кеңістігі шектелген болады. Сондықтан, археолог осындай кедергіге жолықпау немесе керісінше жағдайға қалмау үшін алысқа баратын болжамдар жасауы, қазбаны бастар алдында қаланың ауданының қандай бөлігін, ескерткіштің қандай түрін зерттейтінін анықтап алуы керек. Ол үшін белгіленген аймақтың және оған көрші орналасқан аудандардың (егер бұл қала болса, онда жақын маңда орналасқан ауыл, әулиелі жерлер, мола, ежелгі атауы бар жоталардың, өзен сағаларының және т.б.

маңызды орындардың болуын анықтау керек) топографиялық ерекшеліктерімен жақсы танысу қажет. Егер қалада жүргізілсе, онда бұл орынның ежелде қандай қызметі болғандығын анықтауы тиіс. Бұл сұрақтарға жауапты археолог жазба деректерді, жергілікті қаланың жоспары мен топографиясын зерттеу арқылы таба алады. Зерттеу орнының орналасу аймағы туралы кішкене болса да білу далалық жұмыстар процесі барысында табылған материалдардың интерпретациясын жасауға, оның қоршаған ортадағы орнын анықтауға көмегін тигізеді. Археологтың шағын аудан немесе қалалық нысанды зерттеу барысындағы негізгі міндеттерінің бірі – сол жерде тұрып жатқан халықтармен жақсы қарым-қатынаста болуы. Осындай мәселені шешу барысында, археолог шағын аудандағы бір-бірімен табиғи аймақтық кедергілер (өзен, көл және т.б.) арқылы шектелген 10 қалашықтың біреуі ғана тайпалық орталық, ал қалғандары тығыз байланысқан қоғамдық орта болу мүмкіндігін байқауы тиіс. Осы арқылы археолог белгілі мәліметтерді қолданып және оған қосымша материалдарды қосып, шағын ауданның анықталған тарихи кезеңдегі даму деңгейінің тұтастай бейнесін құрастыра алады. Жұмыстың бұл түрі қиын және бірнеше жылға созылуы мүмкін. Бірақ алынған ауданның тарихи мәліметтерін жүйелендіруден бас тартуға болмайды, себебі тек осындай жолмен ғана маңызды ғылыми нәтиже табуға болады.

Әрбір нысанның арасынан байланыс жүргізу үшін нақтылы хронологиялық кезеңдегі функциональдық маңыздылығының бағасын анықтау қажет. Әрбір жүз жыл сайын негізгі қызметі бар орталық елді мекен маңынан онымен байланысты жаңа құрылыстар пайда болады.

Мысалы, Шығыс Еуропада мемлекеттік шекараның қалыптасу кезеңінде, кейбір қалалар шекаралық аумақ қызметін атқарды. Сондықтан, егер археолог ортағасырларға жататын хронологиялық кезеңдегі нысанмен жұмыс жасаса, сол уақыттағы тарихи процестерге еніп және оның басқа ескерткіштер жүйесіндегі орнын анықтауы қажет.

### 3.3 Материалдарды есепке дайындау

Ғылыми есеп – бұл археологиялық зерттеулер нәтижесінде дайындалатын аса маңызды құжат және зерттеліп отырған нысан жайлы ғылыми мәлімет беретін негізгі дерек. Сондықтан ғылыми есепті дайындауға байланысты барлық жұмыстар «Археологиялық бақылау және қазба жүргізуге арналған ереже» бойынша атқарылады.

Ғылыми есепке арналған материалдардың дайындығын ескерткіштің сипатына, онда жүргізілетін жұмыс түріне және нысан жайлы бар мәліметке байланысты жұмыс жасайтын әртүрлі мамандар жүргізеді.

#### **Ескерткіш жайлы алғашқы мәліметтер құрамына:**

*тарихи мәлімет*, мұрағат және жарық көрген деректер бойынша дайындалады. Бұл жұмысты қазбаның жетекшісінің бұйрығымен жалданған тарихшы немесе жетекшінің өзі атқарады.

*археологиялық анықтама*, нысанда алдыңғы уақытта кім, қашан және қалай (қазба, траншеялар, қабаттарды тазалау және материалдарды жинау) жүргізігені жайлы мәлімет беретін. Мұндай ақпаратты археолог ғылыми есептерден, Ғылым Академиясы жанындағы археология институтының деректерінен және басқа ғалымдардың ғылыми көркемдік шығармаларынан ала алады.

*геологиялық, топографиялық көрсеткіштер*, егер нысанда топоекескін жасалған, инженерлік бұрғылау жұмыстары жүргізілген жағдайда. Топографиялық кескіннің жоспарын археолог алдыңғы есептерден алуына болады (онымен қатар бұл ақпараттың дұрыстығын тексеруі қажет).

*өлкетану материалдары* (өлкетанушылардың жергілікті халықтардан ескерткіш туралы жинаған мәліметтері). Егер археологта мұндай мағлұматтар болмаса, онда ол өзі өлкетанушылармен байланысып, жергілікті мұражайдан немесе елдімекеннің ақсақалдарынан ақпарат алуы тиіс.

#### **Археологиялық зерттеулердің материалдарын жүйелендірудің құрамына:**

*зерттелетін археологиялық ескерткіштердің* аты немесе барлау жұмыстарындағы маршруттық карта бойынша тізімі.

*әрбір ескерткішке және жақын маңда орналасқан маңызды орындарға (шатқал, жота, өзен, елдімекенге дейінгі арақашықтық, жол) байланысты нақты сипаттама. Сипаттаманың құрамына жердің жағдайы, топографиялық ерекшелігі, нысанның формасы және өлшемдері, мәдени қабат пен жиналған мәлімет жайлы анықтамалар кіреді.*

*қайта ашылған немесе маңызды нысандардың, белгіленген және жақын орналасқан жерлердің жер қыртысының топографиялық жоспары. Қала мен басқа да күрделі жер қыртыс бар ескерткіштерге жоспардағы масштабта бөлінген жердің кескіні алынады. Осы археологиялық ескерткіштегі барлық жұмыстар жоспарға түсірілуі қажет.*

*мәдени қабатпен байланысы жоқ ашылған жерлердің, траншеялардың, шурфтардың стратиграфиялық бейнесі.*

*заттық материалдардың деңгей бойынша сипаттамасы.*

*табылған заттардың мөлшеріне, хронологиясына және шифріне байланыста суреттері.*

*далалық жұмыстардың, заттардың фотосуреттері және олардың қай жақтан түсірілгені жайлы мәліметтер.*

**Қоныстағы қазбаның материалдарын жүйелендірудің құрамына:**

*ескерткіштің атауы, географиялық орналасуы, пішіні, өлшемі, топографиялық ерекшелігі, маңыздылығы және мәдени қабаттар құрамына байланысты толық сипаттама.*

*ескерткіште жүргізілген барлық жұмыстардың, шурфтардың, траншеялардың белгілі масштабтағы жоспары.*

*қазбаның, траншеяның, шурфтың бір масштабта жасалған жоспары мен кескіндік бейнесі, олардың толық сипаттамасы.*

*шұңқырлар мен құрылыстардың жоспары және кескіндік бейнесі, олардың толық сипаттамасы.*

*заттық материалдардың қабаттағы деңгейі бойынша жасалған сипаттамасы.*

*табылған заттардың хронологиясы және шифрлік көрсеткіші бар суреттер.*

*жасалған қазбаның, заттардың, аршылған құрылыстың фотосуреті және ол қай жақтан түсірілгені жайлы мәлімет.*

**Қорғандағы қазба материалдарын жүйелендірудің құрамына:**

*қорғанның жергілікті жерде орналасуы туралы сипаттама (сыртқы пішінінің ерекшелігі, орналасуы, жамылғының саны және олардың өлшемі, т.б. туралы анықтамалар).*

*қорғанның диаметрі, биіктігі және басқа да ерекшелігіне байланысты нақты көрсеткіші бар ескерткіштің жоспары.*

*әрбір қорғанның немесе обаның заттық материалдарының, тас қоршауларының, кабір шұңқырының орналасу көрсеткіші белгіленген жоспары мен кескіндік бейнесі.*

*қорғандағы әрбір құрылыстың толық анықтамасы (қорғанның, кабір шұңқырының, тас құрылысының, құрылыс іздерінің және т.б. өлшемі).*

*қабірдің сипаттамасы (мәйіттің орналасуы, бағыты, жанында орналасқан заттар жайлы анықтама).*

*заттық материалдардың құрамы мен хронологиясына байланысты анықтама.*

*қабірде табылған заттардың хронологиялық және шифрлік көрсеткіші бар суреттер.*

*қазбаның, ашылған кабірдің және т.б. жұмыстардың фотосуреттері.*

**Есепке арналған материалдардың зертханалық өңделу құрамына:**

*жинақтың алғашқы камералдық өңделуі (табылған заттарды артық заттардан арылту үшін жуу, оларды табылған жері және орналасуы жайлы мәліметі бойынша шифрлеу).*

*материалдардың жинақтық сипаттамасын құру (табылған заттың нөмері, табылған орны, жылы, ескерткіштің атауы, қысқаша сипаттамасы, интерпретациясы, кезеңделуі көрсетіледі).*

*далалық сызбалардың нұсқалары (далалық сызбаны тушпен қағазға түсіру, қажетті нөмерлер мен жазуларды түсіру, оны компьютерге көшіру).*

*жөкелей және көпмөлшерде табылған заттардың (толық пішінде керекті белгілері мен өлшемдері көрсетілген суреті).*

*күрделі лабораториялық сараптама жасау (арнайы ғылыми және ғылыми-атқарушы лабораторияларда іске асырылады). Көптеген сараптамалар күрделі көпсатылы процесс болып*

табылады (спектральдық, металлографиялық, дендрохронологиялық, палеоботаникалық, радиокөміртектік).

**Есептің безендірілуі, құрылымы және мазмұны.** Ғылыми есеп археологиялық барлау мен қазбаны орындаудағы лицензия құрылымын ұсыну талабымен сәйкестендіріліп безендіріледі. Егер есеп шаруашылық келісім тақырыбымен жасалса, онда бұл есептің ішінде шаруашылық келісімге қатысты бөліктері болуы қажет.

Ғылыми есеп далалық зерттеулерге «лицензия» алған археологтың жеке ғылыми жұмысы болып саналады. Ол барлық талқылау және бекіту кезеңдерінен кейін Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институтының мұрағатында сақталады. Есептің авторы оның жариялануында Қазақстан Республикасының Заңына сүйене отырып, авторлық құқығын қолдана алады.

Осы есептегі мәліметтерді пайдалану үшін зерттеушілер автормен жазбаша келісім шартқа отыруы қажет немесе Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «авторлық құқық» негізінде келісім шартқа отыруы қажет. Ғылыми есеп жұмыс болып саналғандықтан, ол жұмыс уақытында орындалып оның сапалы және уақытылы жасалуы жауапкершілігін Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институты мойнына алып, археологиялық бақылау жүргізген еді.

Есептің безендірілуі құрамында:

**Мұқаба парағы,** автордың аты жөні, әкесінің аты, ұйымының толық атауы, және орындалған орны, мұнда протокол номері және бөлім мәжілісінің есепті бекіткен күні жазылады.

**Лицензия** есептік жылдағы жұмыстың мұқабасынан соң қойылады. Егер лицензия пайдаланылмаса және жұмыс жүргізілмесе немесе жұмыстың бір бөлігі жүргізілсе онда оның себебі көрсетілген түсініктеме жазылады.

**Мазмұны** лицензиядан соң есептің барлық құрылымдық бөлігін атап шығады.

**Есеп** барлық құрылымдық бөлік, негізгі мәтіннің соңына автордың қолы қойылады.

**Қосымша** коллекциялық тізімдер, мамандардың зерттеу мәліметтерін анықтау қорытындысы, сызбалар, суреттер, фотоальбомдардан тұрады.

Есеп өңдеуге қайта беріледі. Барлық номерленген беттер,

парақтар көріп шығу қолайлы болуы үшін А4 форматты қағазға кіреді. Мұқаба парақтың көшірмесі, есеп пен папкаға жапсырылып, есептің алдына реттеліп қойылады.

#### **Есептің құрылымы мен мазмұны.**

Кіріспе, онда зерттеудің мақсаты көрсетіледі. Және арнайы бір аудандағы немесе ескерткіштердің сол зерттеумен байланысы айтылады. Осында сонымен қатар жұмысты қаржыландыру, ұйымдастыру, жұмыстың жетекшісі, экспедицияға қатысушылар мен олардың функциялары көрсетіледі. Егер де автордан басқа адамдар есептің бөлімдерін жазуға қатысса оны кіріспесінде көрсету қажет.

Тарихи анықтама, яғни есептің авторы жазба немесе географиялық мәліметтер негізінде заттың тарихи негізін, зерттеу аймағының орны, ескерткіштің қай түріне жататынын, ауданның басқа ескерткіштерінің қай орнына кіретінін және оның олармен байланысын анықтайды.

Археологиялық мәліметтер – бұл дегеніміз ескерткіште бұрын жүргізілген зерттеу жайлы, қашан, кіммен және зерттеу қалай жүргізілетінін белгілейді. Заттай деректің ескерткіш датасын белгілеу, шет елдің зерттеушілерінің мәліметтерінің мәдени ауқымы жайлы мәлімет те орындалады.

Техникалық анықтама, шаруашылық келісімшарттың тематикасы бойынша. Онда қазба жұмыстарының түрлері, аудандары, қазу тәсілі көрсетіледі. Сол аймақтың жұмысының мерзімі, құжаттардың жобалық немесе ұйымдастырушының түрлері қосымша жұмыс түрлері айтылады.

Ескерткіште археологиялық жұмыс жасау әдістемесі. Арнайы келісім бойынша және «Лицензия ережесі бойынша» зерттеудің тәсілдері көрсетіледі. Секторларға, учасқтарға, квадраттарға бөлу, алу тәсілі, мәдени физикалық құрастырудың ашық фиксациясы белгіленеді.

Есептің негізгі бөлігі, ол суреттеуден тұрады: 1) ескерткіш жұмысының барысы; 2) стратиграфия; 3) құрастырған дүниені шығару; 4) материкті тазалау және шұңқырларды табу; 5) қазба жұмыстары кезінде табылған заттардың анализін жасау; 6) ескерткіштің мерзімделуін анықтау.

Қосымша, ол: 1) заттай материалдық суреттемесі, 2) өңдеу

және теңге, қапсырма, әйнек моншақ, моншақ, басқа заттардың суреттері; 3) лабораториялық анализ жайлы мамандардың түйіні, көне заттардың мазмұны; 4) антропологтар, архитекторлар және басқа да мамандардың қорытындысы. Сызба, сурет, фото да қосымшаға жатады.

Сызбалар мен суреттер арнайы дайындау тәсілінен тұрады: Сызбалар 1: 10, 1: 20 немесе 1: 40 масштабта А4 форматта болады. Егер де форматты кішірейту ақпаратты жоғалтуға әкелсе, онда оны сақтай отырып үлкейтуге болады. Әрбір сызбаның масштабын көрсететін сызықтық масштаб міндетті түрде болу керек.

Суреттер 1:1 көлемде, әртүрлі дүниелердің жиынтығы болып келеді. Бөлек заттардың суреті бір кестеге жиналады. Кестенің артында әр заттың шрифты көрсетіледі.

Альбомды фото бұл 10 x 15 форматтағы бірнеше ақпаратты форматтағы дүние. Фотода жеке конструкциялар, шұңқырлар тағы басқалар кездеседі. Фото жайлы мәліметте ескерткіштің қай жағынан түсірілгені және фотоның нөмері беріледі.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Құрылым мен қуат мәдени кабатқа қалай әсер етеді?
2. Мәдени кабаттан табылған заттардың қандай ерекшеліктерін білесіздер. Олар немен байланысты?
3. Археологиялық зерттеулерде заттардың жеке категорияларын хронологиялық кезеңге бөлгенде қандай әдіс қолданылды?
4. Археологиялық объектілердің байланысын тарихи ортада қалай анықтайды?
5. Ескерткіш туралы мәлімет неден тұрады?
6. Археологиялық зерттеу материалдарының құрамы неден тұрады?
7. Қоныстардың қазба материалдары неден құралады?
8. Қорымдағы қазба материалдары неден тұрады?
9. Есеп беруге дайындалған зертханалық мәліметтер нені құрайды?
10. Ғылыми есеп құрылымының реті қандай?
11. Есептің негізгі мазмұны мен құрылымы қандай?
12. Есепте қосымша материалдар неден тұрады және ол қалай құралады?

## 4-бөлім. АРХЕОЛОГИЯНЫҢ НАСИХАТТАЛУЫ

### 4.1. Мәдени саясаттың отандық және шетелдік тәжірибесі

Археолог өз саласының ғана емес, мемлекеттің мәдени саясатының жол бағыттаушысы. Осыған сәйкес басымдылыққа ие мемлекеттің мәдениет құқы, соның ішінде, тарихи-мәдени мұраның сақталу мәселесі мемлекеттің әрбір азаматының борышы болғаны өте маңызды.

1851жылы Императорлық Археологиялық қоғамның қолдауымен «Орыс ерте кезеңін жаңғырту мақсатындағы хат» жарық көрді. Ол еңбекте авторлар әр түрлі әлеуметтік деңгейдегі өкілдерге қаратпа жасады: дворяндарға, әр түрлі шенді педагогтарға және шіркеу қызметкерлеріне, Ресей империясының әр түрлі аудандарында тұратын, жұмыс істейтін «көзі ашық отандастарына». Аталған «Хатта» тарихи және мәдени ескерткіштерді суреттеп жазу, оқып-білу жайлы мағлұматтар жазылды. Жүйелі археологиялық білімнің қалыптасуының негізінде жергілікті музейлердің жеке қорын құру қызметі жатты. Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуы мен фиксация мәселесі, құндылықтардың шынайы суреттеліп жазылуы және археологиялық атластың шығарылуы алға қойылды. Осындай саясаттың арқасында тұрғындардың мұраларға деген көзқарасы түп-тамырымен өзгерді. Жоғарғы және шіркеулік-археологиялық комиссиялар жер-жерде құнды объектілерді губерниялық ежелгі қоймаларға орналастыруға күш салды.

XIX-XX ғасырдың 30 жылдары Қазақстан аумағында да құндылықтарды жинау және сақтау мен жаңғырту жұмыстары кең етек алды. Бұл уақытта Қазақстан археологиясы мен аймақтануы ерте ғылыми зерттеудің алғашқы сатысында болды. XIX-XX ғасырлар аралығында зерттеу әдістемесі қалыптасты, ол XX ғасыр-

дың 20-30 жылдары өз жалғасын тапты. 1917 жылдан кейін орын алған мемлекеттің бұрыс саясаты көптеген тарихи-мәдени құндылықтардың жойылуына әкеліп соқты. Бірақ 1970 жылдардан кейін мәдениет саласындағы ахуал өзгере бастады. КСРО-да және посткеңестік аумақта тарихи-мәдени мұраны қорғаудың заңдық негізі дамыды. Археологиялық зерттеулерге көбірек мән берілді.

1990 жылдардан бастап мәдениет саласында басқа да қиындықтар туындады. Тарихи құндылыққа бай аумақтарды құрылыс ісіне бөлуде археолог-мамандардың рөлі төмендеп, шенеуніктердің моральдық және материалдық жағдайына сәйкес жер телімдерінің бөлінуі басымдылыққа айнала бастады. Заңдық негіздің жетіле түсуі мен археологиялық мұралардың сақталу тұрғысынан карағанда жер телімдерін сату және жалға беру мәселесіне үлкен көңіл бөлінді. Жекешелендіруге жатпайтын тарихи құнды аймақтарды алдын ала белгілеу керек болды. Бұл мәселеде де мәдени мұраның тарихын археологтың жеке көзқарасы шеше алады.

Тарихи-мәдени мұралардың табиғат әсерінен және шаруашылық мақсатта бұзылуынан басқа, арнайы тонаушылық әрекеттер де қауіп төндіреді. Заңсыз қазбалар арнайы білімі жоқ аймақтанушылар тарапынан да, сол секілді коммерциялық мақсатта жеке тұлғалар тарапынан жасалады. Соңғылары экспонаттарды алыпсатарлардың қолына өткізеді, ал олар жеке коллекционерлердің қажеттілігін қамтамасыз етті.

Бұл жағымсыз жайттардың бәрі ескерткіштердің дұрыс қорғалмайтындығынан, ғылыми жұмыстардың жеткіліксіз қамтылуынан, түрлі мемлекеттік кәсіпорындардың қорғау жұмыстарына шығын жұмсағысы келмегендіктен орын алады. Археологиялық ескерткіштер орналасқан жерлер (мемлекеттік ескерткіштер реестрына енгізілген, енгізілмеген болса да) ерекше топқа бөлініп, шаруашылық және басқа мақсаттағы жерлерден ерекшеленіп, қоршалуы керек.

Жылжымалы және жылжымайтын археологиялық ескерткіштердің маңызы оның физикалық маңызында ғана емес, ең алдымен бұл ескерткіштер материалдық, рухани мәдениет және адамдардың мекен еткен ортасы туралы маңызды ақпаратты сақтаушы.

Археологиялық ескерткіштерді жоғалту материалдық қана емес рухани мұраны жоғалту.

Археологиялық мұраға қатысты тығырықтан шығар жол аталған мәдениетті түп-тамырымен жаңғырту болуы керек. Археологияны жаңғырту мен дамытудың мемлекеттік, аймақтық жоспарларын құру керек; жұмыстардың әдістемелік жағына көңіл бөлу; материалдық-техникалық базаны дамыту; археологиялық мұраны сақтаумен, басқарумен айналысатын кадрлар дайындау. Бірақ та бұл мәселенің бәрі археологиялық мұраның құқықтық базасының жеткілікті қамтамасыз етілген уақытында, қадағалау мен басқарудың өз жүйесінде жүргізілгенде іске аспак.

Қазіргі біздің Қазақстан археологиялық мұрасы мен аймақтарына деген қоғамдық, мемлекеттік және ғылыми қатынасымыздың жағдайы мынандай: ескерткіштерді қорғау мен пайдалануда шетелдік тәжірибені зерттеу мен пайдалану біз үшін өте маңызды. Бірнеше басты жағдайларды бірден айта кету керек:

1. Археологиялық ескерткіштерді пайдалану мен қорғауда шетелдік тәжірибеден артта қалушылық. Археологиялық мұраны қорғау мен пайдалануда әлемдік жүйеге енбеуі;

2. Отандық тәжірибеде ескерткіштерді сақтау әрқашан оларды қазіргі уақытта пайдалану тапсырмасынан тыс болды;

3. Археологиялық мұраны бір бағытта ғана пайдаланды, тек ғылыми мақсатта, тек қазбалар арқылы және оларды құрту арқылы;

4. Археологиялық мұраны қорғау жөніндегі фактілік заңнаманың жоқтығы, іс-әрекетсіздік, декларативтілік;

5. Археологиялық мұраға қатысты ғылыми және қоғамдық өркениетті концепцияның болмауы.

Біз археологиялық ескерткіштерді енді ғана формальді қорғап жүргенде әлемдік тәжірибе біршама алға кетті. Арнайы құрылған жүйесіз археологиялық ескерткіштерді қазіргі уақытта пайдалануға болмайтынын әлем әлдеқашан түсінген. Сонымен қоса тек осындай жүйенің құрылуы ғана археология ескерткіштерді шын мәнінде сақтай алады.

Ескерткіштер жайлы және тарихқа дейінгі орындар туралы құжаттарды қарастыру, халықаралық кенестер мен Еуропа кеңесінің басты бағытталған жұмысы болды. Оның ішінде 1990 жылы

қазанда қабылданған «Археологиялық мұраларды қорғау және басқару туралы хартия» ережесіне аса көңіл аударған жөн. Негізінен, археологиялық мұра, бүкіл адамзат мұрасы және ол қоғамға ортақ белгілі бір тұлғаға, ұлтқа және ғылымға тәуелді емес. Бұл халықаралық құжаттардың негізі болуы қажет.

Археологиялық мұра, қайта өңдеуге келмейтін мәдениеттік дерек болып табылады. Археологиялық қордың құрылуы, яғни, қазылмайтын нысандар, осы саясатының бір бөлігі болуы қажет. Археологиялық мұралар жайлы қағидалар негізінен қоғамдық басқару басқармасының міндеті, қазба жұмыстары, эксплуатация, консервация, қорғау, сақтау жұмыстары, реконструкция, археологиялық мұраларды қолдану және мамандандырылған қызметкерлерді дайындау болып саналады.

Құнды рекомендация құрамында «Ескерткіштерді реставрациялау мен консервациялау халықаралық хартиясы (Венеция хартиясы) ИКОМОС және археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу қағидаларын анықтайтын халықаралық рекомендациялар» 1956 жылы ЮНЕСКО-да қабылданып, археологиялық ескерткіштерге консервацияны қолдану жолдары көрсетілген. Еуропалық консервация археологиялық мұраларды қорғау міндеттерін қабылдап, ол археологиялық қорықтарды жер бетінде және су астында құрылып, заттай деректерді сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуі қажет. Археологиялық ескерткіштер қазба жұмыстары кезінде немесе одан кейін ашық және қорғаусыз, консервациясыз қалмайды. Мақалада консервация негізінен археологиялық қорықтарды құру және қорғау, сақтау бойынша 1991 жылы маусым айында қабылданған келесі құжатқа назар аударсақ, оның екінші бөлімі түгелдей мәдениетке және мәдени мұраға арналған. Негізінен 12-ші бетте көрсетілгендей: «Мәдени мұраның ең негізгі бөліктерінің бірі, болашақ ұрпаққа мұра болып қалатын мәдени ландшафттарды сақтау болып саналады».

1979 жылы Еуропа кеңесінің парламенттік ассамблеясы археология саласына байланысты № 872-ші қаулысын қабылдады.

Халықаралық құжаттар археологиялық мұраларды сақтау қиыншылықтары осы мұраларды пайдаланумен тығыз байланысты екенінің куәсі бола алады.

Заманауи мұраларды пайдалану жүйесі келесі алғышарттардан тұрады:

- 1) «Археологиялық мұра барлық адамзатқа ортақ»;
- 2) «Археологиялық мұра қайта өңдеуге жарамсыз»;
- 3) «Бұл мұраларды қорғау, бір ғана археологиялық әдістерге негізделуі қажет»;
- 4) «Археологиялық мұраларды қорғау, белсенді қатысуы саясаттың бір бөлігі».

Бұл ережелер археологиялық мұраларды қорғау және басқару хартиясында көрсетілген. Олар археологиялық мұраларды өркендетті әлемде пайдаланудың заманауи жүйесі болып саналады.

Мәдени мұра мәселесі көптеген мемлекеттердің күн тәртібінен түспейтін мәселе болып қала беруде, соның ішінде посткеңестік елдерде де.

Археологиялық мұраны сақтаудың жаңаша көзқарастары тұрғысында алыс шет елдердің тәжірибиесі көмек бола алады. Археологиялық мұраны сақтау жұмысында шет елдердегі осы саладағы мемлекеттік жоспарлары мен заңдық актілерін білген дұрыс.

Қазіргі қоғам өзін ежелгі заманмен байланысын анық сезеді. Сондықтан ежелгі даму фазаларының анықтамасы ретінде ескерткіштер қорғау мен сақтауды қажет етеді. Ескерткіштерді қорғаудағы екінші негізгі фактор – олардың ғылыми мақсаты. Ұлттық тарихты оқытудың әдістемесінде тарихи ескерткіштердің барлық түрін зерттеуге шақырады. Археологиялық ескерткіштердің туризм объектісі ретіндегі рөлі арта түседі. Ұлттық және халықаралық жалпылама туризм қазіргі экономикалық өмірдің ажырамас бөлігі. Археологиялық мұраны басқаруда бұл бөлім қоғамның археологиялық зерттеуге деген көзқарасын өзгертеді және оның қаржыландырылуына көмектеседі. Сонымен қатар археологиялық мұраны сақтау бұл, академиялық зерттеулердің дерек көзін сақтау.

Тарихи-мәдени мұраны басқаруда кадрлар даярлау жүйесі Ұлыбританияда жақсы қолға алынған. АҚШ-та 1970 жылдары мұраларды басқару мақсатында аспиранттарға арнайы курстар ашылған болатын. Италияда студенттер мұраларды басқаруды арнайы пән ретінде өтеді.



Мәдени мұраны қорғаумен айналысатын адамдар археологиялық материалдар жайлы кең көлемде білімді және жан-жақты болуы тиіс. Сондай-ақ олар негізгі басқару функциялармен (қаржылық бақылау, бюджет, қызметкерлерді басқару, проектiлердi жоспарлау) таныс болуға тиіс. Құқықтық қорғау т.б. мәселелерде білімді болуы керек. Көптеген мемлекеттерде мұраларды қорғау мәселесі жекелеген азаматтардың жекеменшік жер құқын қорғауда заңдық негізінде қиындыққа тап болады. Бұл мәселенің қиындығын мемлекет қарамағындағы жер көлемінің үлкен болуы жеңілдетеді. АҚШ-та археологиялық мұраны сақтауға бағытталған федералдық ғылыми бағдарламалар мемлекеттің қарамағындағы жерде ғана жүргізіледі. Басқа мемлекеттерде жеке меншік құқық жақсы қорғалғанмен, құқықтық қорғаушыларға жеке меншік жер аумағына енуіне рұқсат (Испания, Дания, Швеция). Қытайда жылжымайтын археологиялық мұраларды қорғау эксперттік мамандардың ескерткішке берген бағасынан кейін автоматты түрде жүзеге асады.

Көптеген елдердегі археологиялық мұраларды қорғаудың әдістері мен формаларының көп түрлілігіне қарамастан, барлығының мақсаты индустриалды және ауылшаруашылығының дамыған кезеңінде мұраларды заңдық-құқықтық тұрғыда қорғауды жүзеге асыру. Сол себепті археологиялық мұраларды заңдық қорғау заңның басқа салаларымен бірге дамуда. Осының бәрі мемлекеттік құқықтық мәдениеттің дәрежесін көрсетеді.

#### **4.2. Археологиялық ескерткіштердің музеефикация мәселесі**

Көптеген археологиялық ескерткіштер тарихи қалыптасқан, даму үстіндегі қалалық және ауылдық жерлердің территориясында орналасқан. Сондықтан да ғылыми-методикалық мәселелердің негізгі өзекті мәселесі ретінде археологиялық ескерткіштерді, ежелгі орталықтарды және олардың мәдени қабаттарын сақтау болып табылады. Үлкен және кіші қалалардың, ауылдық жерлердің территориясындағы археологиялық ескерткіштер тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің ішіндегі бұзылуға көп ұшырай-

тындары және оларды сақтап қалу маңызды және күрделі сұрақтардың бірі.

Көптеген жергілікті жерлердегі құрылыс және жер жұмыстарын алдын ала жүйелі түрдегі қазба жұмыстары немесе құрылыс аумағында археологтың қадағалауы қажет (осындай жұмыстар соңғы жылдары мұнай, газ құбырларын тартуда және жол магистральдарын салуда жүргізілуде). Қажет болған жағдайда жобалық-қаржылық-сметалық құжаттарға түзету енгізіледі.

Археологиялық ескерткіштерді пайдаланудың ең негізгі жолы – музеефикация. Археологиялық ескерткіштер музейдегі экспозициялар ретінде өлкенің, облыстың, ауданның, қаланың тарихын танып-білуде көрнекілік құрал ретінде көрсетіледі. Бұл үшін қазба барысында, болмаса жеке тұлғалар әкеліп тапсырған ескерткіштер қатар қолданылады. Кейбір жағдайларда археологтар басқа мамандармен бірге отырып археологиялық қазба барысында табылған заттарды өңдеумен, қалпына келтірумен айналысады. Мұндай іс-шаралар нысандардың мерейтойлық жобаларын жасау уақытында көптеп қолға алынады. Мысалға, Түркістан қаласының 1500 жылдық мерекесін тойлауда жасалды.

Осы уақытта археологияның негізгі мақсаты – ежелгі құндылықтар арасындағы байланысты анықтау, соның арқасында үйдің немесе тұрақжайдың қай әлеуметтік топқа тиесілілігін білу. Археологиялық зерттеулердің негізгі қорытындылары кешенді түрде көрсетілуі мүмкін. Сондықтан да археологиялық қол жеткізілген табыстарды жарнамалау үшін қазба-музейлер, археологиялық музей-қорықтар (ашық аспан астындағы) ашылуы тиіс.

Археологиялық реставрацияда, археологиялық қазбаларды сақтауда біркелкі әдістің болуы мүмкін емес. Әрбір реставрацияны жасау кезінде құндылықтарды халыққа қалай жеткізгісі келсе соған байланысты әдісі болады:

Біріншісі – «қалпак» әдісі. Қазылған археологиялық объектіні музей ретінде жабық кешен етіп консервациялау. Кей кездері көшіріліп, қайта жинақталған ескерткіш орнында. Бұл әдістің ерекшелігі ескерткіштің өз қалпын бұзбай сақтау және жыл мезгілдерінің қай уақытында да қол жетімді ету. Осы әдіс әдетте демонстрацияға арналған музей залы секілді.

Екіншісі – табиғи консервация әдісі. Бұл әдісті қолдану барысында ескерткіштің археологиялық, стратиграфиялық, архитектуралық келбетіне мейлінше аз өзгерістер енгізіледі. Көрермендер назарына ұсыну үшін нысан ұзақ уақыт бойы физикалық-химиялық, құрылыстық консервациялық фиксацияға ұшырайды. Бұл әдіс негізінен архитектуралық-археологиялық ежелгі мәдениет қалдықтарын көрсету үшін көп қолданылады. Мұндай орындар тарихи-архитектуралық, көркемдік қызығушылық тудырады. Оның жарқын бір дәлелі ретінде Отырар қорық мұражайын айтуға болады.

Сондай-ақ бұл консервациялау әдісінде де өзінің кемшіліктері бар. Құрылысшылар мен химиктердің қолындағы қоспалар өміршең емес. Құрылыстың мәңгілік еместігінен әрбір 10-15 жылда жаңғырту жүргізіп отырылуы архитектуралық-археологиялық нысанның бұзылуына алып келеді. Сондықтан консервациялаудың сенімді әдісі болмаса, қазбаны қайтадан жаба салған дұрыс. Тағы бір айта кететін жайт ескерткіштің үлкендігіне байланысты оның жекелеген бөліктерінің сақталуына мән беру керек. Мысалға, компактті, кішірек ескерткіштердің барлық бөлігі бірдей сақталу үшін консервация жасауға болады. Егер де, ескерткіш үлкен аумаққа шашырап орналасқан болса, онда оның графикалық реконструкциясын ғана жасаған тиімді.

Үшіншісі – реконструктивті-археологиялық макеттеу әдісі. Бұл жоғалған мұраның қалған бөліктері арқылы өз орнына қайта тұрғызу. Оны жаңғырту үшін сақталып қалған элементінен басқа да ақпараттар қолданылады (ескерткіш жайлы жазбалар, сызбалар, теңеулер т.б.). Макеттеу әдісінің әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады. Атап айтқанда реконструкция жоғалған ескерткіштің пішініне қатысты болмауы мүмкін. Ол археологиялық зерттеулер барысын көрсететін, қазбаның бір сәтінен көрініс болуы мүмкін. Сол арқылы әр кезеңнің құрылыс ерекшеліктерін көрсету.

Осы әдістің негізінде архитектуралық ескерткіштің қазба кезінде табылған ерте бөліктері жабық траншеяларда, жертөлелерде консервацияланады.

Археологиялық ескерткіштердің негізінде құрылған ашық аспан астындағы музей-қорықтар ерекше өмір тәртібін қажет етеді.

Бұл тәртіп көптеген ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды кешенді түрде өткізуді көздейді: 1) музей-қорықты қалалық құрылыс аймағынан бөліп алу; 2) қорғалатын аумақты белгілеу, соның ішінде қорық аумағындағы қорғалуға тиіс аумақты, құрылыс аумағына қадағалау жүргізу; 3) қорғаныс қызметіндегі құрылыстар тұрғызу, консервациялық-реставрациялық жұмыстар жүргізу, әрқашан толықтырылып отырылатын музей экспозициясына және қорды жинақтау мақсатындағы бөлмелер соғу. Бұл іс-шаралар қорық аумағында археологиялық қазбаны жүйелі түрде жүргізе отырып, табылған материалдарды болашақта пайдаға асыруды да қарастырады.

Ескерткіштің қалыптасқан қалпына археологтың араласуы, топырақ құрамын өзгертіп, оның беріктілік қасиетінің төмендеуіне де әсер ететінін естен шығармау керек. Ескерткішті аша отырып, оны өз уақытында консервациялау ескерткіштің бұзылуына алып келеді. Археологиялық ескерткіштерді бұзылудан алып қалу үшін өз кезегінде кешенді қорғау жұмыстары және су басу қаупінен қорғау іс-шаралары жүргізілуі керек. Бұл іс-шаралар қатарына ескерткіштерді су көздерінен су алу қаупінен, бекіту іс-шаралары, су өткізбейтін жабындылар, топырақпен бекіту шаралары кіреді. Іс-шараларды таңдауда гидрометеорологиялық, инженерлік-геологиялық зерттеулер және солардың негізінде техникалық-экономикалық қорытынды жасалады.

Ағаш құрылыстардың жақсы сақталуы, заттай материалдың көптігі және әртүрлілігі, Берел қорымын қайталанбас музейге айналдыруға жол ашты.

Үсті жабылған музейлер әдетте табиғат әсерінен бұзылуға көбірек ұшырайтын археологиялық ескерткіштерде соғылады. Оның үлкен танымдық-қызығушылық пен тәрбиелік маңызы бар.

Археологиялық ескерткішті көрсетілімге дайындау және қорғау жайлы қысқаша тарауда кең көлемді әдістер жайлы айту мүмкін емес. Әр нысан нені көрсеткіміз келгеніне байланысты ерекше көзқарасты талап етеді. Осы үшін де археологиялық ескерткіштерді музеефикациялау іс-шаралары алдын ала ойланылған, өлшенген болуы тиіс. Қазақстан территориясындағы әр кезеңнің археологиялық ескерткіштері өз кезегінде ақпараттық

тұрғыдан нені көрсетеді соны ең алдымен білу керек. Содан соң кешенді қорғау шаралары мен туристік бағыттарды қалыптастыру қажет. Соңында маман археологтармен және жоба құрушы құрылыммен ғылыми жоба негізінде ойға алған істі бастау керек – ашық аспан астындағы музей ашу. Сол уақытта жұмыс жасап жүрген материал (мәдени қабат, құрылыс) жылдам консервацияны қажет ететіндігін ұмытпау керек. Сондықтан да әрқашан көңіл толарлық консервация әдістері, білімді мамандар, нысанды тез және сапалы музеефикациялау құралдары қажет.

Археологиялық нысанды экспонаттау қай әдіспен жасалса да ең алдымен тарих және мәдениет ескерткіштеріне, музейге келуші адамдарға деген көзқарас дұрыс болуы шарт. Тарихи құндылықты аз уақытта дөрекі түрде орындалған көшірмесімен, алғашқы бейнесіне сәйкес келмейтін колөнер туындысымен ауыстыруға болмайды. Археологиялық ескерткіштерді «сәндеу, безендіру» оның бұзылуына себеп болады. Бұрынғы ескерткіштердің жобаларын жаңғыртуда жасалған артық іс-шаралар ескерткіштердің мәдени қабатының бұзылуына алып келді. Осындай «кәтерілі шаралардың» орнына камалдың аумағында қорғаныс бөліктерін коқыс пен бұталардан тазарту, бұзылудың алдын алу үшін ескерткіштің қираған жерін қалпына келтіру шараларын қолға алған жөн. Сол уақытта ғана аталған нысандар келушілер үшін тартымды бола түседі. Нысанды ақпаратты тұрғыда тереңдете көрсету үшін, нысанның жанына (егер жақын маңда музей болмаса) арнайы павильон жасап, ішіне нысан жайлы карталар, сызбалар, реконструкциялық келбеті, қысқаша тарихи анықтамалар т.б. орналастыруға болады.

Қазіргі уақыттағы қазба барысында табылған археологиялық ескерткіштердің қалдықтарын әр түрлі материалдардан қайта орнына келтіру музеефикацияның ең басты мәселесі. Ұзақ уақыттар бойына жер астында жатқан архитектуралық-археологиялық қалдықтар жер бетіне көтерілген соң қоршаған орта әсерінен жылдам бұзыла бастайды. Ондай ескерткіштердің бұзылу процесі архитектуралық ескерткіштерге қарағанда тез жүреді, өйткені архитектуралық құрылыстар үнемі жер бетінде тұрып қоршаған орта әрекеттеріне бейімделген. Сондықтан да қазылған

археологиялық құрылыстар жылдамдатылған бекітуді қажет етеді. Құрылыс материалдарының әр түрлі, тіптен олардың жекелеген бөліктері де әр түрлі консервациялық әдіспен бекітіледі.

Осы мәселелердің дұрыс шешімін табу үшін, ғылыми-реставрациялық және зерттеліп жатқан қазбалардағы археологиялық қалдықтарды консервациялаумен айналысатын ғылыми мекемелердің жоспарланған жемісті жұмыстары қажет. Қорғаныс жұмыстарын жүргізу әдетте созылып кетеді. Кейде археологиялық зерттеулердің аяқталуы мен консервациялық жұмыстардың басталу аралығында бірнеше далалық жұмыстар кезеңі өтіп кетеді. Осы уақыт аралығында ашылған археологиялық нысандарда желдің әсерінен үгіліп мүжіле бастаса, ылғалдың, температураның өзгеруінен тез бұзыла бастайды. Сондықтан мұндай нысандарды музейлік көрсетілімге дайындағанда көп күш пен қаражатты талап етеді. Егер қазылғаннан соң бірден жасалған болса, онда көп күш жұмсалмайды. Кей кезде ескерткіштердің жарамсыз болып қалып жатуы да кездеседі.

Аталған мәселелердің бәрі ескерткіштерді зерттеушілердің, реставрациялық бірлестіктердің жоспарлы іс әрекеттерімен қатар, өз уақытында қаржы бөлудің қажет екенін көрсетеді.

Археологиялық музей-қорықтарды құру жайлы сөз еткенде, олардың абаттандырылу мәселесіне тоқталайық. Археологиялық ескерткіштер қандай да танымдық, қызықты немесе тарих үшін қандай құнды болса да, оның аумағы өзіне сай болмаса, келушілердің онымен танысуға көңіл қоштары бола қоймасы анық.

**Туризм.** Туризм мемлекеттік сауда қызметтерінің бірі сияқты заманауи тұрғыда жаңа қарқынмен дамып келеді. Туристік нарықтың дамуы тек қаржыландыруды талап етпейді. Туризмнің сұранысын арттыру үшін оны белгілі бір экономикалық тұрғыда билікке көтеру жеткіліксіз. Ең басты мәселе туристерді қызықтыратын аймақтың ерекше болуы, шынайылығы, ерекше әсер қалдыра алуы, кейін тағыда қайтып келетіндей әсер қалдыруында. Қазақстан-шетелдің туристеріне аз танымал мемлекет. Оның ең жақсы деген тарихы мәдени мұраларының барлығы өз елінің тұрғындарымен көрші мемлекеттерге қол жетімді бола бермейді. Сол себепті туристік бағыттарды дамыту үлкен мәселе болып

табылады. Туризмнің ақпараттық мәселелері қазіргі кезеңде археолог, тарихшылар, өлкетанушылар, музейшілер және т.б. үлкен мүмкіндік береді. Экскурсиялық-туристік жұмыс екі компоненттен тұрады: 1. Мамандардың таңдауы бойынша құрылған туристік маршруттарымен экскурсия өтетін жерлер. 2. Экскурсияны жүргізу үшін дайындалған арнайы маман.

Ішкі және шетелге шығатын туризмдердің айырмашылығы бар, сондықтан экскурсия өтетін жерлерді, маршруттарды белгілеген кезде ескерткіштермен орындардың қай дәрежеге жатқызуға болатынын білу керек. Көптеген архитектуралық ескерткіштерді, ортағасырлық қалалардың кварталдарын өңдеу өткен дәуірге басқаша көзқараспен қарауды талап етеді. Сондықтан бұндай жана орындарға туристік маршруттар жүргізу қажет. Бұл жерде әр түрлі кезеңнің дәрежесін анықтайтын археологиялық орындар ерекше болып келеді. Маршруттың жолда жатқан кез келген археологиялық ескерткішті музейге айналдыру міндетті емес. Ол үшін арнайы эталонды нысандар бар. Бірақта оларды көрсетіп тарихын айтып беру әбден мүмкін. Сондықтан экскурсиялық маршруттарды ұйымдастыру, кезінде маман археологтар қатысып, дұрыс мәлімет беруі керек. Туризмнің таныстыру қызметінің негізгі бағыты мен міндетін анықтау негізгі жұмыс болып табылады. Тарихи-өлкелік экскурсия келесі негізгі әдістерді қолданады: анализ, көрермендік қайта құру, салыстыру, демонстрация және т.б.

Бастапқы – көру нысанды көрсету, ескерткіштің жалпы түрімен таныстыру, есте қалатын ерекшелігін айту. Сараптамалық-заттай археологиялық белгілерді жүйелеу болып табылады. Соның көмегімен ескерткіштің арнайы терминдері түсіндіріледі. Көрермендік қайта құру – нысанды тақырыпқа сай бастапқы қалпын қайта құру үшін қолданады. Яғни құрлыстар сақталмаған немесе күйреген кезде, нысанды бастапқы қалпына келтіру суреттердің көмегімен жүзеге асады.

Мәселені ықшамдау тарихи оқиғалардың нақты шекарасымен болған жерін айқындаумен есептеледі. Оқиғалардың қайта қалпына келуі сақталып қалған құжаттарға байланысты жүзеге асады. Салыстыру тарихи өлкелік экскурсия кезінде тарихи жағдайлардың, арнайы мәселелерді бір бірімен салыстыру. Оның

мақсаты-белгіленген аймақтың арнайы мәселелерін анықтау, нақтылау, белгілеу.

**Демонстрация** музейлерде көп қолданылады. Ол ортақ тақырыптағы үлкен көлемдегі заттарды белгілейді. Экскурсиялық нысандарды көрсету кезінде негізгі мәселеге әңгімелеп беру жатады. Сол құжатты әңгімелеу әр түрлі болып келеді. Бастысы, экскурсиялар өздерін ғылыми ізденістің қатысушылары ретінде сезінуі.

### 4.3. Насихат, өлкетану, туризм

Өткен кезеңдердің мәдени-тарихи құндылықтарын қоғамның рухани қызметтері саласына тарту адамгершілік, патриоттық және эстетикалық тәрбиенің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан республикасының үлкен археологиялық мұрасын насихаттау білім мен мәдениетті, ғылымды дамыту негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Әртүрлі дәуірге жататын археологиялық зерттеу объектілерімен байланысты жекелеген археологиялық ескерткіштер, тарихи мәселелер шеңбері, бұқаралық ақпарат құралдарымен кеңінен жария етілуде. Жаңа археологиялық ашылымдар ғылыми танымдық журналдар мен газеттердің, ғаламтор назарынан тыс қалмады. Сонымен қатар облыс, аудан, қала аумағында зерттеліп жатқан археологиялық ескерткіштер жайлы жергілікті ақпарат және насихаттау органдарында (телевидение, радио, газеттер) егжей-тегжейлі айтылды. Қазіргі кезде археологиялық ескерткіштердің сақталуы ескерткіштер орналасқан және құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан жердегілердің жалпыға бірдей мәдениеті мен жеке моральдық жауапкершіліктерін тудырады. Археологиялық мұраларды насихаттау бойынша үлкен жұмыстарды әр өңірдегі зерттеумен айналысатын мамандар жүргізеді. Олар мектеп оқушылары мен басқа да оқушылар үшін дәрістер оқиды және жергілікті тұрғындар мен олардың жұмыстарын көруге келушілерге археологиялық қазбалардың маңызы жайлы түсіндіреді, сондай-ақ билік органдары өкілдерімен әңгімелер өткізеді, ескерткіштерді қорғау органдарына зерттеу нәтижелері жайлы ақпараттар береді.

Республика бойынша археологиялық ескерткіштер тізімін ретке келтіру үшін облыс пен аудан бойынша мәліметтерді жинау тәжірибесінің болуы маңызды. Бірақ Қазақстан ҰҒА-ның Археология институтында археолог-мамандардың жетіспеуіне байланысты қазіргі кезде мұндай ақпараттарды жинау мен бақылаудың басқа жолын талап етеді. Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданы бойынша археологиялық ескерткіштер туралы деректер басылып шықты.

1-курс тарихшы-студенттер жыл сайын археологиялық тәжірибеден өтеді, төменгі курстарда «Археологиялық зерттеу әдістері» пәні, ал жоғарғы курста оларға «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау» мамандандырылған курсы оқытылады. Маман-археологтарды дайындауға арналған мұндай амалдар өте қажет, өйткені біздің республикамызда археологиялық мұраларды насихаттау бойынша жұмыстарды үнемі жүргізетін білікті археологтар жеткіліксіз. Археологиялық мұраларды түсіндірудің көптеп насихатталуы «Деректердегі» ескерткіштерді таныстырудың шеңберін кеңейтті. Ең алдымен ғалымдар, студенттер мен оқытушылар үшін қазбалар туралы, тарихи-мәдени мұраларға қатысты монографиялар, оқушылар үшін оқулықтар мен буклеттер, туристер үшін карталар мен жолашарлар, ал әртүрлі саладағы мамандар үшін археологиялық мұраларды құқықтық тәжірибеде пайдалану бойынша жұмыстар басып шығарылуда. Археолог – мамандар жинақтаған 1960 жылғы республика аумағындағы археологиялық ғылыми қызметтердің нәтижелері «Қазақстанның археологиялық картасы» деген атпен басылып шықты. Соңғы жылдарда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда және Ақмола облыстарының және жекелеген аудандардың тарихи, археологиялық және архитектуралық ескерткіштері жинақталып басылды. Мұндай негізгі еңбектер жоғарғы археологиялық кәсібиліктің көрінісі болып табылады, алдағы уақыттағы зерттеулерге сара жол ашады және ғылымның осы саласында жоғарғы нәтижелерді көрсетеді.

**Өлкетану (тарихи-археологиялық)** екі бағыттан тұрады. Біріншісі, әртүрлі маман иелері болып табылатын адамдардың қызығушылығы болады. Олар өлкетанушылықпен дербес айна-

лысады. Олардың өлкетанушылық қызметтерінің сипаттамасы белгілі бір мақсаттар мен мүдделерге негізделеді. Мұндай жағдайда өлкетанушы өзінің өлкесінің сан-қырымен танысу және алынған ақпараттарды басқа адамдарға жеткізу туралы өзінің алдына мақсат қояды, ол археологиялық, этнографиялық архитектуралық ескерткіштер туралы мәліметтер жинайды, суретке түсіреді, өзін қызықтырған мәселелерді жариялайды. Мұндай жарияланымдар жаңа танымал жағдайлар мен фактілердің ашылуына мүмкіндік туғызады. Тарих немесе археологияға қызығатын өлкетанушылар ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуға тырысады, қазба жұмыстарына тәжірибелік көмек көрсетеді, археологиялық материалдар жинауға көмектеседі, музейлермен үнемі байланыста болады және табылған заттарды музей қорына беріп отырады. Егер өлкетанушы тек рұқсат етілген ақпараттарды жинаса, өздігінен қазбалар жүргізбесе, заттар мен теңгелерді іздеп қазбаса жақсы болады. Өкінішке орай туған өлкенің тарихына деген махаббат коллекция жинауға деген құмарлыққа ұласып, өлкетанушы ескі заттарды жинай бастайды. Ол айналасындағы коллекционерлерді көріп, қандай да бір пайда әкелетін археологиялық нысандармен шұғылдана бастайды. Егер мұндай өлкетанушы маманға өзінде бар материалдармен танысуды ұсынса, онда ол өз қолындағы құжаттың немесе заттың қаншалықты құнды екенін білу мақсатын ғана көздейді. Мұндай «өлкетанушы» мемлекеттің қорына орны толмайтын шығын келтіреді және олармен шешуші күрес жүргізу қажет.

Өлкетанушылық қызметтің екінші бағыты өскелең ұрпақпен байланысты. Кеңес Одағы кезеңінде мектептік үйірмелер, мұражайлар мен бұрыштар, сондай-ақ жекелеген балалар туристік орталықтары болды. Мұғалімдер мен тәрбиешілер сыныпшілік жұмыстардың көмегімен оқушылардың білімін кеңейтті және тереңдетті, әртүрлі бағыттар бойынша өзіндік жұмыстарға деген қабілеттіліктерін дамытты.

Археологиялық үйірме үшін бірнеше специфика тән. Бұл үйірмені жүргізетін мұғалімдер балаларды археологияның негізі мен ескерткіштердің әртүрлі түрлерімен (қорғандар, қалашықтар, тұрақтар, жартас суреттері және т.б.) таныстырулары қажет. Бұған

қосымша үйірме мүшелері этнографияның негізі мен алғашқы қауымдық қоғам тарихы бойынша білімдерді де меңгеруі қажет. Үйірме сабақтарында мұндай ақпараттарды меңгеруге септігін тигізетін викториналар және басқа да ойын сабақтары өткізіледі.

Үйірме мүшелерінің жұмыстарының маңызды бөлігін тәжірибелік сабақтар құрайды. Тәжірибелік сабақтар туған өлкенің археологиялық ескерткіштері мен мамандардың қатысуымен өткізілетін археологиялық жұмыстарға қатысуды қамтиды. Археологиялық ескерткіштерді оқып үйрену облыс немесе аудандағы мұражайларға барудан басталады. Бұл жерде оқушылар облыс немесе ауданда ескерткіштерді қазу барысында алынған археологиялық коллекциялармен танысуға мүмкіндік алады. Бұдан кейін шынайы археологиялық объектілерді (калашықтар, қорғандар) көрсету мақсатында саяхат-барлау (жақын және алыс) жүргізіледі. Археологиялық барлау кезінде үйірме мүшелері белгілі бір аймақты зерттейді және археологиялық ескерткіштерді іздеу тәжірибесін үйренеді. Бұрын мәлім болмаған ескерткіштердің табылуы мүмкін. Мұндай жағдайда үйірме жетекшісі мүмкіндігінше суретке түсіріп бекітуге және материалдарды жинауға байланысты жұмыстар кешенін жүргізеді. Барлық жиналған мәліметтер мұраларды қорғау орындарына хабарланады. Ары қарай ескерткіштермен мамандар айналысады. Саяхат кезінде археологиялық ескерткіштер мен қазылатын жерлер (карьер, шұңқырлар) табылған жағдайда бұл жөнінде мұраларды қорғау және жергілікті басшылық мекемелеріне хабарлануы тиіс. Оқушылардың қазба жұмыстарына қатысуы олардың археологиялық ескерткіштерге деген қызығушылықтарының артуына үлкен әсерін тигізеді. Олар қазба әдістерімен танысады. Үйірме жетекшісі далаға шықпастан алдын ұйымдастырушылық-дайындық жұмыстарын жүргізуі тиіс. Қазба жұмыстары мен археологиялық іздеу жұмыстары кезіндегі техника қауіпсіздігі алдын-ала үйретіледі. Өлкетанушылық жұмыстарында үйірме мүшелерінің қазба жұмыстарына қатысу кезінде табылған археологиялық заттарға дұрыс қарым-қатынаста болуына айрықша көңіл бөлінуі қажет. Мектеп мұражайында заттар сақталмайды, олар мұражайларға жіберіледі. Біріншіден, мектепте мұндай заттарды сақтауға жағдай жасалмаған, ал екіншіден, мұндай заттар

адамдар көп баратын жерлерде сақталуы тиіс. Қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған олжалар міндетті түрде коллекциялық тізімге енгізілуі тиіс. Бұл әр түрлі сипаттағы заттардың ескерткіштер мен қай дәуірге жататындығын анықтауға мүмкіндік береді. Жекелеген жағдайларда ескерткіштерді қазуға жетекшілік ететін археолог мектеп мұражайына жаппай материалдарды (керамикалық ыдыстар) ұсынады және өзінің құжаттарына енгізеді. Үйірмешілердің археологиялық бұйымдар жөніндегі көзқарастарын кеңейту үшін мектеп мұражайына заттардың суреттерін қоюға болады.

Соңғы онжылдықта өлкетанушылық жұмыстар жаңа деңгейде өзгерді. Мектептерде өлкетануға байланысты сабақтар өткізіледі. Осы мақсаттар үшін өлкетану жұмыстары едәуір дамыған аудандарда оқу құралдары дайындалған. Оған табиғаттану, география, тарих пен археология енгізіледі. Ауданға байланысты қысқа сюжеттер оқушыларды ауданның өсімдіктер және жануарлар әлемімен, этнографиямен, фольклормен, танымал оқиғалармен, ауданның шаруашылық және мәдени объектілерімен таныстырады. Өзі тұратын аудан жөнінде жағымды ақпараттарды көп білу арқылы оқушы өзін қоршаған ортаға деген жаңа көзқарастарды қалыптастырады. Өлкетану туралы сабақтар өскелең ұрпақты ішкі мәдениетке тәрбиелейді және өз өлкесінің өткені мен келешегін құрметтеуге үйретеді.

Өлкетанумен танысуға негізделген кітап әртүрлі кәсіп мамандықтары оқушылары үшін дайындалған. Оқушылар арасында мәдени және тарихи ескерткіштерді насихаттау мақсатында аудан аумағында жүргізілген қазба жұмыстары жөнінде видеофильмдер, сонымен қатар мәдени ескерткіштер мен ескерткіш орындары жөніндегі сюжеттер жіберілсе жөн. Қазіргі кезде әр ауданда ашылып жатқан аймақтану мұражайлары мен мұраларға құрметпен қарау рухында өскелең ұрпақты тәрбиелеу қалыптастырылуда. Қазір ауданның барлық мектеп оқушылары мұражайларға барып, өз отандарының тарихи-мәдени құндылықтары жөнінде терең білім алуда және оларды сақтау мен көбейтуді үйренуде.

#### 4.4. Әлемдік археологияның даму тенденциясы

Қазақстан археологиясы жалпыәлемдік ғылыми тенденция жүйесінде дамуда, оның дәстүрлі бағытын, сондай-ақ жаңа заманауи талаптарын зерттеуде. Жалпыәлемдік ғылымның, сонымен қатар археологияның бірден-бір маңызды бағыттарының бірі *адамның пайда болуы және оның дамуын анықтау* (антропогенез) болып табылады. Мәдени жоспарда бұл тас дәуірі мәдениетін зерттеу (палеолит). Қазіргі заманғы зерттеушілер бұл ерте кезеңді зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті. Бұл бағыт Қазақстанда да сәтті дамуда.

Қазіргі таңда әлемдік ғылым әр кезеңдегі, әсіресе адамдардың мумиялық және тоңбасқан қалдығына жоғары қызығушылық танытуда. Соңғы он жылда осы мәселе бойынша бірнеше ірі зерттеулер Ұлыбританияда, Австрияда, Ресейде жүргізілді. Қазақстан территориясында Алтайдағы тоңбасқан қорғандарды зерттеу Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының басқаруымен белсенді түрде жүргізілуде.

Тоңбасқан қалдықтарды зерттеуде археология және генетикада халықтың этногенезін анықтау үшін жаңа бағыт *молекулалық - генетикалық ДНК анализі* болып табылады.

Археологиялық ғылымда өзекті бағыт ерте қоғамды кешенді зерттеу болып калуда. Бұл бағыт – «әлеуметтік археология» деп те аталады. Әлеуметтік археология шеңберіндегі негізгі бағыттың бірі – *этноархеология*. Археологиялық зерттеулерде алынған деректерді, заманауи қоғам өміріндегі көпсанды аспектілерін зерттеу бұрын қалыптасқан, бірақ соңғы 25 жылда жоғары қарқынмен дамуда. Қазақстанда бұл Қазақ хандығының қалаларын зерттеумен байланыста.

Археологиядағы маңызды бағыт – көне технологияларды зерттеу. Бұл салада үстемдік етуші эксперименттік археология және әртүрлі ғылыми әдістер сериясы болып табылады. Ең кең тарағаны – *трассология, металлография химиялық анализ* сериясы, палеометалл аймағын зерттеу, ерте модельдердің құрылуы.

*Сауда жолы, оның құжаттарын кешенді зерттеу* археологияның тағы бір бағыты болып табылады. «Ұлы Жібек Жолы»

тақырыбы саясат, экономика, мәдениет мәселелерін қарастырып, көшпелілер мен отырықшылардың қарым-қатынас мәселелерін зерттейді.

Соншалық маңызды және кең ауқымды соңғы уақыттағы бағыт – өнер және дінді зерттеу, яғни *таным археологиясы*. Осындай жұмыстар Қазақстанда белсенді жолға қойылған, археологиялық дерек базасы негізінде жұмыстар Қазақстанның көне дін жүйесі негізінде ( шаманизм, зороастризм, буддизм, ислам) бастапқы жұмыстар шықты.

*Археология және қоғам* ғылымдағы ауқымды топқа арналған ескерткіштерді зерттеу кезінде жиналған ғылыми құжаттар және анализден тұрады. Бұл сала негізінен ғылыми консервация, реставрация және ескерткіштерді музеефикациялаудан тұрады. Арнайы ғылыми зертеу мекемелері және институттар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен серіктесіп консервациялау жұмыстарын жүргізеді.

#### Зерттеудегі жаңа әдістер мен технологияларды қолдану.

Қазақстан археологтары зерттеулер барысында көптеген қазіргі заманауи әдістер мен технологияларды қолданады, атап айтқанда, магниттік және электірлік барлау, спутниктен суретке түсіру, космо суреттер, геоақпараттық жүйелер және т.б.

Электрондық тахеометрдің (лазерлік теодолит) аэрофотомен араласқан комбинациясы бейнелерді масштабтау техникасы үшін мүмкіндік береді. Интерактивтік ортаға көшкен сандық топографиялық ақпарат визуализацияны күшейтіп қана қоймай, сонымен қатар ежелгі және қазіргі заманғы ландшафт жағдайларын зерттеуге жол ашады. Соның айқын бір дәлелі ретінде ЮНЕСКО-ның «әлемдік мұра» бөлімінің қолдауымен аэросурет және ғарыштық түсірілімдер арқылы Отырар шұратының нақты шекаралары мен ирригация жолдары анықталды.

Әуеден түсірілген ақ-қара және түрлі түсті фото суреттердегі көзге көрінбейтін бөлшектерді көру үшін ылғалдылық және температура ауытқауларын көрсететін инфрақызыл сезімтал пленкалар қолданылады.

Қазақстан археологиясының алдағы жылдарға арналған негізгі бағыттарына тоқталар болсақ, қазіргі таңда Қазақстан тәуелсіздік

алғаннан бастап, археология ғылымы қоғамда жаңа әлеуметтік деңгейге жетті, ол өзінің дамуына жол ашты.

Тарихи зерттеулердің сапалы бағытталуы негізінде, Қазақстан халқының шығуы мен қалыптасуы Еуразиялық мәдениетке жататынын көрсетті, яғни көшпенділік пен отырышылық мәдениет, қалалар мен жазық далалар, әр түрлі этникалық дәстүрлер мен тілдер, Қазақстан мәдениетін айқын ашып көрсеткендей.

Осыған байланысты археология ғылымының дамуы барысында, ол ғылыми бағыттарды, тәжірибелік тапсырмаларды, келесі топтағы негізгі блоктарды қамтиды:

- Антропогенезді оқыту, адамның пайда болуы және Қазақстанның ерте кезеңдегі мәдениеті.

- Теориялық жұмыстардың қазіргі таңдағы Қазақстан ғылымына әсері, адам дамуының тарихи әлеуметтік ортада дамуы.

- Номадтардың көшпелі өркениетінің қалыптасуы, оның казак хандығы кезеңіне дейін дамуы.

- Отырықшылық пен көшпенділіктің ерте және ортағасырлардағы тарихы, Қазақстан жеріндегі протоқалалық өркениетте көшпенділердің отырықшылдануы.

- Қала құрылысы, салынуы және архитектурасы. Қолөнер орталықтары, сауда және ақша айналымы, ауыл шаруашылығы, идеологиясы, демографиясы, әлеуметтік қарым-қатынастары, техникалық дамуы.

- Түркі халықтарының тарихын жазу, ол Еуразия территориясындағы ірі этностардың бірі және тарихта үлкен роль атқарады.

- «Ұлы Жібек жолы – мәдениет сабақтастығының жолы» археологиялық зерттеуді жалғастыру. Бұл адамзат феноменінің өркендеуі. Ол ертеден терең тарихы бар ірі сауда жолы, Батыс пен Шығысты, Азия мен Еуропаны жалғастырды. Қазақстан осы ретте көпір және интеграциялық мәдениет болғандығын археологиялық зерттеулер дәлелдейді.

Қазақстан қалаларында әртүрлі діндер, мәдени эталондар, этностар кездеседі, олар қала өркендеуіне, мәдениеттің қазіргі таңға жетуіне ықпалын тигізеді.

Қазақстан қалаларын зерттеуде археологияның ролі маңызды, ортағасырлық X–XVIII ғасырларда мұсылман мәдениеті ретінде

Қаир мен Бағдаттан Жетісу және Шығыс Түркістанға дейінгі жерді қамтыды.

Тарихи терминдерді ашуда арнайы терминология мен дефиниция қолданылады. «Көшпелілер мәдениеті», «Көшпелілер өркениеті», деген терминдер мен «мифология», «эпос», «аң стилі» терминдерінің ашылуы әлі де әлсіз.

Дала мәдениеті мен өркениеті тек көшпенділікпен ғана емес, отырықшылықпен де, мал шаруашылығынан басқа, егін шаруашылығымен айналысты, қала мәдениетін қалыптастырды.

Қазақстан археологиясы болашақта археологиялық архитектура мен археологиялық діни жүйені және технологияны қамтуы тиіс. Ендігі уақытта археологиялық бағыттар мен мәселелерді компьютерлік технологиялар мен құжаттама, картография және хронологиямен зерттеу қолға алынады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Отандық және шетелдік мәдени саясаттың қандай ұқсастығы және айырмашылығы бар?

2. Археологиялық объектілерді музейфикациялаудың қандай түрлерін білесіз?

3. Аспан астындағы музей-қорығының ерекшелігі неден көрінеді?

4. Есіктегі археологиялық музей туралы не білесіз?

5. Археологиялық ескерткіштердің зерттеулік және қалыпқа келтіру жұмыстары қалай сәйкестендіріледі?

6. Археологиялық ескерткіштердің насихаты неге негізделген? Ол не үшін қажет?

7. Тарихи-археологиялық өлкетанудың жұмысы қандай? Оның негативтік жағы неден көрінеді?

8. Археологиялық ескерткіштер сыртқы және ішкі туризм жүйесінде қандай орын алады?



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі Қазақстан территориясы екі ежелгі мәдениеттің тоғысқан жерінде орналасқан – көшпенділік және отырықшылық. Олар көптеген ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келген, үздік материалдық және рухани жетістіктермен бөліскен. Бұл жерде көп халықтар, ежелгі өркениеттер мәдени ескерткіштері пайда болған.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыра бастаған кезден бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар бітірілді. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесін ЮНЕСКО әлемдік ескерткіш деп таныды.

Қазақстандағы 25 мың тіркелген ескерткіштер арасында алғашқы адамдардың тұрақтары, мыңдаған жылдар бойғы тарихы бар қалалар бар. Осы мыңдаған археологиялық жәдігерлер арасында ежелгі, ортағасырлық, шығыс сәулет өнерінің құнды қазынасы жатыр. Қызылорда облысындағы б.з.д. IV-II ғасырлардағы Баланды-II ескерткіші – кірпіштен жасалған әлемдегі алғашқы күмбездердің бірі. Маңғыстау ескерткіші – өзіндік, автономды сәулет стилінің әлемде қайталанбас дамуы. Жамбыл облысындағы Айша бибі кесенесі – Қазақстан территориясында VII-VIII ғасырларда құрылыс технологиясының даму деңгейінің зор екендігін көрсететін тағы бір әлемде қайталанбас сәулет туындысы болып табылады.

2004 жылы тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру, реставрациялау, консервациялау және мұражайландыру болып табылатын «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарлама жасалып, қабылданды, бүгінгі күнге дейін жұмыс істеуде.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарлама қабылданғалы бері қазірге дейін Айша бибі кесенесі, Арыстанбаб, Абат-Байтақ, Есімхан, Қарасопы, Мақұлтам, Ысқақата, Жабраилата, Караман Ата қорымдарында, Петропавл қаласындағы «Абылай хан ордасы» кешені сияқты 78 тарих пен мәдениет ескерткіштерінде реставрациялық жұмыстар аяқталды, біздің түп-түқияндарымыз туралы көптеген мәлімет беретін ғылымды мыңдаған артефактілермен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Соңғы үш жылда «жоктан» екі мұражай-қорық – Алматы облысындағы Есік және Шығыс Қазақстан облысындағы –Берел мұражай-қорығы іске қосылды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабы инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысандар) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды.

Мемлекет «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру аясында шет елдердегі ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде. Дамаск қаласындағы Сұлтан әз-Захир Бейбарыс кесенесі, Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыс мешіті реставрациясы, Дамаскідегі әл-Фараби тарихи-мәдени орталық-кесенесінің құрылысы сәтті аяқталды. Мұның бәрі соңғы жылдарда атқарылған істердің бір парасы ғана.

Бұл оқу әдістемелік оқулық археологиялық ескерткіштер мен олардың жағдайын, оларды қорғауды тереңдетпейді. Біздің мақсатымыз қажетті орындағы археологиялық қызметті, олардың міндетін нақтылауда арнайы бағыт көрсету болып табылады. Отандық және шетелдің археологиясына сүйене отырып жаңа археолог дайындауды көздейді. Айта кететін жайт, арнайы қазба жұмыстары ескерткіштерді сақтай алмай қалған жағдайда ғана соңғы мүмкіндік ретінде жасалады. Мысалы, аса үлкен немесе кіші қалаларда бұл күрделі де, нақты шешім қабылдайтын мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, жобалық жұмысты тоқтата тұруға келмейді, өйткені қала үнемі даму үстінде. Сондай-ақ бұл аймақтарда қандай да бір археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу үшін оны музейлік немесе реставрация тұрғысынан қарау керек. Арнайы құрылған актілер мен заңдарды ұстану, билік өкілдерімен байланыста болу, архитектура немесе құрылыс орындарымен байланыс орнату, реставрация жүргізу ескерткіштерді сақтап қалудың бірден бір амалы болып табылады. Археолог арнайы дайындалған маман болуы қажет. Олар археологиялық білімі жоқ тек өз қызығушылығы үшін жеке адамның жүргізетін қазба жұмысы қатарында болмауы керек.

Үлкен көлемдегі тұрғындармен жұмыс жасайтын археолог сол жердің археологиялық ескерткішін анықтауға, оның мәнісін түсіндіруге, республиканың көне тарихи тұрғындары жайлы арнайы білімді қалыптастыруы қажет.

## ЭДЕБИЕТТЕР

1. Конвенция о защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта (14мая 1954) Конвенции и рекомендации ЮНЕСКО по охране культурного наследия. – Мн.: Тыздзень, 1999. – С. 10-25.
2. Долгов С.Г., Жбанков В.А. К вопросу о понятии «культурные ценности» и состоянию борьбы с их незаконным оборотом в системе правоохранительного блока Государственного таможенного комитета Российской Федерации Сборник докладов и нормативно - правовых актов государств - участников СНГ по проблемам сохранения культурных ценностей. – М.:интерфест, 2001. – С.109-110.
3. Смирнов А.С. Методические указания по проведению проектных археологических работ в зонах народнохозяйственного строительства. – М. 1990 .
4. Гусев С.В., Загоруйко А.В. Зарубежный опыт сохранения археологического наследия. Общий обзор археологический фактор в планировочной организации территории. Материалы семинара. – М., 1997. – С.264-276.
5. Акуленко В.И. Реституция культурных ценностей в правовом поле Пакта Рериха // «Рериховское наследие»: Труды Международной научно-практической конференции: Том. I: Музей-институт семьи Рерихов в культурно-историческом пространстве Санкт-Петербурга. – СПб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2002. – 580 с.
6. Александров Е. Пакт Рериха и международная охрана памятников истории и культуры. – София Пресс. 1978.
7. Богуславский М.М. Международная охрана культурных ценностей. – М., Межд. Отнош-я, 1979.
8. Боярский П.В. Введение в памятниковедение / Сов. фонд культуры, Центр комплекс. подв. исследований, Информ. центр гуманит. исследований, НИИ культуры и др. – М., 1990. – 218 с.
9. Веденин Ю.А., Шульгин П.М. Новые подходы к сохранению и использованию культурного и природного наследия в России // Изв. АН РФ. Сер.геогр. – М., 1992. №3. с. 90-99.
10. Дайфуку, Хирохи. Задачи охраны памятников (Национальные законодательные документы. Международные соглашения) // Консервация и реставрация памятников и исторических зданий (Перевод с французского). 11. М., Стройиздат, 1978. – С. 34-60.
12. Елеуов М.Е. Археологиялык зерттеулердің әдістері. –Түркістан: Тұран, 2006. – 151 бет.
13. Зарубежное законодательство в области сохранения культурного и природного наследия (Информационный сборник). М.: Институт наследия, 1999.

14. Каганский В. Ландшафт и культура // Общественные науки и современность. 1997, №1, с.134-146, №2, – С.160-169.
15. Кашкин С.Ю. Хартия Европейского Союза об основных правах: Комментарий / Под ред. проф.Кашкина С.Ю. – М.: Юриспруденция, 2001.
16. Клименко Б.М. Общее наследие человечества (международно-правовые вопросы). – М.: Межд.отнош-я, 1989.
17. Консервация и реставрация памятников и исторических зданий (Перевод с французского Н.И.Суходрев и Ж.С.Розенбаума). – М., Стройиздат, 1978.
18. Кузьменков С.Ю. Принятие Второго протокола к Гагской конвенции 1954 г. о защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта // Материальная база сферы культуры (научно-информационный сборник). Вып. 3, РГБ., Информкультура. – М., 1999, с. 3-27.
19. Культурные ценности: понятие, значение, отношение к ним общества, признаки и классификация, причины утрат. Обеспечение сохранности и защиты, организация работы по их спасению. Международные законодательные акты о защите культурных ценностей.- Сохранность и защита культурных ценностей: Учеб. пособие / Санкт-Петербург. гос. Акад. Культуры. – СПб., 1994. – 60 с.
20. Макасовский В.П. Всемирное культурное наследие. – М., Логос, 2002.
21. Мартынов А.И. О зарубежном опыте охраны и использования археологических памятников. // Материалы научно-практической конференции: Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. – Барнаул, 1996, с. 12-19.
22. Международные нормативные акты ЮНЕСКО/ Сост. И.Д. Никулин. – М.: Изд.фирма «Логос», 1993. – 640 с. (Комиссия РФ по делам ЮНЕСКО).
23. Международно-правовые документы по вопросам культуры. Под ред. Запесоцкого А.С. – СПб.: СПбГУП, 1996. – 388 с.
24. Международное право и охрана культурного наследия: Документы, библиография /Авт.-сост.: М.А. Полякова, А.А. Александров; Под ред. С.И. Сотниковой, И.М. Вандулакиса. – Афины, 1997. – 235 с.
25. Молчанов С.Н. Сборник правовых актов Совета Европы о сохранении культурного наследия (часть 2)/ Сост. С.Н. Молчанов; перевод: К.К.Ананичев, Д.Г.Батурич, Б.А.Долинго, В.В.Кузнецов, А.В.Чингин; НПЦ по охране памятников истории и культуры Свердлов.обл. – Ек.: Банк культурной информации, 2003 – 528 с.
26. Онуфриенко Г.Ф., Веденин Ю.А. Зарубежное законодательство в области сохранения культурного и природного наследия (Информационный сборник). – М.: Институт наследия, 1999.
27. Охрана и использование памятников истории и культуры: Сборник документов. – Алма-Ата, 1979.

28. Рубаник К.П. Гагская конвенция 1954 г. о защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта. Советское государство и право, 1957, № 8.

29. Сборник правовых актов Совета Европы о сохранении культурного наследия / Сост. С.Н. Молчанов; - Научн.-производств. Центр по охране памятников Свердлов. обл. - Екатеринбург: Банк культурной информации, 2001. - 520 с.

30. Сохранность и защита культурных ценностей: Учеб. пособие / Санкт-Петербург. гос. Акад. культуры; Сост.: Ласкавий В.С., Абалян И.Г., Касторский В.С. - СПб., 1994. - 60 с.

**Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы  
Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі  
№ 1488-ХІІ Заңы**

**Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы**

- 1-бөлім. Жалпы ережелер
- 2-бөлім. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері
- 3-бөлім. Тарихи-мәдени мұраны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару
- 4-бөлім. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласын қаржыландыру
- 5-бөлім. Тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың қатысуы
- 6-бөлім. Тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу
- 7-бөлім. Тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдалану тәртібі
- 8-бөлім. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік және олардың орындалуын бақылау
- 9-бөлім

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

**1-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**2-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының мақсаты мен міндеттері**

Осы Заңның мақсаты тарихи-мәдени мұраның сақталуын және сабақтастық дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды реттеу, атап айтқанда:

- тарихи-мәдени мұра ұғымын анықтау, оны қорғау және пайдалану;
- тарихи-мәдени мұра объектілерінің құқылық мәртебесін баянды ету;
- мемлекеттік өкімет органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ жекелеген адамдардың тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы қоғам мен халық алдындағы құқықтары мен міндеттерін регламенттеу;
- мемлекеттік органдардың тарихи-мәдени мұраны қорғау саласындағы құзыретінің ара-жігін ашу;
- тарихи-мәдени мұраға тікелей немесе жанама түрде зиян келтірушілердің іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін жауапкершілік шараларын белгілеу болып табылады.

### 3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) тарихи-мәдени мұра - мемлекеттік маңызы бар және осыған орай өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз тек қана Қазақстан Республикасына тиесілі болатын тарихи-мәдени құндылықтар жиынтығы;
- 2) тарихи-мәдени мұра объектілері – кескін, мүсін туындыларымен байланысты, соның ішінде жылжымайтын мүлік объектілерімен байланысты жылжымайтын мүлік объектілері; сәндік-қолданбалы өнер объектілері; ғылым мен техника объектілері және материалдық мәдениеттің тарихи оқиғалар нәтижесінде туындаған, тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, этнология немесе антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысында құндылығы бар өзге де заттары; тарихи-сәулет, көркемдік, ғылыми және мемориалдық жағынан құнды, еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар объектілер. Тарихи-мәдени мұра объектілері осы Заңға сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді: қала құрылысы және сәулет ескерткіштері; археология ескерткіштері;
- 3) археология ескерткіштері – қала орындары, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің орындары, арналардың, жолдардың сілемдері, ежелгі көму орындары, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, көне заттар, ежелгі елді мекендердің тарихи мәдени кабатының учаскелері;
- 4) қала құрылысы мен архитектура ескерткіштері – сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орталықтар, махаллалар, алаңдар, көшелер, ежелгі жобалар мен қалалар құрылыстарының және басқа да елді мекендердің орындары; азаматтық, тұрғын үй, өнеркәсіп, әскери, ғибадат ету сәулетінің, халық сәулетшілігінің құрылыстары, сондай-ақ олармен байланысты монументтік сәндік, қолданбалы және саяжай-бақ өнерінің туындылары, табиғи ландшафтар;
- 5) тарих және мәдениет ескерткіштері – аталған құрылыстармен, үйлермен және ғимараттармен тарихи орныққан аумақтары бар жекелеген құрылыстар, үйлер мен ғимараттар, тарихи, ғылыми, көркем және өзге де

мәдени құндылық болып табылатын мемориалдық үйлер, махаллалар, мазарлар, кесенелер мен жекелеген жерлеу орындары, монументтік өнер туындылары, Тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген және реставрациялаудың әлеуетті объектілері болып табылатын тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, археология ескерткіштері, ғылым мен техника объектілері, антропология, этнография, фольклор, нумизматика, эпиграфика, фотосурет материалдары, кинофильмдер, әдебиет пен өнер туындылары, мұрағат, қолжазба құжаттары, манускрипт кітаптар, көне құнды және сирек кездесетін басылымдар, жәдігерлер мен мемориалдық сипаттағы заттар;

6) алдын ала есепке алу тізімі – оларға тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында айқындалған тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің тізімі.

Ескерту. 3-бап жана редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### 4-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану:

- тарихи-мәдени мұраларды анықтауға, зерттеу мен насихаттауға;
- тарихи-мәдени қазыналарға тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін белгілеуге;
- ескерткіштерді құртып-жоюдан, жүгенсіздікпен қиратудан, бұрмалаудан, әдейі адастырудан, өнін айналдырудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи орнынан алып тастаудан қорғауды қамтамасыз етуге;
- консервациялау, реставрациялау, регенерациялау және факсимилелік басылымдар шығару жолымен ескерткіштерді сақтауға және жаңғыртуға;
- ескерткіштерді олардың сақталуын қамтамасыз ететін қағидаларға сәйкес күтіп-ұстауға;
- ескерткіштерді этнографиялық-мәдени ортаның түлеуі процесінде, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсаттарға пайдалануға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

Көзделіп отырған шаралар жүйесі Қазақстандағы ескерткіштер деп танылған барлық тарихи-мәдени қазыналарға, олардың түріне, сақталу дәрежесіне және кімнің меншігінде екеніне қарамастан қолданылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### 5-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің құқықтық мәртебесі

Тарихи-мәдени мұра объектілері ескерткіштер мәртебесін осы Заңда белгіленген тәртіппен өздері ескерткіш деп танылған кезден бастап иеленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археологиялық ескерткіштердің барлық түрі тарихи-мәдени және ғылыми жағынан құнды және олардың тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесі болады.

Қазақстан Республикасындағы тарих және мәдениет ескерткіштері, осы Заңда көзделген тәртіппен міндетті түрде қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың, оларды меншіктену құқығын өзгертудің және оларды құқықтық мәртебеден айырудың ерекше құқықтық режимі болады.

Тарих және мәдениет ескерткішін құқықтық мәртебесінен айыруға, оны тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінен шығарып тастауға тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның арнаулы комиссиясымен келісілген ұсынысы бойынша, ғылыми сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ерекше жағдайларда (дүлей зілзала салдарынан қираған кезде) ғана жол беріледі.

Алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері олардың мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін, осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуы тиіс.

Ескерту. 5-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **6-бап. <\*>**

Ескерту. 6-бап алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **7-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі құзыреті**

Қазақстан Республикасы тиісті органдары арқылы республика заңдарымен белгіленген тәртіппен танылған және өз аумағында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі бүкіл билікке толық ие болады.

Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, бірақ басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан ескерткіштер де қорғауға, сақтауға және пайдалануға жатады.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, бірақ басқа мемлекеттердің, заңды ұйымдар мен азаматтардың меншігі болып табылатын ескерткіштерді қорғау, сақтау және пайдалану мемлекетаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасы казак халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың тарихи-мәдени игілігі деп танылған, республикадан тыс жерлердегі мәдени қазыналарды анықтауға, есепке алуды ұйымдастыруға, сақтауға және тарихи отанына қайтаруға шаралар қолданылды.

#### **2-бөлім. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері**

##### **8-бап. Меншік қатынастарын реттеу**

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік қатынастары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және республиканың басқа да заң актілерімен реттеледі. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері осы заңмен белгіленеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **9-бап. Меншік құқығы объектілері**

Осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша ескерткіштер деп танылған материалдық және рухани тарихи-мәдени қазыналар ескерткіштерге меншік құқығының объектілері болып табылады.

##### **10-бап. Меншік құқығы субъектілері**

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасы объектілеріне меншік құқығының субъектілері: Қазақстан Республикасы, әртүрлі меншік түрлеріндегі заңды ұйымдар мен Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады.

##### **11-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне мемлекеттік меншік**

Қазақстан Республикасының аумағындағы және басқа субъектілердің меншігі болып табылмайтын барлық тарих және мәдениет ескерткіштері, сондай-ақ заңдармен белгіленген тәртіп бойынша тарих және мәдениет ескерткіштері деп танылған археологиялық ескерткіштердің барлық түрлері, халық өміріндегі маңызды тарихи оқиғалармен байланысты естелік орындар, қала құрылысы және сәулет ескерткіштері, тарихи-мәдени ландшафтар тек қана Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады. <\*>

Қазақстан Республикасы казак халқының тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын, ол үшін тарихи-мәдени құнды тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын олардың меншік иелерімен жасалған шарттар бойынша сатып алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы атынан халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік иесі өкілетті тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **12-бап. Меншік субъектілерінің құқықтары**

Меншік иесіне тарих және мәдениет ескерткіштеріне өз бетімен құрту құқығын қоспағанда, меншік иесінің оларды меншік объектілері ретінде иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге құқығы бар.

Объект тарих және мәдениет ескерткіші деп танылған жағдайда меншік иесі оған меншік құқығын сақтап қалады.

Меншігінде тарих және мәдениет ескерткіші бар азамат, егер меншік объектісі өзіне мұрагерлік құқығы арқылы тиесілі болса және шығу тегі немесе мазмұны жағынан мұра етіп қалдырған адамның жеке басымен немесе меншік иесінің ата-бабасымен байланысты болса, ол ескерткіштің мазмұнын елу жыл мерзімге дейін жария етпеуді немесе зерттеу мен жария көрсетуге жол бермеуді талап етуге қақылы.

Меншік иесі ескерткіштерді пайдалану және іске қосу нәтижесінде пайда табуға (табыс алуға) құқылы, бұл құқық оларды қорғау жөніндегі міндеттемелермен шектеледі.

Қозғалмайтын ескерткіштерге меншік құқықтары өзгерген кезде, олардың аумағы жаңа меншік иесінің иелігіне тегін көшеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **13-бап. Меншік иелерінің міндеттері**

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері оларды сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырады және:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

2) тарих және мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштерін – сол ескерткіштердің орналасқан жері бойынша немесе тарихтың және мәдениеттің жылжымалы ескерткіштерін меншік иесінің тұрғылықты жері бойынша тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға тіркетуге;

3) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органды меншік құқықтарының пайымдалып отырған немесе болған өзгерістері туралы хабардар етуге;

4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органды тарих және мәдениет ескерткіштерінің орналасқан жерлерінің пайымдалып отырған немесе болған өзгерістері туралы хабардар етуге, олармен тарих және мәдениет ескерткіштерін күту және пайдалану жағдайларының өзгерісін келісуге;

5) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, консервациялау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды келісуге;

6) арнайы шарттарда белгіленген тәртіп пен шекте тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен тарих және мәдениет ескерткішіне ғылыми, мәдени және өзге де мақсаттарда қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Тарих және мәдениет ескерткіштері меншік иелерінің және оларды пайдаланушылардың міндеттемелері облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы беретін, меншік иесі немесе пайдаланушы қол қоятын және санамалап көрсетілген жалпы міндеттемелермен қатар тарих және мәдениеттің нақты ескерткіштеріне қатысты арнайы міндеттемелер қамтылған тарих және мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштерін қорғау туралы құжатта тіркеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 6) тармақшаларында көзделген міндеттемелер тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелеріне және пайдаланушыларына тең дәрежеде қатысты.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **14-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқықтарынан мәжбүрлеп айыру**

Меншік иесінің кінәсінен жойылып кету немесе бұліну қаупіне ұшыраған тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқықтарынан мәжбүрлеп айыру сот шешімі негізінде ғана жүзеге асырылады.

Меншік иесі өзіне осы Заңның 13-бабымен көзделген тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі міндеттемелерді алудан бас тартқан жағдайда, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының талап-арызы бойынша сот шешім қабылдайды.

Меншік иесін жеке меншігіндегі, оның тұрғын үйі немесе тұрғын жайы болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінен мәжбүрлеп айыру Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен оған өзге тұрғын жай және шарт бойынша тиісті өтем ақы берілмей жүзеге асырылмайды.

Бұл ретте, тарих және мәдениет ескерткіштері тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша шартпен белгіленген, ал дау туған жағдайда – сот белгілеген мөлшерде бұрынғы меншік иесіне өтемақы төлене отырып, мемлекет меншігіне беріледі.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **15-бап. Ескерткішке меншік құқығын сатып алу кезіндегі артықшылықтар**

Жалпы үлестік меншіктегі ескерткіштің бір бөлігінің меншік иелерінде осы ескерткіштің басқа бөліктерін меншігіне сатып алуға артықшылық құқығы бар.

Ескерткіштің басқа бөліктерін сатып алудың осы баптың бірінші тармағында көзделген артықшылық құқығы сатып алушы меншігінің ескерткіш мәртебесі болмаған ретте де қолданылады.

Ескерткіштерді жария сатқан кезде, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде айтылған реттерді қоспағанда, мемлекеттің оларды нарық (аукцион) бағасы бойынша артықшылықпен сатып алуға құқығы бар. Бұл реттерде мемлекетте осы баптың бірінші бөлігінде аталған меншік иелерінен кейінгі артықшылық құқығы болады. Ескерткіштерді мемлекетке беру үшін сатып алушы заңды ұйымдар мен азаматтар да рәсімделген міндеттемені табыс еткен жағдайда, мемлекет сияқты, нақ олар да осындай құқықтарға ие болады.

### **3-бөлім. Тарихи-мәдени мұраны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару**

#### **16-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдары жүйесі**

Қазақстан Республикасындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды мыналар жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары;
- тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган;
- Қазақстан Республикасының архивтерін және құжаттамаларын басқаратын мемлекеттік органы.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті**

- Қазақстан Республикасының Үкіметі:
- тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттің саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;
  - тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган туралы ережені бекітеді;
  - тарихи-мәдени мұра объектілерін мемлекеттік есепке алу, сондай-ақ оларды анықтау, зертеу, күтіп-ұстау, консервациялау, реставрациялау, регенерациялау, музейге айналдыру, насихаттау және пайдалану, әкелу мен әкету тәртібін, республика меншігіндегі тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы нарықтарын белгілейді;
  - тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және сақтау ережелерін белгілейді;

– тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау және есепке алу тәртібі туралы ережелерін бекітеді;

– тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережелерін белгілейді.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **18-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті**

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

- 1) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, қалпына келтіруді және пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 2) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 3) тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар ескерткіштерді есепке алуды, қорғауды және қалпына келтіруді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді;
- 4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын, мемлекет меншігіндегі ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;
- 5) мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының ставкаларын белгілейді;
- 6) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып, қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-құрылыс тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді;
- 7) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;
- 8) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған лауазымды адамдарды, азаматтарды, ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктерді жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;
- 9) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органына тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссиялар құру туралы ұсыныстар енгізеді;
- 10) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;
- 11) тарих және мәдениет ескерткіштері мен оларды қорғау аймақтары

бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жөндеу жобаларын қарайды және келіседі;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарих және мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалануды жүзеге асырады.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өз аумағында:

1) азаматтар мен ұйымдардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

2) жұртшылықты тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және насихаттау жөнінде іс-шараларды жүргізуге тартады;

3) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша, тарих және мәдениет ескерткіштеріне қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ оларға тыйым салу туралы мәселені шешеді;

5) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына немесе тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға өздерінің құзыреті шегінде, тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуін, құлау қаупін, оларды бұзуды жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) табиғи және өзге де экологиялық, тарихи, мәдени және ғылыми құндылығы бар объектілерді қорғалатын табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **19-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың бағдарламаларын әзірлейді және оны қалыптастыру мен іске асыруға қатысады;

2) тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйіне және оларды күтіп ұстау тәртібіне, сондай-ақ оларды жөндеу, реставрациялау, және консервациялау жөніндегі жұмыстардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, реставрациялау және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді және келіседі;

3) Қазақстан Республикасы аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен пайдалану ережелерін ұстануды қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштеріне зерттеулер, жобалық және реставрациялау-

консервациялау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын және (немесе) лицензиялар береді;

5) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін қызметті тоқтата тұрады немесе оған тыйым салады;

6) Қазақстан Республикасының мәдени құндылықтарды әкелу және әкету тәртібі туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған азаматтарды, ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктерді жауапкершілікке тарту туралы өтініш береді;

8) тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланушыларға олардың осы Заңды бұзғандығына байланысты нұсқамалар береді;

9) объектілерді тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды осы мәртебеде айыру туралы қорытындылар дайындау жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

10) мемлекет меншігіндегі және тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға беру туралы мәселені келіседі;

11) осы Заңды бұзған - ескерткіштерді пайдаланушыларға, азаматтарға, лауазымды адамдарға, ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге нұсқамалар жібереді;

12) жана тарих және мәдениет ескерткіштерін салуға бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **20-бап. Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттаманы мемлекеттік басқару органының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының архивтерді және құжаттаманы мемлекеттік басқару органы:

1) тарихи-мәдени мұраға қатысты тарих және мәдениеттің деректі ескерткіштерінің, сирек қолжазбалардың қорларын қалыптастыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінің тарих және мәдениеттің сирек қолжазбаларын, деректі ескерткіштерін анықтау мен жинау, оларды есепке алу, қорғау, реставрациялау, пайдалану және насихаттау жөніндегі жұмысына басшылық етеді;

3) мемлекеттік архивтерде тұрмаған тарих және мәдениеттің сирек қолжазбаларының, деректі ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асырады;

4) мамандардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, ғалымдардың және басқа да зерттеушілердің мемлекеттік архивтердегі тарих және мәдениеттің сирек қолжазбаларын, деректі ескерткіштерін зерттеуіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.



Ескерту. 20-бап жана редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **4-бөлім Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласын қаржыландыру**

##### **21-бап. <\*>**

Ескерту. 21-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**5. Тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың қатысуы**

**22-бап. Қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысуы**

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, оқу орындары, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар ескерткіштерді насихаттауға және көпшілікке танытуға қатысып, тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында азаматтар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер оларға қамқорлық белгілеуге құқылы.

Қоғамдық бірлестіктер тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі қызметін өз жарғыларына (ережелеріне), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**23-бап. Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысуы**

Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғауға, сақтауға және пайдалануға байланысты шараларды жүргізу ісіне халықты тартуға жәрдемдеседі, ескерткіштерді насихаттауды жүзеге асырады, өз қызметінде тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**24-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының тарихи-мәдени мұраны қорғауға және пайдалануға қатысуы**  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы:

– тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауға, зерттеуге және тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жинағын құрастыруға қатысады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **6-бөлім. Тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу**

##### **25-бап. <\*>**

Ескерту. 25-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**26-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер санаттарына жатқызу**

Тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және қорғауды тиімді ұйымдастыру мақсатында ескерткіштер мынадай санаттарға бөлінеді:

1) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енген халықаралық маңызы бар тарихи, ғылыми, сәулеттік, көркемдік, мемориалдық тұрғыдан құнды тарих және мәдениет ескерткіштері;

2) бүкіл еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.

Ескерту. 26-бап жана редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **27-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту тәртібі**

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енгізу үшін ұсынылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынады.

Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның келісуімен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

Ескерту. 27-бап жана редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**28-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның арнаулы комиссиясын құрудың тәртібі және оның құрамы**

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытындыны әзірлеу үшін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті комиссиялар құрады, олардың құрамына ғалымдар, мамандар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, шығармашылық одақтар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енеді.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **7-бөлім. Тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдалану тәртібі**

##### **29-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдалану**

Тарихи-мәдени мұра объектілерді Қазақстан халықтарының рухани және дәстүрлерін түлету және дамыту мақсатында, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсатта пайдаланылады.

Қала құрылысы және сәулет ескерткіштерін, қалалар мен басқа да елді мекендердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану режимі тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелеріне сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітетін оларды қорғау аймағы жобаларында айқындалады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **30-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға берудің тәртібі мен шарттары**

Тарих және мәдениет ескерткіштерін ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге, кәсіпорындар мен азаматтарға ғылыми, мәдени-ағарту, туристік және өзге де мақсаттар үшін пайдалануға беру осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын үйлер, ғимараттар тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен алдын ала келісім бойынша, олар аумақтарында орналасқан облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша пайдалануға беріледі.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**31-бап. Музейлердің, кітапханалардың, архивтердің, оқу орындарының, басқа да мекемелер мен ұйымдардың өздері пайдаланып отырған**

**тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі**

Қорларында Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштері бар мемлекеттік музейлер, кітапханалар, архивтер, оқу орындары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да мекемелер мен ұйымдар ескерткіштерді қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі қызметін осы Заңмен, сондай-ақ музей және архив қорлары туралы заңдармен белгіленген тәртіп бойынша пайдаланушылар құқығымен жүзеге асырады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **32-бап. Тарих және мәдениет ескерткішін пайдалану құқығынан айыру**

Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланып отырған кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер ескерткіштерді өз сипаты мен мақсатына сәйкес пайдалану міндеттерін бұзып, соның салдарынан ескерткіштің жойылу немесе бұзылу қаупі төнген ретте, олар ескерткішті пайдалану құқығынан айырылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін оның санатына қарай пайдалану құқығынан айыру, егер тарих және мәдениет ескерткішін пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінің немесе тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының өтініші негізінде соттың шешімімен ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **33-бап. Пайдалануға берілген жерлердегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер өздеріне пайдалануға берілген жердегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **34-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау**

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау ескерткіштерді қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келіскеннен кейін және соның бақылауымен ғана жүзеге асырылады. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау бюджет қаражаты, инвестициялар тарту есебінен, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иелері мен пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, реставрациялау, консервациялау жөніндегі жұмыстарды тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган беретін, осы қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялар және (немесе) арнайы рұқсат негізінде мамандандырылған ғылыми-реставрациялық ұйымдар, басқа да ұйымдар мен азаматтар жүргізеді.

Ғылыми-реставрациялық және басқа ұйымдар мен азаматтарды тиісті жұмыстар жүргізуге шарттар негізінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері немесе пайдаланушылар тартады.

Ескерту. 34-бап жана редакцияда – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**35-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта салудың жобаларын тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу**

Қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта салудың жобалары, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштері бар жерді пайдалану карталары тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **36-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтары**

Тарих, археология, қала құрылысы және сәулет, монументтік өнер ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Зандарымен белгіленетін тәртіп бойынша қорғалатын аймақтар, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленеді.

Күзет аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тиісті жергілікті атқарушы органдары айқындайды.

Аталған аймақтар шегінде тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсатынсыз жер өңдеу, құрылыс және басқа жұмыстарды, сондай-ақ шаруашылық қызметін жүргізуге тыйым салынады.

Ескерткіштерді қорғау аймақтары елді мекендердің бас жоспарларына, егжей-тегжейлі жоспарлары мен құрылыс жобаларына енгізіледі.

Егер ескерткіштерді жапсарлас немесе қорғалатын аймақтар арқылы өтетін жолдар бойымен көліктің жүруі ескерткіштердің өмір сүруіне қатер төндіретін болса, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының шешімімен мұндай жолдар арқылы көліктің жүруіне шек қойылады немесе тыйым салынады.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **37-бап. Тарихи-мәдени қорықтарды қорғау**

Айрықша тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени қазына болып табылатын ескерткіштер ансамбльдері мен кешендері, аумақтар тарихи-мәдени қорықтар деп жариялануы мүмкін, оларды қорғау олар туралы арнаулы Ережелер негізінде жүзеге асырылады.

### **38-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін бұзуға, орнын ауыстыруға, өзгертуге тыйым салу**

Қозғалмайтын тарих және мәдениет ескерткіштерін бұзуға, орнын ауыстыруға, өзгертуге тыйым салынады.

Объект дүлей апат салдарынан қираған және тарихи, ғылыми, көркемдік құндылығын жойған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен ерекше ретте ғана бұл ережені қолдануға жол беріледі.

Мұндай рұқсат алған кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, қоғамдық бірлестіктер немесе азаматтар ескерткішті бұзған, орнын ауыстырған, өзгертен кезде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шарттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, ал тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі "уәкілетті орган тарих және мәдениет ескерткіштерін ғылыми зерттеу және тіркеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндетті.

Аталған жұмыстарды жүзеге асыруға байланысты шығындар ескерткіштерді бұзуға, орнын ауыстыруға немесе өзгертуге рұқсат алған кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **39-бап. Аумақты игеру кезінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету**

Жер учаскелері бөлініп берілген кезеңде аумақтарды игерудің барлық түрінде жер пайдаланушылардың қаражаты есебінен тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау жөнінде зерттеу жұмыстары жүргізілуіне тиіс. Ескерткіштердің өмір сүруіне қатер төндіруі мүмкін жұмыстардың барлық түрін жүргізуге тыйым салынады.

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар осындай жұмыстарды жүргізу барысында тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы бар археологиялық және басқа объектілерді тапқан ретте бұл туралы тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға хабарлап, одан әрі жұмыс жүргізуді тоқтата тұруға міндетті.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**40-бап. Археологиялық ескерткіштерге қазба және барлау жұмыстарын жүргізу**

Археологиялық ескерткіштерге қазба және барлау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттары және (немесе) лицензиясы бар болған жағдайда ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында тарих және мәдениет ескерткіштерінің археологиялық және реставрациялау жұмыстарына рұқсат құжаттарын және (немесе) лицензияны облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган береді.

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңды ұйымдары мен нақты адамдарының Қазақстан аумағында жүргізген археологиялық зерттеулері нәтижесінде алынған барлық материалдар мен табылған заттар ғылыми тіркеліп, өңделгеннен кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейлеріне беріледі. Олардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетілуіне тыйым салынады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**41-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін әкелу және әкету**

Ескерткіштерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және оларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**8-бөлім. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік және олардың орындалуын бақылау**

**42-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау туралы заңдарының бұзылуына кінәлілігі әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінген лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген азаматтар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіру тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның бақылауымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**43-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңдарының орындалуын бақылау**

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау туралы заңдарының орындалуын бақылауды:

– облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары;

– тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган;

– Қазақстан Республикасының архивтерін және деректемелерін мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**9-бөлім**

<\*>

Ескерту. 9-бөлім алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**Қазақстан Республикасының Президенті**

*2-қосымша*

**«Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану заңдылықтарын бұзудағы қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы»**

**Қазақстан Республикасының Заңы, 1993 ж., 23 қараша, №2493-ХІІ**

Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану заңдылықтарын бұзудағы жауапкершілікті күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

I. Қазақстан Республикасының келесі заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР 1959 ж. 22 шілдесіндегі Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне (Қазақ КСР Үкіметі мен Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1959 ж., №22-23, 177-бап; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1972 ж., №5, №46; 1973 ж., №31; 1975 ж., №9; 1983 ж., №2,

17-бап; 1984 ж., №24, 321-бап; 1987 ж., №35, 466-бап; 1988 ж., №22, 229-бап; 1989 ж., №16, 127-бап; №45, 364-бап; 1991 ж., №25, 318-бап):

1) 216-1 -бап төмендегі редакциямен берілсін:

«216-1 -бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарды жою, қирату және бүлдіру.

Мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарды ауыр жағдайларға әкеле отырып абайсызда жою, қирату және бүлдіру - бір жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен, немесе екі жылға дейінгі мерзімдегі еңбекпен түзету жұмыстарымен, немесе оннан елуге дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салумен жазаланады.

Мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштеріне немесе табиғи нысандарға әкімшілік шара қолданылған уақыттан кейінгі бір жыл ішінде қысым көрсету - үш жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен, немесе екі жылға дейінгі мерзімдегі еңбекпен түзету жұмыстарымен, немесе жиырмадан жетпіске дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салумен жазаланады.

Мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарды әдейі жою, қирату немесе бүлдіру - үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен, немесе екі жылға дейінгі мерзімдегі еңбекпен түзету жұмыстарымен жазаланады.

Осы баптың үшінші бөлімінде көрсетілген, қайталанған немесе ауыр жағдайларға әкелген әрекеттер - үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айырумен жазаланады.

2) 7-1-баптың екінші бөлімі «сату мақсатында наркотикалық заттарды заңсыз жасау, алу, сақтау, тасымалдау және жіберу немесе осы заттарды сату (214-бап, екінші және үшінші бөлімдер)» деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын — «мемлекетпен қорғалатын тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи нысандарды әдейі жою, қирату немесе бүлдірудің қайталанған немесе ауыр жағдайларға әкелген әрекеттері (216-бап, төртінші бөлім)».

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 ж. 22 наурызында қабылдаған Қазақ КСР-ның Әкімшілік заң бұзушылықтар туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1984 ж., №14, қосымша; №41, 534-бап; 1985 ж., №19, 190, 191-баптар; №45, 457-бап; №49, 513-бап; 1986 ж., №25, 242-бап; №31, 320-бап; 1987 ж., №2, 19-бап, №16, 201-бап, №32, 421-бап; 1989 ж., №27, 208-бап; №50-51, 458-бап; 1990 ж., №12-13, 114-бап; №44, 410-бап):

1) Кодекс төмендегі мазмұндағы 93-1, 93-2 -баптармен толықтырылсын:  
«93-1-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне немесе табиғи нысандарға қысым көрсету.

Мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштеріне немесе табиғи нысандарға қысым көрсеткен азаматтарға үштен беске дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

93-2-бап. Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін жобалау, зерттеу, құрылыс, мелиорация және басқадай жұмыстарды жүргізу.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін жобалау, зерттеу, құрылыс, мелиорация, жол салу және басқадай жұмыстар түрлерін тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдаланудың тиісті мемлекеттік органдарымен келіспей және ескерткіштерді айқындау, құжаттау, олардың

сақталуын қамтамасыз ету бойынша осы органдардың көрсетуі арқылы алдын ала жасалынатын шараларды орындамай жүргізу; ескерткіштердің қорғау аймақтарында ескерткіштерді қорғаудың тиісті мемлекеттік органдарының рұқсатынсыз жер игеру, құрылыс және басқадай жұмыстарды, сондай-ақ, жалпы шаруашылық іс-әрекетін жүргізу; тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалануды мемлекеттік тұрғыдан қалағалауды іске асыратын тиісті органдардың ескерткіштерді қорғау ережелерін бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамау - қызмет бабындағы тұлғаларға бестен онға дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

Осы баптың бірінші бөлімінде қамтылған заң бұзушылықтардың біреуі үшін қолданылған әкімшілік шарадан кейін қайталанған дәл осы іс-әрекеттер - қызмет бабындағы тұлғаларға оннан он беске дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салуға әкеледі;

2) 93-бап төмендегі редакциямен берілсін:

«93-бап... Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу.

Мемлекет қорғауындағы тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу - азаматтарға үшке, қызмет бабындағы тұлғаларға - беске дейінгі минималды еңбекақы көлемінде айыппұл салуға әкеледі».

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасының 1993 ж. 23 қарашадағы №2493-ХІІ «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану заңдылықтарын бұзудағы қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы» Заңы төмендегі басылымдарда жарияланған:

«Ведомостар», 1993, №20, 469-бап; «Советы Казахстана», 02.10.1993.

3-қосымша

### «Археологиялық мұраны қорғау туралы» Рекомендациялық Заң актісі. 17.02.1996., №7-16

Рекомендациялық Заң актісі ТМД мүше елдерінің Парламентаралық Ассамблеясының жетінші мәжілісінде қабылданған.  
(17.02.1996. күнгі №7-16 Қаулы)

#### 1-бап. Негізгі ұғымдар

...Археологиялық мұра - адам тіршілігі нәтижесінде пайда болған, табиғи жағдайларда жер бетінде, жер қойнауында және су астында сақталған, айқындау мен зерттеуде археологиялық тәсілдерді керек ететін материалдық нысандардың жиынтығы.

Жер қойнаулары (археологиядағы) — соңғы геологиялық дәуірлердің адам қайраткерлігінің әсерлері тиген және осы әсерлердің шынайы нысандар

немесе олардың іздері мен көріністері түріндегі материалдық қалдықтарын сақтап қалған жер астындағы қабаттары.

...*Археологиялық аумақ* – археологиялық нысанды, бұған қоса оның өткендегі қызметін қамтамасыз еткен және оның қазіргі әрі болашақтағы сақталуына қажетті төңіректерді бірге қамтитын жер телімі.

*Археологиялық нысан* – адам қайраткерлігінің іздерін сақтап қалған және осы қайраткерліктің анық әрі латенттік ақпараттарын бойына жинаған материалдық қалдықтардың жиынтығы.

*Археологиялық ескерткіш* - археологиялық тәсілдер арқылы айқындалған әрі зерттелген, айқындау мен зерттеу барысында алынған ақпараттың құжаттық мәліметтерін иемденген нысан.

*Заттық қалдық* - адам тіршілігін көрсететін, археологиялық нысанмен байланысы бар, нысанды зерттеу барысында алынған немесе нысаннан тыс, кездейсоқ табылған, өткен уақыт туралы ақпарат алуға жарамды бұйым.

*Археологиялық бұйым* – ғылыми қазбалардың барысында немесе шаруашылық және басқадай тіршілік іс-әрекеттерінің кезінде алынған, сондай-ақ, кездейсоқ табылған, осы тектес басқадай бұйымдар арасында алғашқы анықтаудан өткен заттық қалдық.

*Археологиялық кәсіп* – өткен дәуірлерде жасасырылып, қазір табылып отырған, кезінде құндылыққа ие болған бұйымдар жиынтығы.

...*Археологиялық мұраны мемлекеттік қорғау* - қоғам мүддесіне орай археологиялық мұраны сақтауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің құқығы мен міндетін көрсететін шаралардың жиынтығы.

## **2-бап. Археологиялық мұраның құрамы**

Археологиялық мұра төменде аталғандармен:

– адам қауымының өмірді қамтамасыз етудегі (қорғанысты қоса алғанда) қызметінің және баспаналық-тұрмыстық қызметінің жүргізілуімен;

– өндіріс, сонымен қатар, тұтыну бағытындағы шаруашылық іс-әрекеттерінің жүргізілуімен;

– діни (жерлеу рәсімдерін қоса алғанда) қажеттіліктер мен ғұрыптардың жүргізілуімен,

байланысы бар *археологиялық аумақтарды, археологиялық нысандарды, заттық қалдықтарды және археологиялық бұйымдарды* біріктіреді.

## **... 4-бап. Археологиялық мұраның нысандары мен бұйымдарына меншік**

Археологиялық мұраның мемлекеттік тіркеуге алынған жылжымайтын нысандары мен бұйымдарын меншіктену құқығы мемлекетке берілген.

...Мемлекет қарамағындағы археологиялық мұра *жекешелендірілмейді, сатылмайды, кейін сатып алынатын жалға берілмейді, пайдаланудың қорғау заңдылықтарымен қамтылмаған басқа да түрлеріне, соның ішінде, шет мемлекеттермен, шетелдік заңды және азаматтық тұлғалармен екі арада*

*біріккен кәсіпорын құрылған кездердегі пайдалану түрлеріне, азаматтығы жоқ тұлғалардың пайдалануына жатпайды.*

Пайдалану түрлеріне қарамастан, археологиялық мұраның барлық нысандары мен бұйымдары мемлекеттік тіркеуге алынады.

## **... 7-бап. Археологиялық мұраға байланысты азаматтардың, олардың ұйымдарының, мекемелердің және басқадай заңды тұлғалардың міндеттері.**

Азаматтар, олардың ұйымдары (оның ішінде заңды тұлға құқығы барлары да), мекемелер, одақтар және басқа заңды тұлғалар мыналарға міндетті:

– археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдарының күнделікті жұмыстарына ықпал жасау;

– археологиялық мұраны қорғау туралы Ұлттық заңдылықтың және мемлекетаралық келісімдердің талаптарын сөзсіз орындау;

– археологиялық мұра нысандары мен бұйымдарын айқындау, зерттеу мен тіркеуге бағытталған жұмыстардың атқарылуына кедергісіз мүмкіндік беру.

## **... 9-бап. Археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдарының құзырындағы істер**

Тек қана археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдарының құзырындағы, Достастық мемлекеттерінің келісімді саясатын қамтамасыз ететін істерге мыналар жатады:

– археологиялық мұра нысандары мен бұйымдарын мемлекеттік тіркеуге алу;

... – елді мекендерді жоспарлау, салу, қалпына келтіру, құрылыс, мелиорация, жол салу, тау-кен және басқа табиғатты пайдалана отырып жүргізетін жұмыстарды жобалау мен жоспарлауға келісім беру;

– археологиялық мұра нысандары мен бұйымдарын сақтау, зерттеу, реставрациялауға байланысты заңды және жеке тұлғаларға міндеттемелік тапсырмалар беру;

– археологиялық мұраның сақталуына қауіп төндіретін жұмыстардың жүргізілуіне тиым салу және олардың қаржыландырылуын жабу;

– археологиялық мұраның сақталуына қауіп төндірмейтін құрылыс және басқа жұмыстардың жүргізілуіне рұқсат беру;

– археологиялық мұраның сақталуына қауіп төндірмейтін жағдайда жерлерді бөліп беруге немесе өткізуге рұқсат беру;

Ұлттық заңдылық тарапынан археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдары атқаратын істерге, сондай-ақ, мыналар берілуі мүмкін:

... – археологиялық мұраны қорғау туралы ұлттық заңдылықтардың шарттарын және археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдарының міндеттемелерін (талаптарын) бұзып отырған заңды және жеке тұлғаларды жауапқа тарту және оларға айыппұлдық шараларды қолдану.

Археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдары өз құзырет-

тілігін табиғат қорғаудың мемлекеттік органдарымен және өкілетті мемлекеттік ғылыми мекемелермен бірлесе отырып, осы рекомендациялық актімен және ұлттық заңдылықпен айқындалатын тәртіп бойынша жүзеге асырады.

... 11-бап. Археологиялық мұраны қорғауға байланысты шаралардың атқарылуына бақылау жасау.

Археологиялық мұраны қорғаудың мемлекеттік органдары археологиялық мұраны қорғауға байланысты шаралардың атқарылуына, оның ішінде ұлттық заңдылықтың орындалуы мен осы саладағы халықаралық құқық нормаларының сақталуына бақылау жасайды.

#### 4-қосымша

**Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 Қаулысы  
(2008.05.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)**

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

#### 5-қосымша

**Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесі**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 қаулысымен бекітілген**

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында мәдени құндылықтарды уақытша әкетуге және әкелуге рұқсат беру тәртібін айқындайды.

Осы Ереже мемлекеттік меншіктегі Қазақстан Республикасы ұлттық мұрағат қорының құжаттарын уақытша әкетуді регламенттемейді.

2. Уақытша экспозициялау, гастрольдік қызмет, қалпына келтіру жұмыстары мен ғылыми зерттеу, тұсаукесер, көрмелер және халықаралық мәдени іс-шаралар өткізу, сондай-ақ автордың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша немесе тұрақты тұруға баратынына қарамастан, осы Ережеде белгіленген тәртіппен өзі жасаған мәдени құндылықтарды әкету жағдайларын қоспағанда, мәдени құндылықтарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге тыйым салынады.

Мәдени құндылықтарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы алып өту тәртібі уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мәдени құндылықтарды әкету және әкелу жөніндегі сараптама комиссиясының қорытындысы - Қазақстан Республикасынан әкетілетін заттың мәдени құндылығын белгілейтін мәдени құндылықтарды әкету және әкелу жөніндегі сараптама комиссиясы беретін белгіленген үлгідегі құжат (бұдан әрі – сараптама комиссиясының қорытындысы);

2) уәкілетті орган – мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) өтініш беруші – мәдени құндылықтарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге рұқсат алу үшін уәкілетті органға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

4) мәдени құндылық – зайырлы және діни сипаттағы мәдени мұра заты, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар өзге де құндылықтар.

#### 2. Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру тәртібі

4. Мәдени құндылықтарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге және оларды қайтаруға рұқсат ететін құжат осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті орган беретін мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік (бұдан әрі – куәлік) болып табылады.

5. Мәдени құндылықтарды әкетуге рұқсат алу үшін өтініш беруші

уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) Қазақстан Республикасындағы әкетілетін және әкелінетін мәдени құндылықтар сараптамасының нәтижелері бойынша берілген, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатын мәдени құндылықтарды әкету және әкелу жөніндегі сараптама комиссиясының қорытындысы;

3) әрбір мәдени құндылықтың немесе оны құраушы бөліктердің 10x15 сантиметр мөлшерлі саны екі дана фотосуреті.

ҚР Үкіметінің 2008.05.12. № 1141 Қаулысымен 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

6. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы шешімді өтініш беруші осы ереженің 5-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган көрсетілген құндылықтарды Қазақстан Республикасының кедендік және Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу үшін негіз болып табылатын куәлік береді.

Автор Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетер кезінде өзі жасаған мәдени құндылықтарды автордың әкету жағдайларын қоспағанда, мәдени құндылықтардың елден тыс жерлерде болу мерзімі алты айдан аспайды.

7. Рұқсат беруден бас тартуға:

1) оларды қалпына келтіру мақсатында уақытша әкету жағдайларын қоспағанда, әкетілетін мәдени құндылықтардың сараптама комиссиясының қорытындысында көрсетілген қанағаттанғысыз табиғи жай-күйі;

2) мәдени құндылықтың халықаралық және (немесе) мемлекеттік іздеуде болуы;

3) сараптама комиссиясының қорытындысында көрсетілген әкету мақсатының өтініште көзделген мақсатпен сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

Мәдени құндылықтарды  
әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесіне  
қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына  
КУӘЛІК

\_\_\_\_\_ қаласы

2007 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

1. Өтініш беруші (Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы) \_\_\_\_\_

2. Азаматтығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » берілген

паспортының немесе жеке куәлігінің № \_\_\_\_\_

заңды тұлғаның деректемелері \_\_\_\_\_

3. Өтініш берушінің кәсібі (жұмысы) \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_  
(жергілікті атқарушы органның, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәдени құндылықтарды әкету және әкелу жөніндегі сараптама комиссиясының  
200\_ж. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қорытындысы негізінде төмендегі  
мәдени құндылықтарға \_\_\_\_\_ мақсатында  
\_\_\_\_\_ мемлекетіне 200\_ж. « \_\_\_\_\_ »  
200\_ж. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ мерзіміне Қазақстан Республикасынан уақытша  
әкетуге рұқсат берілді \_\_\_\_\_

Уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә және лауазымы)

М.О \_\_\_\_\_  
Қазақстан Республикасы  
кеден органдарының белгісі

*6-қосымша*

**Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне  
археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын  
жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған  
қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы № 495 Қаулысы**

Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы және «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау **ережесі;**

2) тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын **біліктілік талаптары** бекітілсін.

2. «Археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір



мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі 662 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., 28, 273-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

7-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы  
№ 495 қаулысымен бекітілген

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде  
археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын  
жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылы 2 шілдедегі, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы (бұдан әрі – Заң) заңдарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағындағы тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін айқындайды.

2. Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауды (бұдан әрі – лицензия) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі – лицензиар) жүзеге асырады.

3. Лицензияға лицензиарды, бірінші басшысы не оған уәкілетті тұлға қол қояды және ол лицензиардың мөрімен куәландырылады.

2. Лицензияны беру, лицензияны қайта рәсімдеу және оны беруден бас тарту тәртібі

4. Лицензия археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарымен айналысуға ниет білдірген (бұдан әрі – өтініш беруші), белгіленген біліктілік талаптарына жауап беретін адамға беріледі.

5. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) заңды тұлға үшін – жарғының және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркеу) туралы куәлікті нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжатты көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат;

7) дипломдар мен еңбек кітапшаларының нотариалды куәландырылған көшірмелерімен қоса, біліктілігі және өтілі көрсетілген, өтініш беруші қол қойған археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер мен қызметкерлер туралы мәліметтер бар құжат;

8) өтініш беруші қол қойған және мөрмен куәландырылған, археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған мамандандырылған жабдықтардың тізбесі;

9) тарих пен мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстары бойынша жобалар;

10) өтініш берушінің тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру қалпына археология саласындағы ғылыми ұйымның ұсынымдық хаты.

6. Лицензиардың лицензия беру туралы шешімі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен ресімделеді.

7. Лицензия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

8. Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленеді.

9. Лицензия өтініш берушіге немесе оның уәкілетті өкіліне сенімхат негізінде беріледі.

10. Лицензия алуға қажетті құжаттарды өтініш беруші өзі немесе оның уәкілетті өкілі сенімхат арқылы не тапсырыс хатпен ұсынады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін ұсынылған құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі құжаттар қабылданған күні туралы белгі соғылып, өтініш берушіге жіберіледі (табыс етіледі).

11. Өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарда көрсетілген ақпараттың дұрыстығы, толықтығы және уақтылығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

12. Лицензиясы жоғалған, бөлінген жағдайда лицензиат оның телнұсқасын алуға құқылы.

Лицензиар бұрын алынған лицензия жоғалған не бөлінген жағдайда телнұсқа беру туралы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғары оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар лицензияның телнұсқасын береді.

Телнұсқа берілген кезде лицензиат тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке Қазақстан Республикасының **салық заңнамасында** белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензиялық алым төлейді.

Жоғалған, бөлінген бланкілер лицензиат лицензиарға жазбаша өтініш (лицензияның жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттармен қоса) берген күннен бастап жарамсыз деп саналады.

Лицензияның телнұсқаларын беру және лицензиат жоғалтқан, бүлдірген лицензиялардың бланкілерін жарамсыз деп тану туралы шешімдер лицензиардың бұйрығымен ресімделеді.

13. Лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда ол отыз күн-тізбелік күн ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті. Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті бұйрық негізінде лицензияны қайта ресімдейді.

14. Егер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) осы Ережеге сәйкес талап етілетін барлық құжат табыс етілмесе. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негіздерде таралады;

3) тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленбесе;

4) өтініш беруші **біліктілік талаптарға** сәйкес келмесе;

5) өтініш берушіге қатысты оған тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса, өтініш берушіге лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

15 Лицензия беруден **Заңда** белгіленген мерзімде бас тартылған жағдайда немесе егер лицензия беруден бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінсе, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұл іс-әрекеттерге шағымдануға құқылы.

### 3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату, одан айыру

16 Лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) лицензияның берілген мерзімі аяқталғанда;

2) жүзеге асырылуына лицензия берілген іс-әрекеттер толық көлемде жасалғанда;

3) лицензия алып қойылғанда;

4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, заңды тұлға таратылғанда, бірігу, біріктіру, бөліну немесе қайта құрылу нысанындағы қайта ұйымдастырылуы қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда;

5) лицензия лицензиарға ерікті түрде қайтарылғанда;

6) лицензияланатындардың тізбесінен тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызмет алып тасталса тоқтатылады.

17. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны лицензиарға қайтаруға міндетті.

### 4. Есепке алу және бақылау

18. Лицензиар лицензиаттың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған лицензиялық бақылауды жүзеге асырады.

Лицензиар құзыреті шеңберінде лицензиаттан тиісті құжаттарды тапсыруын талап етуге және бақылау функцияларын орындауы үшін қажетті жазбаша немесе ауызша ақпарат алуға құқылы.

19. Лицензиар тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке берілген, қайта ресімделген, қолданылуы тоқтата тұрылған, жанартылған және тоқтатылған лицензиялар туралы мәлімет бар лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

20. Тізілім тігілетін, нөмірленетін, жауапты тұлғаның қолы қойылатын, уәкілетті органның мөрмен бекітілетін журналды білдіреді. Тізілімдік кітап беттерінің нөмірлері толассыз болып табылады. Қаламмен жазуға, шимайлауға, өшіруге, түзету енгізуге жол берілмейді.

21. Осы Ереженің негізінде берілген лицензиялардың бірінші есебін жүргізу үшін лицензиар заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиялардың бланкілеріне тапсырыс жасайды. Лицензиялардың бланкілері қатаң бақылаудағы құжаттар болып табылады.

Лицензиялардың бөлінген бланкілерін, сондай-ақ қолданылуы тоқтатылған лицензияларды лицензиар комиссиялық жоюға тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы  
№ 495 қаулысымен бекітілген

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде  
археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын  
жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын  
біліктілік талаптары

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде жеке және заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға өтініш берушілер үшін:  
жоғары білімі (археология, тарих) және археология саласында кемінде үш жыл тиісті жұмыс өтілі бар ғылыми жетекшілердің;  
тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі мамандандырылған жабдықтардың;  
тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстар жөніндегі жобалардың;  
өтініш берушінің тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығына археология саласындағы ғылыми ұйымның ұсынымдық хатының;

2) тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға өтініш берушілер үшін:  
жоғары немесе арнайы орта білімі (сәулет, қалпына келтіру) және тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстары саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар ғылыми жетекшілердің;  
тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын мамандандырылған жабдықтардың;  
тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстары жобаларының болуын қамтиды.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін археологиялық және жөндеу  
жұмыстарына байланысты қызметті лицензиялау

Лицензиар	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы, сол жақ жағалау, Министрліктер үйі, 15 кіреберіс Web -сайт: <a href="http://www.sana.gov.kz">www.sana.gov.kz</a>
Лицензия алуға қажетті құжаттар тізімі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген форма бойынша, бекітілген үлгідегі өтініш;</li> <li>лицензияның біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтайтын құжаттар, соның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының егіс комитетінің тарих және мәдени ескерткіштерге археологиялық жұмыс жүргізу құқына кепілдемесі (түпнұсқа);</li> <li>ғылыми-өндірістік (жөндеу-түзету) база, арнайы ғылыми-зерттеу зертханасы, жабдықтар;</li> <li>бір жыл мамандығы бойынша (археология, тарих, мәдениет) тәжірибелік жұмысты меңгерген, ғылыми басшылардың біліктілік құрамы;</li> <li>тарих және мәдени ескерткіштерді археологиялық және жөндеу жұмыстары бойынша жоба;</li> <li>жабдықтар, құрылғылар мен жарактарды пайдалану мен техникалық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету қызметтері.</li> <li>Жекелеген қызмет түрімен айналысу құқы үшін төленетін лицензиялық жинақның бюджетке төленгенін анықтайтын құжат (төлем туралы түбіртектің көшірмесі). Аталмыш қызмет түріне төленетін лицензиялық жинақ сомасы 10 АЕК құрайды = (9710 тенге 11.04.05ж.);</li> <li>Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы куәлік көшірмесі.</li> </ul> </li> </ul>
Біліктілік талаптары	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының егіс комитетінің тарих және мәдени ескерткіштерге археологиялық жұмыс жүргізу құқына кепілдемесі;</li> <li>ғылыми-өндірістік (жөндеу-түзету) база, арнайы ғылыми-зерттеу зертханасы, жабдықтар;</li> <li>Экспертиза жолымен ұсынылған форма бойынша бір жыл мамандығы бойынша (археология, тарих, мәдениет) тәжірибелік жұмысты меңгерген, ғылыми басшылардың біліктілік құрамы;</li> <li>тарих және мәдени ескерткіштерді археологиялық және жөндеу жұмыстары бойынша жоба;</li> <li>жабдықтар, құрылғылар мен жарактарды пайдалану мен техникалық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету қызметтері.</li> </ul>
Лицензия беру мерзімдері	Өтінішті барлық қажетті құжаттармен алған күннен бастап: <ul style="list-style-type: none"> <li>1 ай;</li> <li>Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 10 күн</li> </ul>
Лицензиялық жинақ	10 АЕК

Лицензия алуға толтырылатын құжат

## ҮЛГІ

Кімге Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетіне  
Кіммен «Археолог» Халықаралық ғылыми – зерттеу орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен

## ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында  
Археологиялық барлау, қазба және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін лицензия беруінізді өтінемін

Мекеме жайлы мәлімет:

1. Жекеменшік түрі Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)
2. Құрылған жылы 2007 ж.
3. Тіркеу жайлы куәлік № 86832- 1910 – ЖШС, 070740011994 (БСН), Алматы қаласының Әділет департаменті, Алматы қаласы, «10» 07. 2007 ж.
4. Мекен жайы 050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы...
5. Есеп- шоты № KZ....., «Қазкоммерцбанк» АҚ, Алматы филиалы, Алматы қаласы
6. Филиалдары, өкілдіктері жоқ
7. Қосымша құжаттар:

№ P/c	Құжаттың аты	Түпнұсқа немесе көшірме	Парақ саны
1	2	3	4
1	Занды тұлғаның Жарғысы	Нотариялды куәландырған көшірме	12
2	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	Нотариялды куәландырған көшірме	1
3	Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің Куәлігі	Нотариялды куәландырған көшірме	1
4	Лицензиялық алым төлегені туралы түбіртек	Түпнұсқа	1
5	Аккредитация туралы куәлік	Нотариялды куәландырған көшірме	1
6	Мекеме туралы анықтама	Түпнұсқа	6
7	Мекеме басшысы туралы мәлімет	Түпнұсқа	40
8	Құрал-жабдықтар мен оргтехника тізімі	Түпнұсқа	2

1	2	3	4
9	2009 – 2011 жылдарға арналған ғылыми жоба	Түпнұсқа	7
10	Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының ұсыныс хаты	Түпнұсқа	1
11	Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» мемлекеттік мекемесінің ұсыныс хаты	Түпнұсқа	1
12	Қызылорда облысы Мәдениет басқармасының ұсыныс хаты	Түпнұсқа	1
13	2010 жылғы ғылыми есеп және оған қоса түптелген т.ғ.д. З. Самашев пен т.ғ.к. Г. Бексейтовтің пікірлері	Түпнұсқа	83

Басшы: \_\_\_\_\_

М. Елеуов

М.О.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж. өтініші қаралуға қабылданды

(лицензия беретін мекеменің жауапты қызметкерінің қолы және аты- жөні)

**ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ**

1954 жылғы 14 мамырда Гаагада қол қойылды  
1956 ж. 12 желтоқсанда

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен бекітілген  
(СССР Жоғарғы Советінің ведомствелері, 1957, № 3 (870), 54 б.)  
(Үзінді)

Жоғарғы Уағдаласушы тараптар,  
соңғы қарулы қақтығыстар барысында және әскери техниканың даму салдарынан елеулі залал келтірілген мәдени құндылықтардың барған сайын бұзылу қатеріне ұшырап келе жатқандығын атап өте отыра;

әрбір халықтың әлемдік мәдениетке өз үлесін қосатындықтан, әрбір халықтың мәдени құндылықтарына келтірілген залалдың мәдени мұра мен бүкіл адамзат үшін залал болып табылатындығына көз жеткізе отыра;

мәдени мұраны сақтаудың әлемнің барлық халықтары үшін үлкен мәнін және осы мұраның халықаралық қорғалуын қамтамасыз ету маңыздылығын назарға ала отыра;

1899 және 1907 жылдардағы Гаага Конвенцияларында және 1935 жылғы 15 сәуірдегі Вашингтон Пактісінде белгіленген қарулы қактығыс жағдайында мәдени құндылықтарды қорғау қағидаттарын басшылыққа ала отыра;

осы құндылықтарды қорғау тиімділігі үшін ұлттық, сондай-ақ халықаралық шараларды қабылдау арқылы олардың бейбіт уақытта ұйымдастырылуға тиістілігін назарға ала отыра;

мәдени құндылықтарды қорғау үшін барлық ықтимал шараларды қабылдау туралы ұйғарымға келе отыра;

төмендегілер туралы келісімге келді:

## **І ТАРАУ**

### **ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-БАП**

##### **Мәдени құндылықтар анықтамасы**

Осы Конвенцияға сәйкес мәдени құндылықтар болып олардың шығу тегі мен иелеріне тәуелсіз құндылықтар саналады:

а) сәулет, мәдениет немесе тарих ескерткіштері, діни немесе зайырлық археологиялық жерлер, сәулеттік ансамбльдер сияқты әрбір халықтардың мәдени мұрасы үшін үлкен маңызы бар құндылықтар, қозғалатын немесе қозғалмайтын жәдігерлер, осындайлар ретінде тарихи және көркемдік қызығушылық туғызатын өнер туындылары, қолжазбалар, кітаптар, басқа да көркемдік, тарихи немесе археологиялық маңыздағы заттар, сондай-ақ ғылыми коллекциялар немесе кітаптар, мұрағаттық материалдар коллекциясы немесе жоғарыда көрсетілген құндылықтардан шыққан өнімдер;

ә) мақсаты мұражайларды, ірі кітапханаларды, мұрағаттарды сақтау орындары сияқты «а» тармағында көрсетілген қозғалатын мәдени құндылықтарды сақтау немесе жинау болып табылатын басты және қолданыстағы ғимараттар, сондай-ақ қарулы қактығыс жағдайында «а» тармағында көрсетілген қозғалатын мәдени құндылықтарды сақтауға арналған панahanалар;

б) «мәдени құндылықтарды шоғырландыру орталықтары» деп аталатын «а» және «б» тармақтарында көрсетілген мәдени құндылықтардың айтарлықтай саны бар орталықтар.

#### **2-БАП**

##### **Мәдени құндылықтарды қорғау**

Осы Конвенцияға сәйкес мәдени құндылықтарды қорғау осы құндылықтарды қорғау мен құрметтеуді қамтиды.

#### **3-БАП**

##### **Мәдени құндылықтарды күзету**

Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар өздері қажет деп санайтын шараларды қабылдай отыра, қарулы қактығыстың ықтимал салдарынан өзінің жеке аумағында орналасқан мәдени құндылықтарды күзетуді бейбіт уақыттың өзінде даярлауға міндеттенеді.

#### **4-БАП**

##### **Мәдени құндылықтарды құрметтеу**

1. Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар өзінің жеке аумағында, сондай-ақ басқа да Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар аумағында орналасқан мәдени құндылықтарды құрметтеуге міндеттенеді, қарулы қактығыс жағдайында осы құндылықтардың бүлінуіне немесе зақымдануына алып келуі мүмкін оларға тікелей жағсарлас учаскелерге оларды қорғау мақсатында осы құндылықтарды пайдалануға тыйым салады және осы құндылықтарға қарсы бағытталған қандай-да бір дұшпандық әрекеттен бас тартады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген міндеттемелер, егер әскери қажеттілік осындай бұзушылықты талап еткен жағдайда ғана бұзылуы мүмкін.

3. Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар, сонымен қатар, қандай-да бір нысанда болмасын мәдени құндылықтарды ұрлаудың, тонаудың немесе заңсыз иеленудің кез келген әрекеттерін, сондай-ақ аталған құндылықтарға қатысты қарақшылықтың кез келген әрекетінің жолын кесуге міндеттенеді. Олар басқа Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар ауданында орналасқан қозғалатын мәдени құндылықтарды деректемелеуге тыйым салады.

4. Олар мәдени құндылықтарға қарсы бағытталған кез-келген қуғын-сүргін шараларын қабылдаудан бас тартуға тиіс.

5. Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар басқа Жоғарғы Уағдаласушы Тараптарға қатысты соңғысының 3 бапта көзделген қорғау жөніндегі шараларды қабылдамағандығына сүйене отырып, осы бапта белгіленген міндеттемелерден босатылмайды.

#### **5-БАП**

##### **Басып алу**

1. Басқа Жоғарғы Уағдаласушы Тараптың аумағын толық немесе ішінара басып алған Жоғарғы Уағдаласушы Тарап мүмкіндігінше олардың мәдени құндылықтарын қорғау мен сақтауды қамтамасыз ету үшін басып алынған аумақтың құзырлы ұлттық билігінің күш-жігерін қолдауға тиіс.

2. Басып алынған аумақта орналасқан және әскри операциялар барысында зақымдалған мәдени құндылықтарды сақтау үшін шұғыл араласу қажет болған жағдайда және егер құзырлы ұлттық билік бұны қамтамасыз ете алмаса, басып алушы мемлекет қолда бар мүмкіндіктер арқылы көрсетілген билікпен тығыз ынтымақтастықта осы құндылықтарды қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

3. Үкіметтері өздерінің заңды үкіметтері сияқты қарсыласу қозғалысының мүшелері ретінде қарастырылатын әрбір Жоғарғы Уағдаласушы Тарап, егер бұл мүмкін болса, олардың назарын мәдени құндылықтарға қатысты Конвенция ережелерін сақтау жөніндегі міндеттемелерге аудартады.

#### **6-БАП**

#### **Мәдени құндылықтарды белгілеу**

Мәдени құндылықтар олардың бірегейлестірілуін жеңілдету үшін 16 бап ережелеріне сәйкес ерекшелік таңбасымен белгіленуі мүмкін.

#### **7-БАП**

#### **Әскери тәртіп шаралары**

1. Жоғарғы Уағдаласушы Тараптар бейбіт уақыттың өзінде осы Конвенцияның сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті өз әскерлері пайдаланатын жарғыларды немесе нұсқаулықтарды енгізуге және сонымен қатар, бейбіт уақыттың өзінде өз қарулы күштерінің жеке құрамын барлық халықтардың мәдениеті мен мәдени құндылықтарын құрметтеу рухында тәрбиелеуге міндеттенеді.

2. Олар бейбіт уақыттың өзінде өз қарулы күштерінде мәдени құндылықтардың құрметтелуін қалағалайтын және осы құндылықтарды күзету тапсырылған азаматтық билікпен ынтымақтастық жасайтын қызметтерді немесе арнайы қызметшілерді даярлауға және құруға міндеттенеді.

#### *11-қосымша*

#### **АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБАЛАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕТТЕЙТІН ҚАҒИДАТТАРДЫ АНЫҚТАЙТЫН ҰСЫНЫСТАР (1956 жылғы 5 желтоқсанда ЮНЕСКО қабылдаған)**

Білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясы Нью-Делиде 1956 жылғы 5 қараша мен 5 желтоқсанның бойында өткізілген өзінің тоғызыншы сессиясында,

көне шығармалар ескерткіштерін сақтаудың ең жақсы кепілдігінің оған халықтың өзінің құрметі мен бауырмалдығы, ал осындай сезім түрлерін дамытудың ең тиімді құралдарының бірі – ғылым мен халықаралық қатынас-

тарды дамытуға мүше-мемлекеттердің ұмтылысына негізделген шаралар екендігін мойындай отыра, көне көркем шаралар әсерінен және олармен танысудан туындаған сезімнің халықтар арасындағы өзара түсінікті айтарлықтай нығайтуға ықпал ететіндігін және жоғарыда аталған максаттарда осы шығармаларды жаң-жақты пайдалану ісінде халықаралық ынтымақтастықты орнату қажеттігінің туындайтындығына, оларды жасаған аумақтағы мемлекеттер үшін археологиялық жаналықтардың үлкен мәні бар екендігіне көз жеткізе отыра, олардың жалпы барша адамзатты байытатындығына, адамзат тарихымен танысудың олар жасаған барлық мәдениетпен танысуды талап ететіндігін және сондықтан бүкіл халықаралық қауымдастықтың зерттеуге мүдделілігін, ал қажет жағдайда, барлық заттай археологиялық қалдықтарды құтқару және сақтау қажеттігін пайымдай отыра;

өздерінің археологиялық мұрасын сақтаумен шұғылданатын жекелеген мемлекет билігінің өз жұмысында іс жүзінде сыналған және әртүрлі елдердің археологиялық мекемелерінде қолданылатын жалпыға міндетті қағидааттармен анықталғандарды басшылыққа алу тиістілігіне көз жеткізе отыра;

археологиялық қазбаларды тәртіптеудің негізінен әрбір мемлекеттің ішкі ісі екендігін пайымдай отыра, бұл қағидаатты халықаралық ынтымақтастықтың еркін бастамаларымен кең ойластырылған және жүзеге асырылатын қағидаатпен үйлестіру қажеттілігіне орай;

археологиялық қазбаларды тәртіптейтін халықаралық қағидааттар негізінде әзірлеуге қатысты бірқатар ұсыныстарды қарай келіп (сессия күн тәртібінің 9.4.3 тармағы);

өзінің сегізінші сессиясының шешімдеріне сүйене отыра, оған сәйкес осы ұсыныстарды барлық мүше-мемлекеттерге арналған ұсыныс негізінде мазмұндалған халықаралық негізге қосу тиістілігіне орай;

1956 жылғы 5 желтоқсанда осы Ұсыныстарды қабылдайды.

Бас конференция мүше-мемлекеттерге осы ұсыныстарда тұжырымдалған нормалар мен принциптерді олардың қарауында орналасқан аумақтарда жүзеге асыру үшін қажетті шараларды заңнамалық түрғыда немесе басқаша тәртіппен қабылдауды ұсынады. Бас конференция археологиялық қазбаларды қадағалайтын мұражайлардың, биліктер мен органдардың назарына осы Ұсыныстарды жеткізуді ұсынады.

Бас конференция өзіне мүше-мемлекеттерге артынаша өзі анықтайтын мерзім мен нысанда осы ұсыныстарды орындау үшін олар қабылдаған шаралар туралы баяндамаларды тапсыруды ұсынады.

#### **I. Анықтамалар**

#### **Археологиялық қазбалар**

1. Осы Ұсыныстарда «археологиялық қазбалар» түсінігі осы іздестірулердің жер жұмыстары, үстіңгі бетті жүйелі зерттеу немесе түбін немесе топырақ астындағы ішкі немесе қандай-да бір мүше-мемлекеттің аумақтық суларын зерттеу арқылы жүргізілетіндігіне қарамастан, археологиялық қалдықтардың барлық іздіністеріне жатады.

### **Қорғалатын құндылықтар**

2. Ұсыныстар ережелері қоғамдық көзқарас тұрғысында қандай-да бір тарихи немесе көркемдік маңызы бар барлық заттай қалдықтарға жатады, сонымен қатар ЮНЕСКО-ның әрбір мүше-мемлекеті үшін олардың өздері белгіленген өлшемдер негізінде өз аумақтарында орналасқан қалдықтардың қоғамдық маңызын анықтау құқығын қалдырады. Осы Ұсыныстарға қарастырылатын ережелер, атап айтқанда осы сөздің кең мағынасында археологиялық қызығушылық туғызатын көне ескерткіштер мен заттарға қолданылуға тиіс.

3. Археологиялық ескерткіштердің қоғамдық маңызын анықтайтын өлшемдер осы ескерткіштерді сақтау ісіне немесе зерттеушілерге өздерінің жаңалықтары мен олжалары туралы мәлімдеу жүктелінген міндеттемелерге қатыстылығына байланысты өзгеруі мүмкін.

а) Алғашқы жағдайда, белгіленген дәуірге тиесілі барлық ескерткіштерді қорғауға тиіс өлшемнен біржола бас тартқан абзал, қорғау өлшемдері ретінде олардың қандай бір дәуірге тиістілігі немесе заңмен белгіленген ең төменгі жасы қызмет етуге тиіс.

б) Екінші жағдайда мүше-мемлекеттердің қандай да бір археологиялық ескерткіштерді зерттеушілердің немесе ашатын тұлғалардың үлкен ауқымын белгілеуі, олар ашқан барлық ескерткіштер мен көне дәуір заттары туралы мәлімдеуі жөн болар еді.

## **II. Жалпы ережелер**

### **Археологиялық мұраны қорғау**

4. Кез келген мемлекет – Ұйым мүшесін, атап айтқанда, археологиялық қазбаларға байланысты туындаған мәселерді ескере отыра және осы Ұсыныстар ережелеріне сүйене отыра өзінің археологиялық мұрасын сақтауға тиіс.

5. Барлық мүше – мемлекеттерге, атап айтқанда мыналар ұсынылады:

а) археологиялық ізденістерді және қазбаларды жүргізуді тиісті биліктің бақылауы мен алдын ала рұқсатына бағындыру;

б) заттық қалдықтарды ашқан тұлғаларды міндеттеу, тиісті билікке қысқа мерзімді осы сипаттағы қазыналар туралы мәлімдеу;

с) осы ережелерді бұзушылар үшін санкцияларды белгілеу;

д) жоғалған мүліктердің тәркіленуін ресімдеу;

е) археологиялық жер қойнауын, егер бұл жер қойнауы мемлекеттік меншік болып табылса, археологиялық жер қойнауын зерттеу ережелерін әзірлеу, өз заңнамасына тиісті нұсқауларды енгізу;

ф) тарихи ескерткіштер тізіміне өзінің археологиялық мұрасының аса маңызды элементтерін енгізу жүйесін әзірлеу.

### **Археологиялық қазбаларды қорғау органдары**

6. Қалыптасқан дәстүрлердің сан алуандығына және мүше – мемлекеттердің иелігіндегі бар ресурстардың теңсіздігіне қарамастан, археологиялық қазбаларды жүргізетін әкімшіліктердің бірыңғай жүйесін орнату мүмкін емес,

солай болса да тиісті мемлекеттік ведомстволардың мынадай жалпы мойындалған қағидаттарды басшылыққа алу үшін көздерін жеткізу қажет:

а) археологиялық ведомстволар мемлекеттік органдар немесе ең құрмағанда, шұғыл шаралар талап етілген жағдайда, шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін құралдар мен тиісті заңдар негізінде әрекет ететіндей органдар сипатында болуға тиіс. Барлық археологиялық жұмыстарға жалпы басшылық жүргізетін осы ведомстволар сонымен қатар, зерттеу мекемелерімен және университеттермен тығыз ынтымақтастықты, археологиялық зерттеу әдістерін үйретуді қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар олар орталық мұрағаттарды құруға және барлық өздеріне бағынысты ескерткіштер мен көне заман заттарын және барлық маңызды мұражайлар, керамикалық немесе иконографиялық мұрағаттардың және басқалардың тиісті құжаттамаларын жинақтауды қамтамасыз етуі тиіс;

б) бұл ведомстволар қажетті ақша қаражатының тұрақты түсуін қамтамасыз етуі қажет, атап айтқанда:

(i) олардың тиісті жұмыс істеуі үшін;

(ii) сол елдің тиісті археологиялық байлығына сәйкес жұмыстарды орындау, әсіресе, ғылыми басылымдарды шығару үшін;

(iii) кездейсоқ жаңалықтарды қадағалау үшін;

(iv) қазбалар мен ескерткіштерді тиісті күйде ұстау үшін.

7. Анықталған заттық қалдықтар мен археологиялық құндылықтарды қалпына келтіруді әрбір мемлекет мұқият бақылауға тиіс.

8. «in situ» ұсыну үшін қажетті ескерткіштерді сақтау тиісті биліктің алдын-ала рұқсатымен ғана көшірілуі мүмкін.

### **Орталық және өңірлік коллекцияларды жасау**

10. Археология салыстырмалы ғылым болғандықтан, мұражайлар мен археологиялық қорымдарды құру мен ұйымдастыру кезінде байқалған заттарды салыстырмалы зерттеу қажеттігін ескеру қажет. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі шағын шашыранқы коллекцияларды құрастырудың орнына, орталық өңірлік немесе ерекшелік ретінде айрықша археологиялық қызығушылық туғызатын жерлерде орналасқан жергілікті коллекцияларды жасау жөн болар еді. Осы коллекцияларға қызмет көрсету үшін экспонаттардың қалыпты деңгейде сақталуын қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде жұмыс істейтін арнайы әкімшілік аппарат пен ғылыми қызметшілерді жасақтау оң іс болар еді.

11. Айрықша қызығушылық туғызатын археологиялық аудандарда ағартушылық сипаттағы қосалқы мекемелерді немесе өздері көрсететін көне ескерткіштердің маңызын жете тану үшін мұражайларды құру ұсынылады.

### **Халықты тәрбиелеу**

12. Тиісті биліктерге өзінің өткенін құрметтеу мен ынтықтыруды халық арасында ояту мен дамыту мақсатында мәдени-ағарту қызметімен шұғылдану, атап айтқанда, тарихты ыждағатпен оқыту, кейбір қазбаларға студенттерді қатыстыру және беделді мамандар құрастырған археологиялық мақалаларды баспасөзде тарату, археологиялық зерттеу әдістеріне арналған туристік саяхаттарды, көрмелер мен дәрістерді ұйымдастыру және олардың нәтижелері

бойынша зерттелген учаскелер мен оларда ашылған ескерткіштерді нақты ресімдеу, арзан монографиялар мен танымал жол сілтегіштерді және басқаларды басып шығару ұсынылады. Сонымен қатар, мүше-мемлекеттерге археологиялық учаскелерге кіріп-шығуды жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қабылдау ұсынылады.

### **III. Археологиялық қазбалар мен халықаралық ынтымақтастық ережелері**

#### ***Археологиялық қазбаларды жүргізу үшін шетелдіктерге концессияларды беру***

13. Қазбалар жүргізілуіне тиіс аумақтағы мүше-мемлекеттерге тиісті концессияларды, концессионерлерге жүктелетін міндеттемелерді (әсіресе, іс олардың жұмысына жергілікті билік жүргізетін бақылауға қатысты болғандықтан), концессияларға берілетін мерзімдер мен концессиялардан ықтимал айыру себептерін, сондай-ақ жұмысты тоқтату немесе концессионерлер бастаған жұмысты жергілікті биліктің қарауына берудің жалпы шарттарын тәртіптеу ұсынылады.

14. Шетелдік зерттеушілерге жүктелетін міндеттемелер қазбалар жүргізілетін елдер азаматтарына жүктелетін міндеттемелерден айрықша болуға тиіс емес; осыған байланысты концессияларды беру туралы шарттарды жасау кезінде қандай-да бір арнайы талаптарды қисынсыз енгізуден аулақ болған абзал.

#### ***Халықаралық ынтымақтастық***

15. Археологиялық ғылым мен мүше-мемлекеттердің ынтымақтастығы мүддесіне орай қазбаларды жүргізуге қатысты айрықша оңайлатылған шараларды қабылдау ұсынылады. Олар ғылыми мекемелер мен білікті зерттеушілерге ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, тиісті концессияларды алу үшін конкурстарға тең жағдайларға қатысу мүмкіндігін беретін болады. Мүше-мемлекеттерге сондай-ақ жергілікті ғылыми қызметкерлер мен шетелдік археологиялық мекемелер өкілдері немесе халықаралық экспедициялар құрамындағы аралас экспедициялармен қазбалар жүргізуді көтермелеу ұсынылады.

16. Қазбаларды жүргізу құқығы шетелдік миссияларға берілген жағдайда, осы құқықты беретін мемлекеттерге қандай-да бір миссия кезінде, мүмкіндігінше, оның жұмысындағы миссияға жәрдемдесу және олармен ынтымақтасуға қабілетті өзінің білікті мамандарының өкілдерін тағайындау ұсынылады.

17. Шетелдік аумақта археологиялық қазбаларды жүргізу үшін жеткілікті қаражаты жоқ мүше-мемлекеттерге тиісті қазбалар басшыларының келісімімен басқа мүше-мемлекеттердің өз археологтарын іссапарға жіберу мүмкіндігін беру қажет.

18. Қазбаларды ғылыми жүргізу үшін жеткілікті техникалық немесе басқа құралдары жоқ мемлекеттердің қызметтері мен тиісті жұмыстарды жүргізуі

үшін шетелдік мамандардың немесе миссиялардың қызметтеріне жүгіну мүмкіндігі болуға тиіс.

#### ***Өзара кепілдіктер***

19. Қазбаларды жүргізуге рұқсатты тек білікті археологтарды ұсынатын мекемелерге немесе ғылыми біліктілігі мен ізгілік қасиеттері және қаржылық жағдайлары нақты анықталған жееклеген тұлғаларға берілуіне тиіс; оның үстіне осы тұлғалардың қаржылық жағдайы шарт ережелерінде және концессия мерзімінде көзделгендерге сәйкес қазбалар жүргізуге кепілдік беру үшін тұрақты болуға тиіс.

20. Қазбаларды жүргізу үшін шетелдік археологтарға берілетін рұқсат тиісті жұмыс жүргізуге қолайлы және осы жұмыстарды тоқтатуға тура келетін басқа да мойындалған себептер жағдайында шартты қисынсыз бұзу қатерін болдырмайтын концессияның ұзақтығы мен тұрақтылығына қатысты өзара кепілдіктер қоса берілуіне тиіс.

#### ***Көне ескерткіштерді сақтау***

21. Рұқсат археологқа берілген концессияның бойында және оның аяқталу мерзімінің бойында археологтың анықталған міндеттемелерімен үйлесуге тиіс. Осындай міндеттемелерге, атап айтқанда, археологиялық учаскелерді қорғау, күтіп-ұстау мен тәртіпке келтіру, сондай-ақ қазбалар кезінде және олардың аяқталуы бойынша табылған заттар мен ескерткіштерді сақтау жатқызылуға тиіс. Рұқсат сонымен қатар, егер өздері қабылдаған міндеттемелер шектен тыс қиын болған жағдайда, рұқсат берген мемлекет тарапынан археолог сүйенуге тиіс жәрдем түрлерімен қамтамасыз етілуіне тиіс.

#### ***Қазбаларға қолжетімділік***

22. Кез келген ұлттың білікті ғалымдарына тиісті жұмыстар нәтижелері жарияланғанға дейін басшылар рұқсатымен қазбалар жүргізілетін учаскелерге бару мүмкіндігін беру ұсынылады.

#### ***Заттарды қазу кезінде табылғандарды бөлу***

23. а) Әрбір мемлекетке өз аумағында табылған археологиялық ескерткіштердің тиістілігі бойынша бөлу ережелерін нақты анықтау міндеттеледі;

б) қазбалар кезінде табылған заттар бірінші кезекте осы ел мәдениеті, тарихы мен өнері үшін тән толық коллекцияларды құрастыру үшін қазбалар жүргізілетін аумақтағы елдер мұражайларының иелігіне берілуі тиіс;

с) концессияларды көрсететін түпнұсқаларды тарату арқылы археологиялық зерттеулерді көтермелеу мақсатында билік археологтар жұмысы жарияланғаннан кейін қазбалар кезінде олар тапқан қазыналарды немесе жалпы айтқанда, сол учаскеде табылған басқалар мен олардың ұқсастығына байланысты билік бас тартуы мүмкін заттар жиынын археологтардың иелігіне бере алады. Зерттеушілерге олар тапқан заттарды беру белгілі бір уақыт өткеннен кейін бұл заттардың ғылыми орталықтарға келушілер үшін ашық берілу шартымен, егер осы шарттар орындалмаса немесе сақталмаса, бұл заттардың олар табылған аумақтағы билікке қайтаруына тиіс шарты әрдайым көрсетілуіне тиіс;



д) табылған заттарды уақытша әкетуге қатысты қоғамдық немесе ғылыми мекемелердің қисынды өтініштері (әсіресе, осал немесе олар табылған аумақтағы мемлекет үшін айрықша маңызы бар заттарды қоспағанда) тиісті библиографиялық немесе ғылыми қондырғылар болмаған, оларды зерттеу қазбалар жүргізілген мемлекет аумағында оларды зерттеу мүмкін емес немесе олар осы археологиялық ауданға барып-қайту қиын болған жағдайларда қанағаттандыру ұсынылады;

е) әрбір мүше-мемлекетке оның жеке коллекциялары үшін қызығушылық тудырамайтын заттарды шетелдік мұражайларға беру, айрыбастау немесе тапсыру ұсынылады.

#### **Ғылыми меншік – зерттеушілердің құқықтары мен міндеттемелері**

24. а) Қазбалар жүргізу үшін зерттеушілерге концессия беретін мемлекеттерге осы зерттеушілерге жеткілікті ұзақ мерзімнің бойында олардың жаңалықтарына ғылыми меншік құқығына кепілдік беру ұсынылады;

б) бұл жағдайда, мүдделі мемлекеттерге зерттеушілерді өз жаңалықтарының нәтижелерін бұл үшін шартта немесе өзге қисынды мерзімді көрсетілген мерзімдерде жария етуге міндеттеу ұсынылады. Алдын-ала есептерге қатысты жариялау мерзімдері екі жылдан аспауға тиіс, тиісті археологиялық ведомстволар өз тарапынан келесі қандай-да бір археологиялық жаңалықтарды бес жылдың бойында оларды жан-жақты зерттеу және археологиялық қазбаларды жүргізушілер тарапынан бұл үшін жазбаша рұқсатсыз жарыққа шықпаған материалдарда жариялау мақсатында басқа зерттеушілердің иелігіне табылған заттар жиынын беруден бас тартуға тиіс. Сонымен қатар, бұл ведомстволар жарияланбаған археологиялық жаңалықтармен айналысу немесе өрбіту үшін олардың шарттарымен шаралар қабылдау ұсынылады. Зерттеушілерге келер болсақ, оларға тиісті билікке олардың өтініші бойынша екі әртүрлі көзден осы есептерді бір уақытта жарияланатындай ретпен қамтамасыз ету үшін өз есептерінің көшірмелерін тапсыру ұсынылады;

с) аз таратылатын тілдерде шығатын археологиялық қазбаларға қатысты ғылыми басылымдарға, мүмкіндігінше, аса кең тараған тілдерде құрастырылған конспектілер, бөлімдері мен иллюстрацияларға түсініктемелердің аудармаларын қоса беру ұсынылады.

#### **Қазбаларға қатысты құжаттар**

25. Бұл 24-тармақтың ережелерін бұзбайтындықтан, ұлттық археологиялық басқармаларға, білікті археологтар мен ғалымдарға, сонымен қатар, қазбаларға концессия алған немесе тиісті мұрағаттық немесе археологиялық сақтау жайларында осындай жұмыс мүмкіндігіне қол жеткізген ғалымдарға беру ұсынылады.

#### **Өңірлік съездер мен ғылыми кеңестер**

26. Барлық мүше-мемлекеттер ортақ мәселелерді зерттеу мақсатында бұл мемлекеттер арасында тиісті археологиялық ведомстволар мен басқармалардың өңірлік съездерін шақыра алады, сонымен қатар, әрбір мемлекет өз аумағында қазбалар жүргізетін зерттеушілердің ғылыми кеңестерін ұйымдастыра алады.

#### **IV. Көне мұрағаттармен сауда-саттық**

27. Бүкіл адамзаттың археологиялық мұрасын сақтау мақсатында барлық мүше-мемлекеттерге археологиялық материалдардың алып-көтілуіне ықпал етпейтіндей және қазбаларды қорғаумен жария коллекцияларды құрастыруға зиян келтірмейтіндей сауда-саттық үшін тәртіптеу ұсынылады.

28. Ғылыми және ағарту мақсаттарын көздейтін шетелдік мұражайлар осы көне мұралар шыққан елдердегі көне мұралардың сауда-саттығын реттейтін биліктің рұқсатымен археологиялық заттарды сатып алу мүмкіндігін алуға тиіс.

#### **V. Заңсыз археологиялық жұмыстармен және қазбалар кезінде табылған заттарды қиянатпен әкетумен күрес**

##### **Заңсыз қазбалар мен зақымдалулардан археологиялық мекендерді қорғау**

29. Әрбір мүше-мемлекетке ескерткіштерге зақым келтіретін және жергілікті жердегі археологиялық құнды (жоғарыдағыны қараңыз: ескерткіштерді анықтау – 2- және 3-тармақтар) қазбаларды заңсыз жүргізумен, сондай-ақ қазбалар кезінде табылған заттарды қиянатпен әкетумен күрес бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

##### **Заңсыз қызметпен күрестеі халықаралық ынтымақтастық**

30. Сонымен қатар, қандай-да бір археологиялық заттарды ұсынатын мұражайларды міндеттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдау, осы заттардың заңсыз қазбалар, ұрлықтар немесе басқа да тиісті билік көзқарасы тұрғысынан заңсыз іс-әрекет болып табылмайтындығын айғақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс. Кез келген күдікті ұсыныстар және олармен байланысты барлық мәліметтер мүдделі қызметтердің назарына жеткізілуге тиіс. Археологиялық құндылығы бар заттарды алған мұражайлар қысқа мерзімде оларды тану үшін қажетті нұсқауларды, сондай-ақ оларды алу мән-жайына қатысты мәліметтерді жариялауға тиіс.

##### **Археологиялық құндылықтарды олар табылған елдерге қайтару**

31. Археологиялық ведомстволар мен мұражайлар заңсыз қазбалар немесе ұрлау өнімдері болып табылатын заттарды, сондай-ақ осы елдерден заңсыз әкетілген заттарды қайтаруды жеңілдету немесе қамтамасыз ету мақсатында бір-бірімен ынтымақтасуға тиіс. ЮНЕСКО-ға мүше-мемлекеттердің осындай заттарды қайтару үшін барлық қажетті шараларды қабылдағаны абзал болар еді. Осы ережелер сондай-ақ көрсетілген мерзімде осы заттар қайтарылмаған жағдайда, археологиялық қалдықтарды уақытша әкетулерге де қатысты (жоғарыдағыны қараңыз: 23 с), d) және e) тармақтары).

#### **VI. Басып алынған аумақтардағы қазбалар**

32. Қарулы қақтығыс жағдайында қандай-да бір мемлекеттің аумағын басып алған ЮНЕСКО-ға мүше-мемлекеттер өздері басып алған аумақта археологиялық қазбаларды жүргізуден бас тартуға тиіс. Кездейсоқ қазыналар кезінде (мысалы, соғыс жұмыстары кезінде) басып алған мемлекет осы

казыналарды қорғау үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға тиіс. Олар соғыс қимылдары аяқталысымен, оларға қатысты барлық құжаттамаларымен бірге өздері бұрын басып алған аумақтың құзырлы билігіне қайтарылуы қажет.

#### **VII. Екіжақты келісім**

33. Бұл тілекпен немесе қажеттілік кезінде берілетін жағдайларда мемлекеттерге – мүшелерге жалпы мүдделерді білдіретін және осы ұсыныстарды жүзеге асыруға байланысты туындауы мүмкін мәселелерді реттеу үшін екіжақты келісім жасау ұсынылады.

#### *12-қосымша*

### **АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ МЕН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ХАРТИЯ**

#### **Кіріспе**

Адамзат қоғамының көздерін және дамытуды білу мен түсінудің оның қоғамдық және мәдени тамырларын тану тұрғысында адамзат үшін орасан зор маңызының бар екендігі жалпы мойындалған.

Археологиялық мұралар өткен уақыттағы адамзат қоғамының негізгі куәгері болып табылады. Сондықтан оларды сақтау мен белсенді басқару өте маңызды, өйткені бұл археологтар мен басқа ғылымдар зерттеушілеріне бүгінгі және болашақ ұрпақ мүдделеріне орай зерттеу мен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Осы мұраны сақтау қолданылатын археологиялық әдістеме мен техниканы жетілдіруді ескере отыра, болашақ іздеулер үшін аса маңызды. Ол кәсіптік және ғылыми біліктілік пен білімдердің аса терең негіздерін талап етеді. Кейбір археологиялық мұралардың элементтері сәулеттік құрылыстардың бөлшектері болып табылады және осындай жағдайларда ескерткіштер мен көрікті орындарды реставрациялау және консервациялау бойынша Венециялық хартияда 1966 жылы жарияланған осындай объектілерді қорғау өлшемдеріне сәйкес сақталуға тиіс; археологиялық мұраның басқа объектілері жергілікті тұрғындардың өміршең дәстүрлерінің құрамдас бөлігі болып табылады, олардың қатысуы ескерткіштерді сақтау мен консервациялауда аса маңызды жәйтке айналады.

Осы және көптеген басқа себептер бойынша археологиялық мұраны қорғау әр түрлі салалардағы мамандардың тиімді ынтымақтастығына негізделуге тиіс. Олар сондай-ақ мемлекеттік мекемелер, академиялық зерттеушілер, жеке кәсіпкерлер мен жұртшылық арасындағы ынтымақтастықты талап етеді.

Сөйтіп, Хартия археологиялық мұраларды басқарудың әртүрлі астарларына қатысты қағидаттарды жариялайды. Олар түгіндеу, зерттеу, сақтау,

консервациялау, қалпына келтіру, ақпарат саласында қолданылатын кәсіптік ережелерді, зерттеулердегі мемлекеттік билік пен заң шығарушылардың жауапкершілігін, сондай-ақ мұраны қорғауға жауапты тұлғалардың біліктілігін анықтауды қамтиды.

Осы Хартияны құру мұраны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың, ғалымдар мен мамандардың теориялық және практикалық жұмысының негізгі бағыттары бойынша нормативті құжат пен шабыттандыру көзі болған Венециялық хартияның табысымен байланыстырылады.

Хартия ғаламдық маңыздағы ең негізгі қағидаттар мен бағыттарды көрсетеді. Осы себептер бойынша оларды жекелеген өңірлердің айрықша мәселелері мен мүмкіндіктері қарастырылады. Өңірлік және ұлттық деңгейлерді Хартия белгілі бір өңір мен жергілікті жердің қажеттілігіне сай қолданыстағы қағидаттармен және ережелермен толықтырылуға тиіс.

#### **1. Анықтамалар және кіріспе**

Археологиялық мұра материалдық мұраның бір бөлігі болып табылады, олар бойынша ақпарат археологиялық әдістермен алынуы мүмкін. Мұра адамзат тіршілігінің барлық іздерін қамтиды және адам қызметінің барлық көріністерін айғақтайтын, оның ішінде барлық көтерілетін мәдени мұралармен бірге барлық түрдегі (жерасты және суасты мұраларын қоса алғанда) несіз құрылыстар мен үйінділердің барлық көріністерінің айғақтайтын орындардан тұрады.

#### **2. Қорғаудың жалпы саясаты**

Археологиялық мұра – тұрақты емес және қалпына келтірілмейтін мәдени байлық. Ауыл шаруашылығы мен жерді пайдалану, сондықтан да археологиялық мұраның бұзылуын мүмкіндігінше қысқартатындай ретпен тәртіптелуге және дамуға тиіс. Археологиялық мұраны қорғауға бағытталған саясат жерді пайдалану, қоршаған орта мәдениеті және ағарту қызметі мен саласындағы ажырамас бөлікті құрауға тиіс. Археологиялық мұраны сақтау жөніндегі саясат ұдайы жетілдірілуі тиіс. Археологиялық қызметті ұйымдастыру осы саясаттың бір бөлігіне айналуға тиіс. Археологиялық мұраны сақтау халықаралық, ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде жоспарлау саясатымен біртұтастықты құрауға тиіс.

Халықтың белсенді қатысуы археологиялық мұраны сақтау саясатының бір бөлігіне айналуға тиіс. Бұл жергілікті халықтың мұрасы туралы әңгіме болған кезде аса маңызды. Сонғысының қатысуы білімдер мен барлық қажетті ақпаратқа ашық мүмкіндікке негізделуге тиіс. Қоғамның хабарлар болуы, тиісінше, археологиялық мұраны сақтаудың маңызды элементі болып табылады.

#### **3. Заңнама және экономика**

Археологиялық мұраны қорғау әрбір адам үшін моральдық міндеттеме, сонымен қатар бұл ұжымдық және қоғамдық жауапкершілік болып табылады.

Осы жауапкершілік тиісті заңнамамен ресімделуге және мұраны тиімді сақтау үшін қажетті бағдарламаларды орындау үшін жеткілікті қаржыландырылуымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Археологиялық мұра бүкіл адамзаттың мәдени – тарихи мұрасының бір бөлігі болып табылады және сондықтан оны сақтау үшін жеткілікті қаражат бөлу әрбір елдің парызы болып табылады. Заңнама қорғау мен оларды зерттеуді қамтамасыз ету кезінде әрбір ел мен өңірдің тарихи және дәстүрлерінің қажеттілігіне сәйкес археологиялық мұраның сақталуына кепілдік беруге тиіс.

Заңнама жекелеген тұлғалардың немесе ұлттардың емес бүкіл адамзаттың археологиялық мұрасы болып табылатын тұжырымдамаға негізделуге тиіс.

Заңнама ескерткіштің немесе көрікті археологиялық орындардың, сондай-ақ оның төңірегіндегі кез келген бұзылуына, бұрмалануына немесе жаңғырту арқылы өзгертілуіне құзіретті археологиялық қызметтердің келісімінсіз тыйым салуға тиіс.

Заңнама іс жүзінде ескерткіштердің бұзылуы және бұған қорғау органдарының рұқсат бергендігі туралы әңгіме болған жағдайларда нақты зерттеулер мен толық археологиялық құжаттаманы талап етуге тиіс.

Заңнама ескерткіштердің тиісті тәртіпте ұсталуын және бұл үшін қаражат пен кепілдік берілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Археологиялық мұра туралы заңнама бұзылған жағдайда заң мен санкциялар қарастырылуға тиіс.

Егер заңнама тек ресми күзетілетін, паспортталған немесе тіркелген ескерткіштерге ғана қолданылатын болса, онда археологиялық көзқарас тұрғысында олардың бағалануы жүргізілгенге дейін әлі де күзетілмейтін ескерткіштер мен мұралардың жанадан ашылған учаскелерін немесе ескерткіштерін уақытша күзету үшін шаралар қабылдауға тиіс.

Экономикалық даму жобалары археологиялық мұраға ірі физикалық қатерлердің бірін құрайды. Жобалаушылардың міндеті - жобалар енгізілгенге дейін археологиялық мұраның зерттелгендігіне көз жеткізу. Сондықтан жобаның құнына археологиялық мұраның қосылуын көздейтін заңнама қажет.

Заңнамала сондай-ақ археологиялық мұраларға болмашы әсер ететін экономикалық даму жоспарларын әзірлеу қағидаты қамтылуға тиіс.

#### 4. Түгендеу

Археологиялық мұраны қорғау оның қолданылуына қатысты ең толық білімге, саны мен маңызына негізделуге тиіс. Археологиялық әлеуетті толық түгендеу археологиялық мұраны қорғау саласындағы стратегияны әзірлеудің негізгі құралы болып табылады. Соның салдарынан түгендеу археологиялық мұраны қорғау мен пайдаланудың негізгі шарты болуға тиіс.

Сонымен қатар түгендеу ғылыми зерттеулер үшін мәліметтердің дерек көздері болып табылады. Түгендеу сөйтіп, тұрақты және жаңыртушы үдеріс болуға тиіс. Оның әртүрлі деңгейдегі ақпарат пен сенімхаттарды қамтуы қажет, өйткені, тіпті ат үсті зерттеулердің өзі археологиялық мұраларды қорғау бойынша шаралар әзірлеу үшін маңызды болып шығуы мүмкін.

#### 5. Даладағы зерттеулер

Археологияда білім ескерткіштерге немесе көрікті орындарға ғылыми араласуға қатты тәуелді. Мұндай зерттеулер қандай-да бір бұзылушылықтар немесе үлгілерді жинаусыз әдістердің, барлаудың шектелген төңіректің бүкіл аясын қамтиды.

Негізгі қағидат – бұл археологиялық мұра бойынша консервациялық және ғылыми мақсаттар үшін ақпарат жинау кезінде оның бұзылуының ең төменгі мөлшерде болуын мойындау. Ескерткіштерді бұзбайтын әдістер, - оларды ауадан, төңіректен тексеру және сынамаларды алу – толық қазбалардың орнына олар тек ықтимал кезде ғана барлық жерде қолдануға тиіс.

Қазбалар әрдайым басқа ақпаратты жоғалту арқылы құжатталатын деректерді іріктеу қажеттілігін пайымдайды және көбінесе ескерткіштердің бұзылуына алып келеді. Сондықтан қазбаларды жүргізу туралы шешім саликалы ойлаудан кейін ғана қабылдануға тиіс.

Қазбалар экономикалық бағдарламаларға, жерді пайдалану өзгерістеріне табиғи себептер бойынша олардың бүліну немесе бұзылуына орай қирауға ұшырайтын көрікті орындар мен ескерткіштерге қатысты жүргізіледі.

Айрықша жағдайларда қазбалар зерттеу мәселелерін шешу мақсатында немесе оларды жұртшылыққа таныстыруға байланысты бұзылу қаупіне ұшырамаған ескерткіштерге жүргізіледі. Мұндай жағдайларда қазбаларға ескерткіштің әлеуетіне терең ғылыми талдау мұрындық болуға, қазбалар оның бір бөлігіне жүргізілуге тиіс, сонымен қатар болашақ зерттеушілер үшін ескерткіштің учаскесін қол сұғылмайтын күйде сақтау қажет.

Жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес қазбалар нәтижесі бойынша зерттеулер аяқталғаннан кейінгі уақыттың белгілі бір мерзімінде ғылыми есеп жасалуға тиіс.

Қазбалар ЮНЕСКО ұсыныстарына сәйкес (археологиялық қазбалар саласындағы халықаралық қағидаттарды анықтайтын ұсыныстар. 1956), сондай-ақ халықаралық және ұлттық кәсіптік нормаларды ескере отырып жүргізілуге тиіс.

#### 6. Күтіп-ұстау және консервация

Археологиялық мұраларды басқарудың негізгі мақсаты – бастапқы келбетінде ескерткіштер мен көрікті орындарды сақтау, бұған ұзақ мерзімді консервациялау, коллекцияларды құжаттамалауды құрастыру мен сақтаудағы мұқияттылық және оған жататындардың барлығы кіреді. Мұра элементтерінің кез-келген өзгерісі оның бастапқы келбетінің сақталуының бұзылуының көрінісі. Бұл қағидат археология ескерткіштерін жақсы күтіп-ұстау, консервациялау мен пайдалану қажеттігін атап көрсетеді. Ол сонымен қатар, тағы бір мән-жайды мензейді: археологиялық мұралар көшірілуге тиіс емес, егер күн, жел және т.б. әсерлерінен оған қауіп төнсе, егер оны тиісті күтіп-ұстау мүмкін болмаса, ашық күйдегі қазбалардан кейін қалдыруға болмайды.

Ескерткіштерді қорғауға жергілікті халықты тарту мен қатыстыру археологиялық мұраны қорғау жөніндегі пәрменді құрал ретінде көтерме-

ленуге тиіс. Кейбір жағдайларда ескерткіштер мен көрікті орындарды қорғау жауапкершілігін жергілікті халыққа берген абзал болар еді.

Қаржылық құралдар әрдайым жеткіліксіз болады, өйткені ескерткіштер мен көрікті орындарды белсенді қорғау олардың танымалдығы мен тартымдылығына ғана емес, ғылыми өлшемдері бойынша анықталатын іріктемелік™ негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

1956 жылғы ЮНЕСКО ұсыныстары, сондай-ақ археологиялық мұраларды қорғау мен консервациялауда да қолданылуға тиіс.

#### **7. Мұражайландыру, ақпарат, қалпына келтіру**

Археологиялық мұраны қалың жұртшылыққа таныстыру қазіргі қоғамның көздерімен және эволюциясымен жақындастырудың маңызды құралы болып табылады, сонымен қатар қажеттілікті түсіну үшін ең жақсы әдіс осы мұраны сақтау болып табылады.

Археологиялық мұраларды жұртшылыққа көрсету ғылыми білімдерді насихаттау болып табылады және сондықтан бірнеше мәрте жаңғыртылуға тиіс. Ол өткенді тану үшін сан алуан ұстанымдарды ескеруге қажет.

Қалпына келтіру екі маңызды функцияларға – сынақтық іздестірулер мен насихаттауға жауап береді. Ол кез келген археологиялық бөлшектердің бұрмалануын болдырмау үшін үлкен сақтықпен жүргізілуіне, сондай-ақ шынайылықты қамтамасыз ету үшін көздерді қандай да бір айналып өтпейтін айғақтарды ескеруге тиіс. Объектілерді қалпына келтіру археологиялық үйінділердің өзінде жүргізілуіне тиіс емес, қайта дербес ретінде анықталуы қажет.

#### **8. Кәсіби біліктілік**

Археологиялық мұраларды басқаруды қамтамасыз ету үшін қазіргі деңгейде көптеген ғылыми пәндерді игеру маңызды. Тиісті біліктіліктегі мамандардың жеткілікті санын даярлау әрбір елдің ағарту саясатының маңызды саясаты болуға тиіс. Жоғары біліктіліктегі сарапшыларды даярлау қажеттігін халықаралық ынтымақтастық талап етеді. Кәсіби даярлық пен этика бойынша нормалар әзірленуге тиіс. Университеттерде археологтарды кәсіби даярлау археология ескерткіштерін сақтау саясатында өтетін өзгерістерді өз бағдарламаларында ескеруге, бізге дейін жеткен келбетте мұраны сақтаумен салыстырғанда, қазбаларға аз назар аударғаны абзал.

Жергілікті халық тарихын зерттеуге ескерткіштер мен көрікті орындарды зерттеу сияқты археологиялық мұраларды сақтау мен танудағы маңыздылық сияқты назар аударған жөн.

Археологиялық мұраны қорғау тұрақты және серпінді үдеріс болып табылады. Соның салдарынан осы салада жұмыс істейтін кәсіби қызметкерлер жоғары деңгейдегі мамандарды даярлайтын арнайы бағдарламаларды әзірлеуге тиіс. Бұл бағдарламаларда негізгі назарды археологиялық мұраларды қорғау мен басқару мәселелеріне аудару қажет.

#### **9. Халықаралық ынтымақтастық**

Археологиялық мұралар бүкіл адамзат үшін ортақ бола отыра және осы мұраны басқару және оларды сақтау өлшемдерін әзірлеу үшін халықаралық ынтымақтастықты талап етеді.

Археологиялық мұраларды басқару жауапкершілігі жүктелген мамандар арасында ақпаратпен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету үшін халықаралық тегершікті жасау аса қажет. Бұл халықаралық, сондай-ақ өңірлік деңгейлерде конференцияларды, семинарларды, шеберханалардағы бірлескен жұмыстарды және басқаларды ұйымдастыруды көздейді. Бұл сонымен қатар, жоғары деңгейде даярлау бойынша өңірлік орталықтарды құруды көздейді. ИКОМОС өзінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді бағдарламаларында осыларды ескере отыра, бұл қызметке жәрдемдесуге тиіс.

Әкімшілік және ғылыми қызметшілерді алмасу бойынша халықаралық бағдарламалар осы саладағы біліктілік деңгейін көтеру әдісінде дамуға тиіс.

ИКОМОС қамқорлығымен археологиялық мұра саласындағы техникалық көмек бағдарламалары да дамуға тиіс.

*Ескерткіштер мен көрікті орындар жөніндегі Халықаралық Одақтың IX Бас Ассамблеясында жарияланған.*

1990 жыл

*13-қосымша*

#### **Ескерткіштер мен көрікті жерлерді консервациялау мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық ХАРТИЯ (Венеция, 1964)**

Көне дүниенің рухани ұстанымын көрсететін монументтік шығармалар қазіргі өмірде халықтардың ғасырлық дәстүрлерінің тірі куәлары болып қала береді. Адамзат күн өткен сайын ескерткіштердің жалпы адамзаттық құндылығын барған сайын сезіне түсінеді, оларды жалпы мұра ретінде қарастырады және болашақ ұрпақтың алдында олардың сақталуы үшін ортақ жауапкершілікті мойындайды. Олар келесі ұрпаққа ескерткіштерді олардың түпнұсқасы қалпында беруге міндеттейді.

Осыдан келіп, ескерткіштерді консервациялау мен қалпына келтіру кезінде пайдалануы қажет қағидаттарды ұстануда әрбір ұлттың жеке мәдениеті мен дәстүрлерінің шегінде олардың пайдалануын қадағалауды ескере отыра, бірлескен күш-жігермен анықтау және халықаралық тұрғыда тұжырымдау қажеттігі туындайды.

Осы іргелі қағидаттарды алғаш рет анықтай отыра, 1931 жылғы Афина Хартиясы кең халықаралық қозғалыстың дамуына ықпал етті. Олар атап айтқанда, халықаралық құжаттарда, ИКОМ мен ЮНЕСКО қызметінде, сондай-ақ мәдени құндылықтарды консервациялау мен қалпына келтіру саласындағы Халықаралық ғылыми-зерттеулер орталығының соңғы ұйымын құруда көрініс тапты. Қазіргі уақытта қажеттілікке байланысты аталған Хартияның қағидаттарын қайта қарау, оларды кеңейту және жаңа құжатта олардың маңызын күшейту қажеттігі пайда болды.

Барлық жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отыра, 1964 жылы 25-31 мамыр бойында Венецияда өткен тарихи ескерткіштер бойынша сәулетшілер мен техникалық мамандардың II Халықаралық конгресі мынадай мәтін қабылдады:

#### **Анықтамалар**

§ 1. Тарихи ескерткіш түсінігі жеке сәулеттік шығарманы, сондай-ақ белгілі бір өркениетке тән белгілері бар қалалық немесе селолық ортаны, дамудың немесе тарихи оқиғаның айрықша жолын қамтиды. Олар көрнекті ескерткіштермен қатар, уақыт өте айтарлықтай мәдени құндылыққа ие болған қарапайым ескерткіштерге де қолданылады.

§ 2. Ескерткіштерді консервациялау мен қалпына келтіру монументалдылық мұраны зерттеу мен сақтауға ықпал ететін ғылым мен техниканың барлық салаларымен ынтымақтастық жасайтын пәнді құрайды.

#### **Мақсаты:**

§ 3. Ескерткіштерді консервациялау мен қалпына келтіру өнер туындысы және тарихи куәгері.

#### **Консервация**

§ 4. Ескерткіштерді консервациялау, ең алдымен, оларды тұрақты күтуді қарастырады.

§ 5. Ескерткіштерді консервациялау әрдайым оларды қоғамның игілігіне пайдалану мүмкіндігімен жеңілдей түседі; осылайша пайдалану мүмкіндігінше ғимараттың сәулеттік тұтастығы мен сұлбасының сақталу жағдайында игілікке айналады, тек осы шекте ғана бейімдеу бойынша жұмысқа рұқсат беруге және жүргізуге болады. Оның қажеттігі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерден туындайды.

§ 6. Ескерткіштерді сақтау оның төңірегін сақтауды көздейді, егер дәстүрлі төңірек болса, оны бұзудың қажеті жоқ. Көлем мен түстер үйлесімінің өзара байланысын өзгертуі мүмкін кез-келген жаңа құрылысқа, бұзу мен жаңғыртуға жол берілмейді.

§ 7. Ескерткіш өзі куәгер болып табылатын тарихтан және орналасқан қоршаған ортасынан ажырамайды, тиісінше бүкіл ескерткішті немесе оның бір бөлігін ауыстыруға жол берілмеуге тиіс. Көшіру, егер бұл ескерткішті

сақтау үшін қажет немесе жоғарғы ұлттық және халықаралық мүдделермен ақталған жағдайда ғана ықтимал.

§ 8. Ескерткіштің ажырамас бөлігі болып табылатын мүсіндік, суреттік немесе әшекейлік элементтер одан тек егер осы шаралардың бірлігі олардың сақталуын қамтамасыз еткен жағдайда ғана ажыратылуы мүмкін.

#### **Қалпына келтіру**

§ 9. Қалпына келтіру амалсыз шара болуға тиіс, оның мақсаты – ескерткіштің эстетикалық және тарихи құндылығын сақтау мен анықтау. Ол құжаттардың тарихи мәні мен шынайылығын құрметтеуге негізделеді. Қалпына келтіру болжам басталған жерде тоқтатылады; болжамды қалпына келтіруге келер болсақ, эстетикалық немесе техникалық себептер бойынша қажетті үйлесім, толықтыру бойынша кез-келген жұмыс сәулеттік композициядан ерекшеленетін болады және қазіргі уақыт белгілерін мүлтіксіз ұстауға тиіс. Ескерткішті археологиялық және тарихи зерттеу әрдайым қалпына келтіру жұмыстарының алдында және қоса жүргізілуіне тиіс.

§ 10. Егер дәстүрлі техника жарамсыз болған жағдайда, ескерткішті нығайту консервация мен құрылыстың осы заманғы технологиясының көмегімен қамтамасыз етілуіне тиіс, олардың тиімділігі ғылыми мәліметтермен айғақталуға және тәжірибемен кепілдендірілуіне тиіс.

§ 11. Ескерткіш сәулетіне енгізілген әртүрлі дәуірлер нақышы сақталуға тиіс, өйткені машық бірлігі қалпына келтіру мақсаты болып табылмайды. Егер ғимаратта көптеген мәдени бояулардың белгісі болса, тым ертедегі бояуды анықтау айрықша шара болып табылады, егер кетірілетін элементтер қызығушылық туғызбаған, егер композиция бұдан кейін жоғары тарихи, археологиялық немесе эстетикалық құндылықтарды айғақтаған, егер ашылатын ескерткіштің сақталу жай-күйі қанағаттанарлық болып табылған жағдайда жүргізілуі мүмкін. Осындай элементтердің құндылықтары туралы пікірлер мен оларды кетіру мүмкіндіктері туралы шешім автор жобасының бірлігіне байланысты бола алмайды.

§ 12. Жетпейтін бөлшектерді ауыстыруға арналған элементтер жалпы тұтастыққа кіруге және сонымен қатар, қалпына келтіру тарихи және көркемдік құжаттаманы жокқа шығармау үшін түпнұсқа нақыштарынан айрықшаланбауға тиіс.

§ 13. Қосымшалар тек, егер ғимараттың барлық көрнекі бөлігін, оның дәстүрлі төңірегін, композиция теңдігі мен қоршаған ортаның өзара байланысын бұзбайтын жағдайда ғана енгізілуі мүмкін.

#### **Тарихи көрікті орындар**

§ 14. Тарихи көрікті орындар олардың тұтастығын сақтау мен көріктендіруді бейімделуі мен олардың пайдалануын жақсарту тұтастығын сақтау үшін қажетті айрықша қамқорлықтағы объекті болуға тиіс. Консервациялау мен қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу жоғарыда мазмұндалған қағидаттармен үйлесімде болуға тиіс.

### Қазбалар

§ 15. Қазбалар ғылыми нормаларды сақтаумен және 1956 жылы ЮНЕСКО қабылдаған «Археологиялық қазбаларды жүргізудің халықаралық қағидаттарын анықтайтын ұсыныстарға» сәйкес жүргізілуге тиіс.

Үйінділерді нығайту мен сәулеттік элементтерді тұрақты қорғау және қазбалар барысында табылған заттарды консервациялау үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Сонымен қатар, қазбалар нәтижесінде анықталған ескерткіштің маңызын түсінуді жеңілдету, бұл жағдайда оның маңызын бұрмаламау үшін шаралар қабылдауға тиіс.

Кез-келген қалпына келтіру бастапқыда тоқтатылуға тиіс, тек анастилозға, яғни сақталғандарын, сондай-ақ бүлінген нақыштарын өз орнына қайтаруға ғана рұқсат етілуі мүмкін. Енгізілген элементтер әрдайым танылуға және ескерткішті консервациялау шарттарын қамтамасыз ету мен оның нысанының бірлігін қалпына келтіру үшін қажетті мүмкіндігі болуға тиіс.

### Құжаттамалар мен жарияланымдар

§ 16. Консервациялау, қалпына келтіру мен қазбалар бойынша жұмыстар әрдайым суреттермен және фотографиялармен жабықталған талдау және сыни есептер түрінде ұсынылған дәл құжаттаманы құрастырумен жүргізілуге тиіс. Оларда ашу, нығайту, жинақтау және қосу бойынша жұмыстардың барлық кезеңдері, сондай-ақ осы жұмыстар кезінде анықталған техникалық және формалдық құралдар көрсетілуі тиіс. Бұл құжаттамалар қоғамдық ұйымның мұрағатына беріледі және зерттеушілер иелігіне тапсырылады. Бұл құжаттарды жариялау ұсынылады.

### 14-қосымша

## Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі КОНВЕНЦИЯ (1972 жылғы 16 қараша)

1972 жылғы 17 қазан мен 21 қарашаның бойында Парижде жиналған білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттан Ұйымының Бас конференциясы өзінің он жетінші сессиясында,

мәдениет пен тарихи мұралар зақымдалулардың дәстүрлі себептерімен қатар, сондай-ақ барынша қатерлі зиян келтіретін және қирату құбылыстарымен ұшыққан әлеуметтік және экономикалық өмірдің эволюциясынан туындайтын бүліну қатерінің барған сайын қатер төндіріп отырғандығын **пайымдай отыра,**

мәдени және тарихи мұраның кез-келген объектісінің зақымдалуының немесе жойылуының әлемнің барлық халықтарының игілігінің қатты жұтатындығын **назарға ала отыра,**

ұлттық деңгейде осы мұраны қорғаудың олар талап ететін шығындардың жеткіліксіздігін және қорғауға жататын құндылық орналасқан аумақтағы елдің экономикалық, ғылыми және техникалық ресурстарының жетіспейтіндігін **назарға ала отыра,**

Ұйым Жарғысының адамзаттың жалпы мұрасының консервациялау мен қорғауды қамтамасыз ете отыра, прогрестің және білімнің таралуын қолдауға көмектесуді көздейтіндігін **еске сала отыра,** сондай-ақ мүдделі ұлттарға тиісті халықаралық конвенцияларды ұсына отыра,

қолданыстағы халықаралық конвенциялардың, ұсыныстар мен қарарлардың мәдени және табиғи құндылықтарының пайдасына екендігін санай отыра, мұралардың қандай халыққа жататындығына қарамастан, айрықша және тәуелсіз құндылықтарды сақтаудың барлық халықтар үшін маңыздылығы туралы айғақтайтындығын, мәдени және табиғи мұраның кейбір құндылықтарының ерекше қызығушылық тудыратындығын және бүкіл адамзаттың бүкіл әлемдік мұрасының бір бөлігі ретінде сақталуға тиістілігін **назарға ала отыра,**

қатер төндіретін жаңа қауіптердің көлемі мен ауқымдылығына байланысты барлық халықаралық қоғамдастық құндылығы орналасқан аумақтағы мүдделі мемлекеттің қызметін айырбастамайтындығын, оны тиімді толықтыратындығын, ұжымдық көмек көрсететіндігін, табиғи және мәдени мұраны қорғауға қатысуға тиістілігін **назарға ала отыра,**

қазіргі ғылыми әдістерге сәйкес тұрақты негізде ұйымдастырылған көрнекті жан-жақты маңыздағы объектілерді ұжымдық қорғаудың тиімді жүйесін белгілейтін конвенциялар нысанындағы жаңа ережелерді қабылдау қажеттігін **назарға ала отыра,**

өзінің он алтыншы сессиясында бұл мәселенің халықаралық конвенциялар мәні болып табылатындығын ұйғара отыра, 1972 жылғы он алтыншы қарашада осы Конвенцияны **қабылдады.**

## I. Мәдени және табиғи мұраның анықтамасы

### 1-бап

Осы Конвенцияда тарихи, өнер немесе ғылым тұрғысында көрнекті үлкен құндылығы бар «мәдени мұра» ретінде ескерткіштер: сәулет, монументалдық скульптура мен сурет өнері, археологиялық сипаттағы элементтер немесе құрылымдар, жазбалар, үңгірлердегі қоймалар мен элементтер тобы;

ансамбльдер: тарих, өнер немесе ғылым тұрғысында үлкен көрнекті құндылығы бар пейзажбен байланысты окшауланған немесе біріктірілген құрылыстар тобы, сәулет;

көрнекті орындар: тарих, этнология немесе антропология тұрғысында көрнекті әмбебап құндылығы бар адам қолынан шыққан істер немесе адам мен табиғаттың бірлескен шығармашылығы, сондай-ақ археологиялық көрнекті орындар кіретін аймақтар түсініледі.

### **2-бап**

Осы Конвенцияда «табиғи мұра» ретінде түсінілетіндер: эстетика немесе ғылым тұрғысында көрнекті үлкен құндылығы бар физикалық және биологиялық құрылымдардан тұратын табиғи ескерткіштер.

Ғылым немесе консервация тұрғысында көрнекті әмбебап құндылығы бар хайуанаттар мен өсімдіктер түрлерінің катерге ұшыраған ареалы түріндегі геологиялық және физиологиялық құрылымдармен дәл шектелген аймақтар.

Ғылым, консервация немесе табиғи әсемдік тұрғысында көрнекті толық құндылығы бар табиғи аймақтар.

### **3-бап**

Әрбір мемлекетке – осы Конвенция тарабына өз аумағында орналасқан және жоғарыда аталған 1- және 2-баптарда көзделген әртүрлі құндылықтарды анықтау және ажырату қажет.

## **II. Мәдени және халықтық мұраны ұлттық қорғау мен халықаралық қорғау**

### **4-бап**

Әрбір мемлекет – осы Конвенция тарабы өз аумағында орналасқан, 1 және 2 баптарда аталған мәдени және халықтық мұраны анықтауды, қорғауды, сақтауды насихаттау мен болашақ ұрпаққа беруді қамтамасыз ету міндеттемелерінің ең алдымен өздеріне жүктелетіндігін мойындайды. Осы мақсатта қолда бар ресурстарды барынша пайдаланатын жеке күштер арқылы, сондай-ақ қажет жағдайда, олар пайдаланатын, атап айтқанда, қаржылық, көркемдік, ғылыми және техникалық қатынастардағы халықаралық көмек пен ынтымақтастық арқылы іс-әрекет етуге ұмтылады.

### **5-бап**

Өз аумағында орналасқан, әрбір елге, мемлекет – осы Конвенция тарабы өзіне тән жағдайларда мүмкіндігінше мәдени және табиғи мұраны барынша тиімді қорғауды, консервациялау мен насихаттауды қамтамасыз ету үшін мыналарға ұмтылады:

а) мәдени және табиғи мұраға қоғамдық өмірде белгілі бір функцияларды беруге бағытталған жалпы саясат жүргізу және осы мұраны қорғауда жалпы жоспарлау бағдарламасына қосылуға;

ә) өз аумағында, егер олар әлі құрылмаса, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін тиісті қызметшілері мен құралдары бар мәдени және табиғи мұраны қорғау, сақтау мен насихаттау жөніндегі бір немесе бірнеше қызметтерді құруға;

б) мәдени және туған мұрасына қатер төндіретін қауіпті жою үшін мемлекетке мүмкіндік беретін ғылыми және техникалық әзірлемелерді және зерттеулерді дамыту мен жұмыс әдістерін жетілдіруге;

г) осы мұраны анықтау, қорғау, сақтау, насихаттау мен қалпына келтіру үшін тиісті заңдық, ғылыми, техникалық, әкімшілік және қаржылық шараларды қабылдауға;

ғ) мәдени және табиғи мұраны қорғау, сақтау мен насихаттау саласында кадрларды даярлаудың ұлттық немесе өңірлік орталықтарын құруға немесе дамуына жәрдемдесуге, сондай-ақ осы саладағы ғылыми-зерттеулерді көтермелеуге.

### **6-бап**

1. 1- және 2-баптарда анықталған мәдени және табиғи мұралар орналасқан аумақтағы мемлекеттің егемендігін толық құрметтей отыра және көрсетілген мұраға қатысты ұлттық заннамада көзделген құқықтарды кемсітпей, мемлекет – осы Конвенция тарабы оның ортақ мұра екендігін, оларды қорғаудың барлық халықаралық қоғамдастықтың парызы екендігін мойындайды.

2. Мемлекет – тараптар сондықтан осы Конвенция ережелеріне сәйкес 11 баптың 2 және 4 тармақтарында аталған мәдени және табиғи мұраны, егер бұны өз аумағында құндылықтар орналасқан мемлекет өтінсе, мәдени және табиғи мұраны анықтауға, қорғауға, сақтауға және насихаттауға міндеттенеді.

3. Әрбір мемлекет – осы Конвенция тарабы басқа мемлекеттердің – осы Конвенция тараптарының аумақтарында орналасқан, 1 және 2 баптарда аталған мәдени және табиғи мұраға тікелей немесе жанама залал келтіруі мүмкін қандай-да бір қасакана іс-әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

### **7-бап**

Осы Конвенцияда «бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны халықаралық қорғау ретінде» мемлекеттерге – Конвенция тараптарына осы мұраны сақтау мен анықтауға бағытталған күш-жігерлерге халықаралық ынтымақтастық пен көмек жүйесін құру түсініледі.

## **III. Бүкіләлемдік және табиғи мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет**

### **8-бап**

1. Білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан «Бүкіләлемдік мұра комитеті» деп аталатын жалпы көрнекті маңыздағы мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет құрылады. Ол білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясының кезекті сессиялары кезінде Бас ассамблеяға жиналатын мемлекеттер – Конвенция тараптары сайлайтын он бес мемлекеттен – Конвенция тараптарынан тұрады. Комитет құрамына кіретін мемлекеттер саны кемінде 40 мемлекет үшін осы Конвенция күшіне енгеннен кейін өткізілетін Бас конференцияның кезекті сессиясынан бастап 21-ге дейін жеткізілетін болады.

2. Комитет мүшелерінің сайлауы әлемнің әртүрлі аудандары мен мәдениеттерінің әділетті өкілдігін қамтамасыз етуге тиіс.

3. Комитет мәжілістеріне мәдени құндылықтарды сақтау мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық зерттеу орталығы (Рим орталығы), ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау жөніндегі Халықаралық кеңес (ИКОМОС) және табиғат пен табиғи байлықтарды қорғайтын Халықаралық одақ (МСОП) бір-бір өкілден кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады. Оларға білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясының кезекті сессиялары уақытында Бас ассамблеяда жиналатын мемлекеттер – Конвенциялар тараптарының өтінші бойынша басқа да үкіметаралық немесе өздеріне осындай мақсат қойған үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қосыла алады.

#### **9-бап**

1. Мемлекеттер – Бүкіләлемдік мұра комитетінің мүшелері өз өкілеттігін өздері сайланған Бас конференцияның кезекті сессиясының аяғынан бастап кейінгі кезекті сессияның оның үшінші келесі кезекті сессиясының аяғына дейін жүзеге асырады.

2. Алғашқы сайлаулар уақытында тағайындалған мүшелердің үштен бірінің өкілеттігі олар сайланғаннан кейінгі Бас конференцияның бірінші кезекті сессиясының аяғында, ал осы уақытта тағайындалған мүшелердің үштен екісінің өкілеттігі олар сайланғаннан кейінгі Бас конференцияның екінші кезекті сессиясының аяғында аяқталады. Комитеттің осы мүшелерінің атауларын алғашқы сайлаулардан кейін жеребе арқылы білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясының Төрағасы анықтайды.

3. Мемлекеттер – Комитет мүшелері өз өкілдері ретінде мәдени немесе табиғи мұра саласындағы білікті тұлғаларды іріктейді.

#### **10-бап**

1. Бүкіләлемдік мұра комитеті өздерінің рәсімдік ережелерін қабылдайды.

2. Комитет кез-келген уақытта нақты мәселелер бойынша консультациялар үшін өз мәжілісіне қоғамдық немесе жеке ұйымдарды, сондай-ақ жеке тұлғаларды шақыра алады.

3. Комитет өз міндеттері үшін қажетті деп санайтын консультативтік органдарды құра алады.

#### **11-бап**

1. Әрбір мемлекет – осы Конвенция тарабы мүмкіндігінше Бүкіләлемдік мұра комитетіне осы баптың 2-тармағында көзделген тізімге енгізілуі мүмкін, өз аумағында орналасқан мәдени және табиғи мұралардың тізбесін тапсырады. Толық деп саналмайтын осы тізбеде осы құндылықтардың орналасқан жеріне және олар туғызатын қызығушылыққа қатысты құжаттамалар болуға тиіс.

2. 1-тармаққа сәйкес мемлекеттер ұсынған тізбелер негізінде Комитет осы Конвенцияның 1- және 2-баптарында анықталғандағыдай, өзінің пікірінше, белгіленген өлшемдерге сәйкес көрнекті толық құндылығы бар мәдени және табиғи мұралар құндылықтарының тізімін «Бүкіләлемдік мұра» тізімі атауымен құрастырады, жаңарталы және жариялайды, жаңартылған тізім кемінде екі жылда бір рет таратылады.

3. Бүкіләлемдік мұра тізіміне құндылықтарды енгізу мүдделі мемлекеттің келісімінсіз жүргізілмейді. Аумақта орналасқан құндылықтарды енгізу бірнеше мемлекет даулайтын егемендік пен құзырет қандай-да бір ретпен дауласушы тараптардың құқығына әсер етпейді.

4. Комитет бүкіләлемдік мұра тізімінде кездесейтін құндылықтар тізімінде «Қатерге ұшыраған бүкіләлемдік мұра тізімі» атауымен бұны мән-жай талап еткен жағдайда құрастырады, жаңғырталы және жариялайды. Оларды құтқару үшін айтарлықтай жұмыс талап етіледі және олар үшін осы Конвенция шегінде көмек сұралады. Бұл тізімде операциялардың шамалық құны көрсетіледі. Бұл тізімге асқынған бұзылушылық, ірі қоғамдық немесе жеке жұмыстарды жүргізу жобалары, қалалар мен туризмнің қарқынды дамуы, мақсатының немесе жерге меншік құқығының өзгерісіне байланысты бұзылушылық белгіленген себептегі салдардан айтарлықтай зақымдалудың қандай-да бір себептер бойынша қараусыз қалу, зілзала мен катаклизмдер, әскери қатығыстар қаупі, үлкен өрттер, жер сілкінісі, опырмалар, жанартаудың тұтануы, су деңгейінің өзгерісі, су басу, тасқын сияқты елеулі және нақты қатерлер төнген мәдени және табиғи мұралар құндылықтары енгізілуі мүмкін. Төтенше жағдайлар кезінде Комитет кез-келген уақытта қатерге ұшыраған бүкіләлемдік мұра тізіміне жаңа құндылықтарды қоса алады және бұл туралы жедел хабарлайды.

5. Комитет осы баптың 2- және 4-тармақтарында көзделген екі тізімге де қосылуы мүмкін мәдени немесе табиғи мұралар құндылықтарының негізінде өлшемдерді анықтайды.

6. Осы баптың 2 және 4 тармақтарында аталған тізімдердің біріне құндылықтардың енгізілуі туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Комитет мәдени немесе табиғи мұраның жоғарыда аталған құндылықтары орналасқан аумақтағы мемлекетпен кеңеседі.

7. Комитет мүдделі мемлекеттермен уағдаластық бойынша осы баптың 2 және 4 тармақтарында көрсетілген тізімдерді жасау үшін қажетті тексерістер мен зерттеулерді жүргізуді үйлестіреді.

#### **12-бап**

Мәдени немесе табиғи мұраның қандай-да бір құндылықтарының 11-баптың 2- және 4-тармақтарында аталған екі тізімнің біріне енгізілмеу дерегі қандай-да бір жағдайда оны осы тізімге енгізуді қоспағанда, осы объектінің қандай-да бір өзгеше қатынастағы көрнекті толық құндылығының жоқ екендігін білдірмейді.



### 13-бап

1. Бүкіләлемдік мұра комитеті 11-баптың 2- және 4-тармағында көрсетілген тізімдерге енгізілген немесе енгізілуі мүмкін аумақтарда орналасқан мәдени және табиғи мұралар құндылықтарына қатысты мемлекеттер – осы Конвенция тараптары тұжырымдаған халықаралық көмекті көрсету туралы өтінімдерді алады және зерттейді. Осындай өтінімдердің мақсаты бұл құндылықтарды қорғау, сақтау, насихаттау немесе қалпына келтіру болуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес халықаралық көмек туралы өтінім, сондай-ақ алдын-ала зерттеулер алдағы сауалнамалардың ақталатындығын көрсеткен жағдайларда, 1- және 2-баптарда анықталған мәдени және табиғи мұраларды анықтауға қатысты болуы мүмкін.

3. Комитет осы өтінімдер бойынша шешім қабылдайды, қажет жағдайда, өз көмегінің сипаты мен көлемін анықтайды және мүдделі үкіметтермен қажетті келісімдерді өз атынан жасауды өкілеттейді.

4. Комитет өз операцияларының кезектілік тәртібін белгілейді, ол бұны қорғауға тиіс бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраның маңыздылығын, табиғаттың, әлем халықтарының ақыл-ойы мен тарихының аса белгілі құндылықтарын халықаралық қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігін және жүргізілуі қажет жұмыстардың жеделдігін, осы құндылықтар орналасқан аумақтағы мемлекеттер ресурстарының көлемін, атап айтқанда, олардың өз құралдары мен осы құндылықтардың сақталуын қандай деңгейде қамтамасыз ете алу деңгейін назарға ала отырып жасайды.

5. Комитет халықаралық көмек бөлінетін құндылықтар тізімін құрастырады, жаңғыртады және таратады.

6. Комитет осы Конвенцияның 15-бабына сәйкес құрылған қор қаражатын пайдалану туралы шешім қабылдайды және осы қаражатты толықтыру үшін әдістер іздестіреді және осыған байланысты барлық қажетті шараларды қабылдайды.

7. Комитет осы Конвенция мақсаттарына ұқсас мақсаттарды көздейтін халықаралық және ұлттық, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық жасайды. Комитет өз бағдарламалары жобаларын орындау үшін, атап айтқанда, мәдени құндылықтарды сақтау мен қалпына келтіру жөніндегі Халықаралық зерттеу орталығының (Рим орталығы), ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңестің (ИКОМОС) және табиғат пен табиғи байлықтарды қорғаудың халықаралық одағының (МСОП), сондай-ақ мемлекеттік және жеке органдар мен жеке тұлғалардың көмегіне жүгіне алады.

8. Комитет шешімі дауыс беруге қатысқан мүшелердің үштен екісінің көпшілігімен қабылданады. Кворумды Комитет мүшелерінің көпшілігі құрайды.

### 14-бап

1. Бүкіләлемдік мұра комитетіне білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директоры тағайындайтын хатшылық көмектеседі.

2. Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директоры мәдени құндылықтарды сақтау мен қалпына келтіру жөніндегі Халықаралық зерттеу орталығы (Рим орталығы), ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес (ИКОМОС) және табиғат пен табиғи байлықтарды қорғаудың халықаралық одағы (МСОП) қызметтерін олардың құзыретінің салалары мен олардың тиісті мүмкіндіктері шегінде пайдаланады, құжаттамалар мен олардың тиісті мүмкіндіктерін даярлайды, Комитет құжаттамасын оның мәжілістерінің күн тәртібін даярлайды және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

## IV. Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау

### 15-бап

1. Осылар арқылы «Бүкіләлемдік мұра қоры» деп аталатын көрнекті, толық құндылығы бар бүкіләлемдік табиғи және мәдени мұраны қорғау қоры құрылады.

2. Осы қор білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының қаржылар туралы Ережелерінің тиісті баптарына сәйкес нысаналы қор болып табылады.

3. Қор мыналардан құралады:

а) мемлекеттердің – осы Конвенция тараптарының міндетті және ерікті жарналарынан;

ә) төмендегілер жасайтын салымдардан, сыйлықтардан немесе мұраға қалдырылған сомалардан:

1) басқа мемлекеттердің;

2) білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің басқа да ұйымдарының, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының дамыту бағдарламасы мен басқа да үкіметаралық ұйымдардың;

3) мемлекеттік немесе жеке органдардың немесе жеке тұлғалардың;

б) қор берген сомалар пайызынан;

в) қор пайдасына ұйымдастырылған шаралардан түскен алымдар мен түсімдер сомасынан;

д) бүкіләлемдік мұра комитеті әзірлеген Қор туралы ережелерде рұқсат етілген басқа да кез-келген ресурстардан.

### 16-бап

1. Кез келген ерікті қосымша жарнаға залалсыз мемлекеттер – осы Конвенция тараптары бүкіләлемдік мұра қорына екі жылда бір рет жарна төлеуге міндеттенеді. Олардың сомасы барлық мемлекеттер үшін бірдей пайызды құрайды. Оның көлемін білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясының сессиясына жиналған мемлекеттер – Конвенциялар

тараптарының Бас ассамблеясы анықтайтын болады. Бас ассамблеяның осы шешімді қабылдауы осы баптың 2 тармағында көзделген мәлімдемені жасамаған, қатысқан және дауыс беруші мемлекеттер – тараптар дауыстарының көпшілігін талап етеді. Қандай-да бір жағдайда да мемлекеттер – Конвенция тараптарының міндетті жарнасы білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының кәдімгі бюджетіне олардың жарнасының бір пайызынан аспайды.

2. Алайда, осы Конвенцияның 32-бабында көзделгенгедей, әрбір мемлекет өздерінің бекіту грамоталарын – қабылдау немесе кіру туралы актілерін тапсырған сәтте олардың осы баптың 1-тармағының ережелерімен байланысты болмайтындығын мәлімдей алады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген мәлімдемені жасаған мемлекет – Конвенция тарабы кез-келген сәтте білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директорына хабарлау арқылы жоғарыда аталған мәлімдемені қайтарып ала алады. Алайда мәлімдемені қайтарып алу тарап-мемлекеттердің кезекті Бас ассамблеясы күнінен бастап қана осы мемлекеттің міндетті жарнасына ықпал ететін болады.

4. Комитет осы баптың 2-тармағында көзделген мәлімдемені жасаған мемлекеттер – осы Конвенция тараптары жарналарын өз қызметінде жүргізілуін тиімді жоспарлау үшін кемінде екі жылда бір рет тұрақты негізде енгізілуге тиіс, егер олар осы баптың 1-тармағының жағдайларына байланысты болған жағдайда, енгізілуі қажет жарналар сомасынан аз болмауға тиіс.

5. Ағымдағы жыл мен оның алдындағы тікелей күнтізбелік жыл үшін өзінің міндетті немесе ерікті жарналары бойынша қарызы бар кез-келген мемлекет – Конвенция тарабы бүкіләлемдік қор Комитетіне сайланбайды; бұл ереже алғашқы сайлаулар барысында қолданылмайды. Комитет мүшесі болып табылатын осындай мемлекеттің өкілеттігі осы Конвенция 1-бабының тармағында көзделген сайлаулар кезінде аяқталады.

#### **17-бап**

Мемлекет – осы Конвенция тарабы осы Конвенцияның 1 және 2 баптарының ережелеріне сәйкес мәдени мұраны қорғау үшін ерікті қайырымдылық қаражатын көтермелеу мақсатын қойған мемлекеттік немесе жеке ұлттық қорларды немесе ассоциацияларды құруға ықпал етеді.

#### **18-бап**

Мемлекет – осы Конвенция тарабы білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығымен ұйымдастырылған көмекті осы мақсаттар үшін 15-баптың 3-тармағында аталған ұйымдар жүргізетін қаражатты жинау бойынша халықаралық ғалымдарға көмек көрсетеді.

## **V. Халықаралық көмекті беру шарттары мен нысандары**

#### **19-бап**

Кез келген мемлекет – осы Конвенция тарабы көрнекті, толық құндылығы бар және өз аумағында орналасқан мәдени немесе табиғи мұралардың пайдасына халықаралық көмек көрсету туралы өтініш жасай алады. Ол өз өтінімімен бірге өзінде бар және шешім қабылдау үшін Комитетке қажетке 21-бапта көзделген ақпарат пен құжаттаманы тапсыруға тиіс.

#### **20-бап**

Осы Конвенцияға сәйкес халықаралық көмек бүкіләлемдік мұра комитеті 11-баптың 2- және 4-тармақтарында көрсетілген, 13-баптың 2-тармағына, 22- және 23-баптардың тармағына сәйкес тізімдердің біріне енгізуді шешкен немесе шешетін мәдени және табиғи мұра құндылықтары үшін беруі мүмкін.

#### **21-бап**

1. Бүкіләлемдік мұра комитеті халықаралық қордың көмек көрсету туралы өзіне түскен өтінімді қарау рәсімін анықтайды, көзделген операцияның сипатын, қажетті жұмыстардың көлемін, соңғысының болжамдық құнын көмек үшін жүтінген мемлекетке мүмкіндік бермейтін шұғылдық пен себептер деңгейін, барлық қажетті шығындарды дербес жүргізуге көмек үшін жүтінген мемлекетке мүмкіндік бермейтін өтініштің мазмұнын анықтайды. Өтінімдер әрбір ретте бұл мүмкін болған жағдайда, сарапшылар қорытындысымен айқалталады.

2. Апаттар мен зілзалаларға байланысты жүзеге асыру қажеттілігі ықтимал жұмыстардың шұғылдықлығына орай осындай жағдайлар үшін арналған резервтік қоры бар Комитет бірінші кезекте қарауға тиіс.

3. Шешім қабылдардың алдында Комитет өзі қажет деп санайтын зерттеулерді немесе консультацияларды жүргізе алады.

#### **22-бап**

Бүкіләлемдік мұра комитеті көрсете алатын көмектің мынадай түрлері болуы мүмкін:

а) мәдени және табиғи мұраны қорғауды, сақтауды, қалпына келтіру мен насихаттауды мақсат етіп қойған көркемдік, ғылыми және техникалық мәселелерді зерттеу, өйткені олар осы Конвенция 11-бабының 2- және 4-тармақтарында анықталған;

ә) бекітілген жобаны қанағаттанарлықпен орындауды қамтамасыз ету үшін сарапшыларды, техниктер мен білікті жұмысшыларды жіберу;

б) мәдени және табиғи мұраны анықтау, қорғау, сақтау, қалпына келтіру мен насихаттау саласындағы барлық деңгейдегі мамандарды даярлау;

в) мүдделі мемлекеттерде жоқ немесе алуға жағдайы жоқ қолданылғандарды оларға беру;

г) ұзақ мерзімдік негізде өтелуі мүмкін төменгі пайыздағы және пайызсыз несиелерді беру;

ғ) айрықша жағдайларда және арнайы дәлелді жағдайларда тегін демеу қаржыны беру.

#### **23-бап**

Бүкіләлемдік мұра комитеті, сондай-ақ мәдени және табиғи мұраны анықтау, қорғау, сақтау, қалпына келтіру мен насихаттау саласындағы барлық деңгейдегі мамандарды даярлаудың ұлттық немесе өңірлік орталықтарына халықаралық көмекті көрсете алады.

#### **24-бап**

Ауқымды көмекті көрсетудің алдында мұқият, ғылыми, экономикалық және техникалық зерттеулер жүргізілуге тиіс. Осы зерттеулерді, мәдени және табиғи мұраларды қорғаудың, сақтаудың, қалпына келтіру мен насихаттаудың ең озық әдістерін пайдалану қажет және осы Конвенция талаптарына сай болуы қажет. Зерттеулерді сондай-ақ мүдделі мемлекеттердің қолда бар ресурстарының тиімді жолдарын пайдалануға мүмкіндік беретін жолдар анықталуға тиіс.

#### **25-бап**

Ақиқатында, қажетті жұмыстарды қаржыландыру тек ішінара ғана халықаралық қоғамдастыққа жүктелуге тиіс. Халықаралық көмекті пайдаланатын мемлекеттің қаржылық қатысуы бұны жасауға оның ресурстары мүмкіндік бермейтін жағдайларды қоспағанда, әрбір бағдарлама немесе жоба үшін бөлінген қаражаттың айтарлықтай бөлігін құрайды.

#### **26-бап**

Бүкіләлемдік мұра жөніндегі комитет және көмек алған мемлекет өздері жасаған келісімде осы Конвенцияға сәйкес халықаралық көмек мәні болып табылатын бағдарламаны немесе жобаны жүзеге асыруға тиіс шарттарды анықтайды. Осы халықаралық көмекті пайдаланатын мемлекетке келісімде анықталған шарттар бойынша құндылықтарды қорғауды, сақтауды, жинақтауды жалғастыру жүктеледі.

### **VI. Ағартушылық бағдарламалар**

#### **27-бап**

1. Осы Конвенция тараптары барлық тиісті құралдарды, атап айтқанда, ағартушылық және ақпараттық бағдарламаларды қолдана отыра, Конвенцияның 1- және 2-баптарында анықталған мәдени және табиғи мұраға өз халықтарының құрметі мен бауырмалдығын нығайтуға ұмтылады.

2. Олар осы мұраға төнген қауіптер, сондай-ақ осы Конвенцияны орындау үшін қабылданған шаралар туралы жұртшылықты кенінен хабарлар етуге міндеттенеді.

#### **28-бап**

Осы Конвенцияға сәйкес халықаралық көмекті алатын мемлекет – осы Конвенция тарабы осындай көмекті алған мұраның маңыздылығымен және оны атқаратын рөлімен таныстыру мақсатында тиісті шараларды қабылдайды.

### **VII. Баяндамалар**

#### **29-бап**

1. Мемлекет – осы Конвенция тарабы білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясы белгілеген мерзім мен нысанда тапсырылатын баяндамаларды заңнамалық және реттеушілік ережелерді және осы Конвенцияны орындау мақсатында өздері қабылдаған шаралар туралы, сондай-ақ осы салада өздері жинақтаған тәжірибелер туралы мәліметтерді хабарлайды.

2. Бұл баяндамалар бүкіләлемдік мұра комитетінің назарына жеткізіледі.

3. Комитет білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясының әрбір кезекті сессиясында өз қызметі туралы баяндаманы тапсырады.

### **VIII. Қорытынды ережелер**

#### **30-бап**

Осы Конвенция ағылшын, араб, испан, француз және орыс тілдерінде жасалды, сонымен қатар барлық бес мәтіннің күші бірдей.

#### **31-бап**

1. Осы Конвенция мемлекеттердің – білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелерінің өздерінің Конституцияларында көзделген тәртіппен бекітуіне немесе қабылдауына жатады.

2. Бекіту грамоталары немесе қабылдау туралы актілер білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директорының сақтауына тапсырылады.

#### **32-бап**

1. Осы Конвенцияға білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері емес кез келген мемлекет қосыла алады. Олар ұйымның Бас конференциясынан Конвенцияға қосылу туралы шақыру алады.

2. Қосылу білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директорының сақтауына қосылу туралы актіні тапсыру жолымен жүзеге асырылады.

### 33-бап

Осы Конвенция жиырманшы бекіту грамотасы немесе қабылдау немесе қосу туралы актіні сақтауға тапсырылған күннен бастап, алайда бекіту, қабылдау немесе қосылу туралы өз актілері сақтауға тапсырылған көрсетілген күні немесе бұрын тапсырған мемлекеттерге қатысты ғана 3 ай өткен соң күшіне енеді. Кез келген басқа мемлекетке қатысты Конвенция күшіне бекіту, қабылдау немесе қосылу туралы өз актісін сақтауға тапсырғаннан кейін 3 айдан соң күшіне енеді.

### 34-бап

Федералдық құрылымы бар мемлекеттерге – осы Конвенция тараптарына мына ережелер жағдайы:

а) орындалуы орталық немесе федералдық заңнамалық биліктің заңнамалық қызметінің мәні болып табылатын осы Конвенция ережелеріне қатыстылары, федералдық немесе орталық өкіметтің міндеттемелері федеративтік мемлекеттер болып табылмайтын қатысушы – мемлекеттер міндеттемелерінде болады;

б) орындалуы заңнамалық шараларды қабылдауға міндетті емес федерациялар жүйелеріне сәйкес әрбір штаттардың, елдердің, провинциялардың, кантондардың заңнамалық қызметінің мәні болып табылатын осы Конвенция ережелеріне қатыстыларды федеративтік үкімет аталған ережелерді оларды қабылдау мақсатында штаттардың, елдердің, провинциялардың және кантондардың құзыретті билігінің назарына жеткізеді.

### 35-бап

1. Әрбір мемлекет – осы Конвенция тарабы осы Конвенцияны толықтыра алады.

2. Толықтыру білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директорына тапсырылатын жазбаша актімен ресімделеді.

3. Толықтыру актісін алғаннан кейін он екі айдан соң күшіне енеді, ол ешқандай да ретпен толықтыру күшіне енген күнге дейін толықтырушы мемлекеттің өзіне қабылдаған қаржылық міндеттемесін өзгертпейді.

### 36-бап

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директоры мемлекеттерге – ұйым мүшелерге, 32-бапта аталған ұйым мүшелері емес мемлекеттерге, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымына 31- және 32-баптарда аталған бекіту, қабылдау немесе қосылу туралы барлық актілердің сақтауға берілгендігі, сондай-ақ 35-бапта көрсетілген толықтырулар туралы хабарлайды.

### 37-бап

1. Осы Конвенцияны білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясы қайта қарай алады. Алайда оның қайта қаралған мәтіні қайта қаралған Конвенция тараптары болатын мемлекеттерді ғана міндеттейтін болады.

2. Егер Бас конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарау нәтижесінде жаңа Конвенцияны қабылдаса және егер жаңа Конвенцияда басқа нұсқаулар мазмұндалмаса, осы Конвенция қайта қаралған мәтінде мазмұндалған жаңа Конвенция күшіне енген күннен бастап бекіту, қабылдау немесе қосылу үшін жабық болады.

### 38-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Конвенция білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас директорының өтініші бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелетін болады.

## 15-қосымша

### Тарихи қалаларды қорғау жөніндегі халықаралық хартия (Вашингтон, 1987)

#### Кіріспе және анықтамалар

Қандай-да бір стихиялық даму нәтижесінде немесе ойластырылған жоспар бойынша пайда болған әлемнің барлық қалалары бүкіл тарихи үдеріс барысында өмір сүрудің әртүрлі қоғамдық жүйелердің материалдық көрінісін білдіреді.

Осы Хартия үлкен және шағын қалаларға, тарихи орталықтарға немесе олардың табиғи немесе адамның қоршауымен жасалған орындарынан тұрады. Олар өзінің тарихи құжат сапасынан бастап дәстүрлі қалалық өркениетке тән құндылықтардан тұрады. Алайда, бұл қалалар индустриялық дәуірден және қазір бүкіл қоғамға тән ірілену әсерінен зақымдалу, бұзылу және тіпті жойылу қатеріне ұшыраған.

Мәдени, әлеуметтік және тіпті экономикалық сипаттағы орны толмас жоғалтуды тугызатын осындай қатерлі ахуалдың алдында ескерткіштер мен көрікті орындар мәселелері жөніндегі Халықаралық Кеңес «тарихи қалаларды қорғау құру жөніндегі Халықаралық хартияны» құру қажет деп тапты.

«Ескерткіштер мен көрікті орындарды консервациялау мен реставрациялау бойынша Халықаралық хартияны» толықтыра отыра (Венеция, 1964), осы жаңа мәтін жеке және қоғамдық өмірдің үйлесімділігіне өте қарапайым болса да, адамзатың жалдысын құрайтын мәдени мұраның бір бөлігін сақтауға ықпал ететін тарихи қалаларды сақтау үшін тән қағидаттар мен міндеттерді, қызметтің әдісі мен тәсілдерін анықтайды.

«Тарихи немесе дәстүрлі ансамбльдер және олардың қазіргі өмірдегі рөлі» (Варваша-Найроби, 1976) ЮНЕСКО ұсыныстарының мәтіндегідей және басқа халықаралық құжаттардағыдай осы мәтінде «тарихи қалаларды қорғау» ретінде оларды қорғау, консервациялау мен қалпына келтіру үшін, сондай-ақ олардың үздіксіз дамуы мен қазіргі өмірге үйлесімді бейімделуі үшін қажетті шаралар түсініледі.

#### **Қағидағтар мен мақсаттар**

1. Тарихи қалалар мен орамдарды қорғау тиімді болу үшін экономикалық және әлеуметтік даму саясатының бір бөлігі болуға және барлық деңгейде ауландық және қала құрылысы жоспарларының жобаларында ескерілуге тиіс.

2. Қорғауға жататын құндылықтар үлкен – бұл қаланың тарихи сипаты мен олардың бейнесін анықтайтын материалдық және көркемдік элементтердің жиынтығы, атап айтқанда:

а) учаскемен және көше торабымен анықталған қала жоспарының пішіндемесі;

ә) әртүрлі қалалық кеңістіктер: салынған учаскелер, бос және жасыл желектер отырғызылғандар арасындағы қарым-қатынас;

б) өзінің құрылымымен, көлемімен, машығымен, ауқымдылығымен, материалдармен, әшекейлік элементтермен анықталған имараттың нысаны мен түрі (ішкі және сыртқы);

в) қала мен табиғи немесе адам жасаған оның төңірегі арасындағы қарым-қатынас;

г) өзінің тарихи дамуының бойында алынған қаланың әртүрлі функциялары.

Осы құндылықтарға кез-келген залал тарихи қаланың шынайылығына қатер төндіреді.

3. Қаланың барлық тұрғындарының қатысуы мен тартылуы оның қорғау табысы үшін қажет. Ол кез-келген жағдайларда жүзеге асырылуға және барлық ұрпақтың осы істің маңыздылығын сезінуіне жәрдемдесуі қажет. Тарихи қалалар мен орамдарды қорғаудың, ең алдымен, оның мекендеушілеріне қатысты екендігін еш уақытта ұмытпаған жөн.

4. Тарихи орам мен қаланың құрылымына араласу кез-келген догматизмнен аулақтай отыра, әрбір жеке жағдайдағы ерекше мәселелерді ескере отыра, сақтықпен, әдістемен және дәл жүзеге асырылуға тиіс.

#### **Әдістер мен құралдар**

5. Тарихи қалалар мен орамдарды қорғауды жоспарлаудың алдында кешенді зерттеу жұмысы жүргізілуіне тиіс. Қорғау жоспары мәліметтерді, атап айтқанда: археологиялық, тарихи, сәулеттік, техникалық, әлеуметтік және экономикалық талдауды қамтуға, сондай-ақ заңды, әкімшілік және қаржылық тұрғыда қабылдау қажет басты бағыт пен іс-әрекет әдістерін нақты анықтауға тиіс. Қорғау жоспары тарихи орамдардың бүкіл қала ансамблімен үйлесімдік

қиысуына қол жеткізуді өзінің мақсаты етіп қоюға тиіс. Қорғау жоспарында айрықша қамқорлық жасайтын ғимарат немесе имараттар тобы, белгілі бір күйді консервациялауға арналған ғимарат және тек айрықша жағдайларда ғана бұзғуға жататын ғимараты анықталуға тиіс. Олардың жай-күйі қандай-да бір араласуға дейін құжаттарда қатаң көрсетілуге тиіс жоспар тұрғындардың келісімімен жүзеге асырылуы қажет.

6. Қорғау жоспарын бекіткен жағдайда, осы Хартия мен Венециялық Хартияның қағидағтары мен әдістерін сақтай отырып, ескерткіштерді консервациялау үшін шаралар қабылдануға тиіс.

7. Тарихи қалалар мен орамдарды сақтау ғимараттарды тұрақты күтіп-ұстауды көздейді.

8. Қазіргі қала талап ететін жаңа функциялар мен инфрақұрылым желісі тарихи қалалар ерекшелігіне бейімделуге тиіс.

9. Тұрғын ғимараттардың жай-күйін жақсарту қорғаудың басты мақсатының бірін құруға тиіс.

10. Құрылысқа өзгеріс енгізу немесе жаңа ғимарат салу қажеттігі жағдайында бұрыннан бар кеңістіктік ұйымдарды, ең алдымен, оның құрылымы мен көлемін сақтау міндетті, өйткені бұған бұрыннан бар құрылыстардың сапасы мен ансамблінің құндылығын міндеттейді. Ансамбль үйлесімділігін сақтау шартымен қазіргі сипаттағы элементтерді енгізу оның баюына ықпал ете алады.

11. Қала археологиясының зерттелуіне және тиісті таныстырылуына ықпал ете отыра, қалалық келбеттің жалпы ұйымдастырылуына зиян келтірмей, тарихи қалалардың өткенімен жақсы танысуға жәрдемдесу маңызды.

12. Көлік қозғалысы тарихи қалалардың немесе орамдардың ішінде нақты тәртіптелуге тиіс; тұрақтар алаңдары тарихи қаланың келбетін, оның төңірегін бұзбайтындай ретпен салынуға тиіс.

13. Аумақты көріктендіру үшін көзделген бас көлік жолдарының торабы тарихи қалалардың ішіне еңбеуге, тек осы қалаларға жақын көлік қозғалысын жақсартуға, сол арқылы оған барып-қайтуды жеңілдетуге тиіс.

14. Зілзалалар мен кез-келген зиянды әсерлерге қарсы ескерту шаралары (әсіресе ластанулар мен тербелістер) оның мұрасын сақтауды, сондай-ақ оның тұрғындарының қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында тарихи қалалардың игілігі үшін қабылдануға тиіс. Барлық апаттарды ескерту немесе жою үшін қолданылатын әдістер қорғалатын мұраның ерекшелік сипатына бейімделі қажет.

15. Тұрғындарды қорғау ісіне тартуды әртүрлі нысандар мен ауқымды ақпаратты пайдалана отыра, мектеп қабырғасынан бастаған абзал. Тарихи қалаларды қорғауға жәрдемдесетін ассоциациялар қызметі көтермеленуге тиіс. Ғимараттарды консервациялау мен қалпына келтіруді жеңілдету үшін қажет қаржылық сипаттағы шаралар қабылдануы қажет.

16. Қорғау ісі үшін онымен байланысты барлық кәсіпті қамтитын арнайы білім талап етіледі.

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	3
<b>1-бөлім. Ескерткіштерді қорғау заңнамасы және оны орындау механизмі</b> .....	4
1.1. Тарихи-мәдени құндылықтар құқықтық санаттар ретінде .....	6
1.2. Қылмыстық-құқықтық аспект .....	10
1.3. Жергілікті және құрылыс жұмыстары кезіндегі археологиялық нысандарды қорғау ережесі .....	12
<b>2-бөлім. Археологиялық ескерткіштердегі келісім шартты бекіту және оның орындалу шаралары</b> .....	17
2.1. Ескерткіштерді қорғауға байланысты шаралар .....	17
2.2. Қорғау келісім жұмысын жүргізу қажеттілігі және олардың түрі .....	19
2.3. Археологиялық жоба құжаттарының ерекшеліктері .....	24
<b>3-бөлім. Тарихи ортадағы зерттеу нысанының орыны. Ғылыми есепті дайындау</b> .....	30
3.1. Стратиграфия, әр қабатыдағы деректердің орналасуы .....	30
3.2. Нысанның әлеуметтік-топографиялық байланысы .....	32
3.3. Материалдарды есепке дайындау .....	35
<b>4-бөлім. Археологияның насихатталуы</b> .....	40
4.1. Мәдени саясаттың отандық және шетелдік тәжірибесі .....	40
4.2. Археологиялық ескерткіштердің музеефикация мәселесі .....	45
4.3. Насихат, өлкетану, туризм .....	52
4.4. Әлемдік археологияның даму тенденциясы .....	57
<b>Қорытынды</b> .....	61
<b>Әдебиеттер</b> .....	63
<b>1-қосымша.</b> Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-ХІІ Заңы .....	66
<b>2-қосымша.</b> «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану заңдылықтарын бұзудағы қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1993 ж., 23 қараша, №2493-ХІІ .....	84
<b>3-қосымша.</b> «Археологиялық мұраны қорғау туралы» Рекомендациялық Заң актісі. 17.02.1996., №7-16 .....	86

<b>4-қосымша.</b> Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 Қаулысы .....	89
<b>5-қосымша.</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 қаулысымен бекітілген «Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсат беру ережесі» .....	89
<b>6-қосымша 6.</b> «Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми- қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы № 495 Қаулысы .....	92
<b>7-қосымша.</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы № 495 қаулысымен бекітілген «Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау» ережесі .....	93
<b>8-қосымша.</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы № 495 қаулысымен бекітілген «Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары» .....	97
<b>9-қосымша.</b> Лицензия алуға толтырылатын құжат .....	99
<b>10 қосымша.</b> Қарулы қалпына келтірілуіне мәдени құндылықтарды қорғау туралы конвенция. 4 мамыр 1954 жыл. Гаага .....	100
<b>11 қосымша.</b> Археологиялық қазбаларды халықаралық Реттейтін қағидаттарды анықтайтын ұсыныстар (1956 жылы 5 желтоқсанда ЮНЕСКО қабылдаған) .....	103
<b>12 қосымша.</b> Археологиялық мұраны қорғау мен пайдалану жөніндегі хартия .....	111
<b>13 қосымша.</b> Ескерткіштер мен көрікті жерлерді консервациялау мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық ХАРТИЯ (Венеция, 1964) .....	116
<b>14 қосымша.</b> Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі КОНВЕНЦИЯ (1972 жылғы 16 қараша) .....	119
<b>15 қосымша.</b> Тарихи қалаларды қорғау жөніндегі халықаралық хартия .....	132

1680 TT.



Оқу басылымы

*Омаров Ғани Қалиханұлы*

**ПРАКТИКАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯ**

Оқу құралы

Екінші басылым

Редакторы *Самат Қалуов*  
Компьютерде беттеген *Тураш Сапарова*  
Мұқабасын көркемдеген *Ринат Скаков*

**ИБ №8004**

Басуға 18.02.2015 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 8,56 б.т.  
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 3234.  
Таралымы 70 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды

**Омаров Ғани Қалиханұлы** – археолог, тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті.

1989–1993 жылдары ҚазМУ-дің тарих факультетінде аға инженер, ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған. 1995–1998 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті археология және этнология кафедрасының аспирантурасында оқыған.

«Алтай – Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы)» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

Негізгі ғылыми-зерттеу саласы – Шығыс Қазақстанның ежелгі дәуір археологиясы. 1989 жылдан Тарбағатай теріскейі мен Алтайдың қола, ерте темір, түркі дәуірі ескерткіштерін зерттеумен айналысып келеді. Берел, Шыңғыстау, Шілікті, Ойжайлау, Қызылүйік т.б. археологиялық ескерткіштерін зерттеуге қатысқан.

Халықаралық конференцияларда баяндамалар жасаған. Қазақ-француз-итальян, Қазақстан-Ресей археологиялық бірлескен ғылыми экспедицияларының мүшесі болған. Сексеннен аса ғылыми мақаласы жарияланған, оқу-әдістемелік еңбектері, «Тарих» мамандығы бойынша 30-дан астам типтік бағдарламалары жарық көрген.

